

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Национальный Банк Республики Казахстан  
National Bank of Kazakhstan



Қазақстан Ұлттық Банкінің  
**ХАБАРШЫСЫ**

№12

2016 ЖЫЛҒЫ 1–31 ЖЕЛТОҚСАН

**«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»,**

**Редакциялық кеңестің құрамы:**

Редактордың міндетін атқарушы:

А.Л. Терентьев

редакциялық кеңестің мүшелері:

П.Е. Орлов

Ә.Қ. Мадиярова

Н.В. Сәрсенова

А.Е. Сәрсенбаева

*шығарылымға жауапты:*

*Н.Н. Шабанова*

*Тел.: 8 (727) 330-24-97*

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ

050040, Алматы қ.,

«Көктем-3» ы/а, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде  
1997ж. 24.02. № 432 тіркелген

1995 жылдан бастап шығарылады

## Редакциядан:

### **Құрметті оқырмандар!**

*Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздердің назарларыңызға 2016 жылғы 1 -31 желтоқсан аралығы кезеңіндегі «ҚҰБ Хабаршысы» журналының кезекті №12 шығарылымын ұсынып отыр.*

*«Басты оқиғалар» бөлімінде Сіздер 2016 жылдың алдын ала қорытындылары туралы, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу туралы және «Казинвестбанк» АҚ-ты банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге берілген лицензиядан айыру туралы танысасыздар.*

*Сондай-ақ, ағымдағы кезеңде Ұлттық Банк «Туған күніңмен», «Махаббат», «Қазақ вальсі» ескерткіш күміс монеталарын және нейзильбер қоспасынан «Петропавл» монеталарын айналысқа шығарды.*

*Сонымен бірге, Сіздер басылым беттерінде әдеттегідей Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпарат аласыздар.*

## МАЗМҰНЫ:

1. Басты оқиғалар.....	4-бет;
2. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 6 қаулысы.....	18-бет;
3. «Банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және микроқаржы ұйымдары жеке тұлғаларға беретін және өтеу кестесінің болуы көзделетін қарыздар мен микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемелерін, сондай-ақ осындай қарыздар (микрокредиттер) бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 8 қаулысы.....	20-бет;
4. «Банктік заем шартының міндетті талаптарының тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2011 жылғы 28 ақпандағы № 18 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 9 қаулысы.....	25-бет;
5. «Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 11 қаулысы.....	32-бет;
6. «Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану, қор биржасының сараптамалық комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау қағидаларын, сондай-ақ оның сандық құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 13 қаулысы.....	50-бет;
7. «Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 14 қаулысы.....	58-бет;
8. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 16 қаулысы.....	106-бет;
9. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 18 қаулысы.....	115-бет;
10. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен операцияларды жүргізуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 19 қаулысы.....	127-бет;
11. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің брокерлік қызметінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 22 қаулысы.....	133-бет;
12. «Delta Bank» акционерлік қоғамына жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу бөлігінде банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қазандағы № 245 қаулысы.....	245-бет.

## Басты оқиғалар

### «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

2016 жылғы 2 желтоқсан

Алматы қ.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бұдан әрі – Заң жобасы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы № 954 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №1378 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында көрсетілетін қызметтер саласын дамыту жөніндегі 2020 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылға арналған Заң жобалау жұмыстары жоспарының жобасын орындау шеңберінде әзірленді.

Заң жобасын әзірлеу мақсаты мыналар:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетілдіру және халықаралық тәжірибеге сәйкестендіру;
- қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың жеке тұлғалардың сақтандыру қызметтерін жеткізушілерге деген сенімін арттыруына ықпал ететін тиімді тетігін құру болып табылады.

Еліміздің экономикасы дамуының қазіргі кезеңі, оның әлемдік жүйеге кіруі, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі, сондай-ақ жаһандану процестері сақтандыру саласының алдына жаңа мақсаттар мен міндеттер қояды.

Көптеген факторлар, оның ішінде сақтандыру өнімдерін сатып алуға экономикалық ынталандырудың болмауы, сақтандыру компаниялары ұсынатын қызметтердің шектеулі болғаны, қолжетімді әрі сапалы сервистің болмауы, халық тарапынан сақтандыруға деген сенімнің болмауы Қазақстанда сақтандырудың жеткіліксіз дамуына себепші болды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының ерікті және міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру компанияларының қызметін регламенттейтін, сондай-ақ сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту жөніндегі заңнамалық актілерін кешенді қайта қарау талап етіледі.

Міндетті сақтандыру жүйесінде оның орнықты дамуына кедергі келтіретін қалыптасқан проблемаларды шешу талап етіледі, оның ішінде:

- халық үшін сақтандыру өнімдерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету және міндетті сақтандыру сыныптары бойынша тікелей сатылымдарды дамыту мақсатында сақтандыру агенттерін ерікті сақтандыру сыныптарына өтуге ынталандыра отырып, онлайн-сақтандыру тетігін енгізу;

- сақтандыру талаптарын заңмен емес, тараптардың келісуі бойынша тәуекелдердің бағалауы мен клиенттердің қажеттіліктерін ескере отырып, айқындауға мүмкіндік беретін міндетті сақтандыру жүйесін одан әрі дамыту;

- шетелге барған кезде оны қорғау мақсатында туристтің тәуекелдерін сақтандыру жүйесін қайта қарау;

- сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру агенттері қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету, оның ішінде сақтандыру агенті туралы мәліметтердің ашылуы және сақтандыру шартында комиссиялық сыйақының көрсетілуі.

Ерікті сақтандыру бойынша мынадай шараларды қабылдау қажет:

- өмірді жинақтаушы сақтандыру өнімдерін дамытуды ынталандыру және оларды дамыған елдердің тәжірибесінде қолданылатын салық салу жүйесі арқылы қолдау, бұл өз кезегінде өмірді жинақтаушы сақтандыру бойынша сақтанушылардың санын ұлғайтады және сол арқылы бюджетке салық түсімдерінің өсуін қамтамасыз етеді.

- салымшылардың мүдделерін ескере отырып, сақтандыру өнімдерін кеңейту арқылы зейнетақы аннуитеттік сақтандыруды одан әрі дамыту.

Сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту бойынша мыналар қажет:

- сақтандырудың міндетті және әлеуметтік маңызды сыныптары бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру тетігін жетілдіру;

- сақтандыру омбудсманның сақтандырудың барлық сыныптары бойынша сотқа дейінгі реттеу бойынша қызметінің салаларын кеңейту, бұл клиенттің сот органдарына жүгінбестен сақтандыру төлемдерін сотқа дейін реттеу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді;

- сақтандыру шарттары бойынша сақтандырушыларға, сақтанушыларға және мемлекеттік органдарға арналған дәйекті және толық ақпарат қамтылатын эталондық дерекқорын қалыптастыру;

- өзін-өзі реттейтін ұйым нысанында актуарийлердің кәсіби бірлестігін қалыптастыра отырып, актуарлық қызметті дамыту.

Заң жобасын қабылдау оң және әлеуметтік-экономикалық салдарға апарады, сақтандыру нарығын дамытуға ықпал етеді, сақтандыру ұйымдарының клиенттері тарапынан сенімнің артуына, сондай-ақ оның қатысушыларын құқықтық реттеудің тиімділігін арттыруға апарады.

Әлеуметтік салдар сақтандыру шарттарын жасаған кезде жеке және заңды тұлғалардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары қорғалуының неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ету, халық және бизнес үшін сақтандырудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, сақтандыру нарығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.



## 2016 жылдың алдын ала қорытындылары және қаржы нарығындағы ағымдағы ахуал

2016 жылғы 7 желтоқсан

Алматы қ.

### 1. Инфляция

2016 жылғы қарашада инфляция 1,2% (2015 жылғы қарашада – 3,7%) болды. Азық-түлік тауарлары 2,0%-ға (3,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 0,9%-ға (6,5%-ға), ақылы қызмет көрсету – 0,5%-ға (1,4%-ға) қымбаттады.


Азық-түлік тауарлары нарығында 2016 жылғы қарашада жұмыртқаның бағасы – 18,0%-ға, көкөністер – 9,0%-ға, нан – 2,3%-ға, кондитерлік өнімдер – 2,0%-ға, жемістер – 1,9%-ға, алкогольсіз сусындар – 1,8%-ға, сүт өнімдері – 1,7%-ға айтарлықтай өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар арасында дизель отынының бағасы 4,0%-ға, бензин – 2%-ға, галантереялық тауарлар – 2%-ға, тұрмыстық және тоқыма бұйымдар – 1,8%-ға, дәрі-дәрмектер – 1,3%-ға өсті.

Ақылы қызмет көрсету тобында амбулаторлық қызмет көрсету 1,3%-ға, көлік – 0,8%-ға, тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету – 0,6%-ға, оның ішінде ыстық судың тарифтері 2,8%-ға, орталық жылыту – 1,1%-ға қымбаттады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша 2016 жылғы 11 айда инфляция 7,5% (2015 жылғы 11 айда – 12,3%) болды. Бұл ретте азық-түлік тауарларының бағасы 7,8%-ға (9,6%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 8,6%-ға (21,3%-ға) өсті. Ақылы қызмет көрсету 11 айда 6,0%-ға (6,7%-ға) қымбаттады. (1-график).

### 2015 және 2016 жылғы 11 айдағы инфляция және оның негізгі топтары



### 2. Халықаралық резервтер (жедел деректер) және ақша агрегаттары

Алдын ала деректер бойынша 2016 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жалпы халықаралық резервтері 2016 жылғы қарашаның соңында 29,8 млрд. АҚШ долларын, таза халықаралық резервтер (Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоспағанда) 29,3 млрд. АҚШ долларын құрады.

2016 жылғы қарашада Ұлттық Банктің халықаралық резервтері 704,6 млн. АҚШ долларына немесе 2,3%-ға төмендеді. Шетел валютасындағы активтер 119,7 млн. АҚШ долларына азайды, ал алтындағы активтердің бағасы бір айда 6,8%-ға төмендеген кезде жүргізілген операциялар нәтижесінде алтындағы активтер 584,8 млн. АҚШ долларына қысқарды.

Ұлттық Банктің халықаралық резервтерінің азаюы банктермен жасалған валюталық-пайыздық своп операцияларын өтеу, Ұлттық қордың активтерін толықтыру бойынша және

Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялар жүргізу, сондай-ақ алтындағы активтерді қайта бағалау есебінен болды.

2016 жылғы 11 айда Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 29,8 млрд. АҚШ долларына дейін 7,0%-ға ұлғайды, Ұлттық қордың активтері 3,9%-ға төмендеп 61,0 млрд. АҚШ долларын құрады. Алдын ала деректер бойынша Ұлттық қордың активтерін қоса алғанда, жалпы елдің халықаралық резервтері 90,9 млрд. АҚШ долларына дейін 0,6%-ға азайды.

Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда, елдің жалпы халықаралық резервтері (жедел деректер бойынша 61,0 млрд. АҚШ доллары) 2016 жылғы қарашада 2,0%-ға төмендеп, 90,9 млрд. АҚШ долларын құрады.

Ақша базасы 2016 жылғы қарашада 4 671,1 млрд. теңге болды, оның бір айда кеңеюі 7,4% құрады (жыл басынан – 1,7%-ға тарылды).

2016 жылғы қазанда ақша массасы – 0,7%-ға (жыл басынан 12,3%-ға ұлғайды), айналыстағы қолма-қол ақша – 0,8%-ға (жыл басынан 27,2%-ға ұлғайды), банк жүйесіндегі депозиттер көлемі – 0,7%-ға (жыл басынан 11,2%-ға ұлғайды) ұлғайды. Ақша массасының құрылымындағы депозиттердің үлесі 2016 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда өзгермеді және 2016 жылғы қазанның соңында 91,9% (2015 жылғы желтоқсанда – 92,8%) құрады.

### **3. Ақша нарығы**

2016 жылғы қарашада, алдын ала деректер бойынша, автоматты РЕПО нарығындағы сауда-саттықтың көлемі, ақша нарығының негізгі бөлігі ретінде өткен аймен салыстырғанда 19,2%-ға азайып, 3 103,2 млрд. теңге болды. СВОП операциялары 1 648,4 млрд. теңгеге дейін 14,1%-ға ұлғайды.

Ақша нарығындағы мөлшерлеме 2016 жылғы 14 қарашада 12% деңгейге дейін төмендетілген базалық мөлшерлеме деңгейін ескере отырып қалыптастырылды. 2016 жылғы қарашада 1 күндік РЕПО операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме (TONIA индикаторы) жылдық 11,55% деңгейінде, 1 күндік своп операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 12,09% деңгейінде қалыптасты.

2016 жылғы 11 ай ішінде автоматты РЕПО нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі алдын ала деректер бойынша 2015 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2,5 есе өсті және 51,7 трлн. теңгені құрады. Своп нарығындағы жалпы сауда-саттық көлемі 22,5 трлн. теңге болды.

### **4. Валюта нарығы**

2016 жылғы қарашада теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 334,5 – 344,56 теңге аралығында өзгерді. Кезең соңында орташа алынған биржалық бағам бір ай ішінде 1,9%-ға (бір жыл үшін – 0,4%-ға) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 341,44 теңге болды.

Қазақстан қор биржасында KZT/USD валюталық жұбы бойынша биржалық операциялар көлемі 2016 жылғы қазанмен салыстырғанда 2016 жылғы қарашада 30,1%-ға ұлғайып, 2,8 млрд. АҚШ долларын құрады. Ұлттық Банктің валюталық сауда-саттықтарға нетто-қатысу көлемі 2016 жылғы қарашада, сол сияқты қазанда және қыркүйекте нөлге тең болды.

2016 жылғы 11 айда Қазақстан қор биржасында KZT/USD валюталық жұбы бойынша биржалық операциялар көлемі 2015 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 45,4%-ға төмендеп, 27,9 млрд. АҚШ долл. болды. Ұлттық Банктің валюталық сауда-саттықтарға нетто-қатысу көлемі 2016 жылғы 11 айда 2 869,9 млн. АҚШ долл. (қатысу үлесі – 10,2%) болды.

## **5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы**

2016 жылғы қарашада мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру бойынша аукциондар өткізілген жоқ. Қаржы министрлігінің айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі қарашаның соңында 5 445,3 млрд. теңгені құрады.

Қаржы министрлігі 2016 жылғы 11 айда 180,0 млрд. теңге сомаға мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырды, бұл 2015 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 57,1%-ға аз.

**Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқамерзімді ноттары.** Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 2016 жылғы қарашада 5 188,3 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте 7 күндік ноттарды орналастыру бойынша 4362,1 млрд. теңге (орташа алынған кірістілік – 12,90%) сомада 22 аукцион, 1 айлық ноттарды орналастыру бойынша 573,3 млрд. теңге (орташа алынған кірістілік – 12,83%) сомада 5 аукцион, 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 111,2 млрд. теңге (орташа алынған кірістілік – 11,79%) сомада 1 аукцион, 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 91,6 млрд. теңге (орташа алынған кірістілік – 11,73%) сомада 1 аукцион және 12 айлық ноттарды орналастыру бойынша 50,0 млрд. теңге (орташа алынған кірістілік – 11,38%) сомада 1 аукцион өткізілді.

2016 жылғы қарашаның соңында айналыстағы ноттар көлемі 2015 жылғы қарашаның соңымен салыстырғанда 8,2 есе ұлғайып, 2 401,37 млрд. теңгені құрады.

Ұлттық Банктің қысқамерзімді ноттары эмиссияларының көлемі 2016 жылғы 11 айда 36 393,2 млрд. теңге болды, бұл 2015 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 62,4 есе көп.

## **6. Депозит нарығы**

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің жалпы көлемі 2016 жылғы қазанда 0,7%-ға өсті. Заңды тұлғалардың депозиттері аздап төмендеді және 10 423,6 млрд. теңге (жыл басынан бері өсім 13,6%) болды, жеке тұлғалардың депозиттері 7330,5 млрд. теңгеге дейін 1,8%-ға өсті (жыл басынан бері 7,9%-ға өсті).

Бір айда ұлттық валютадағы депозиттер 6,8%-ға 7857,8 млрд. теңгеге дейін (заңды тұлғалардыкі – 6,7%-ға, жеке тұлғалардыкі – 7,1%-ға өсті) өсті, шетел валютасындағы – 3,6%-ға 9896,3 млрд. теңгеге дейін (заңды тұлғалардыкі – 1,3%-ға, жеке тұлғалардыкі – 0,9%-ға) төмендеді. Теңгемен депозиттердің үлес салмағы бір айда 41,7%-дан 44,3%-ға дейін ұлғайды. Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттерінің үлесі бір айда 33,4%-дан 35,1%-ға дейін өсті.

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің жалпы көлемі 2016 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 2016 жылдың басынан бастап 11,2%-ға ұлғайып, 17 754,1 млрд. теңге болды.

Ұлттық валютамен депозиттер 2016 жылдың басынан бастап 7 857,8 млрд. теңге дейін 58,7%-ға ұлғайды, шетел валютасымен – 9 896,3 млрд. теңгеге дейін 10,2%-ға төмендеді. Теңгемен депозиттердің үлес салмағы 2016 жылғы қазанның соңында 44,3% болды.

Халықтың банктердегі салымдары (бейрезиденттерді қоса алғанда) 2016 жылдың басынан бастап 7 390,7 млрд. теңгеге дейін 7,4%-ға ұлғайды.

2016 жылғы қазанда банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,8% (2015 жылғы желтоқсанда – 20,1%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 12,2% (8,5%) деңгейінде қалыптасты.

## **7. 2016 жылғы қазандағы кредит нарығы**

Банктердің экономиканы кредиттеуінің көлемі 2016 жылғы қазанда 0,7%-ға артты және 12 770,0 млрд. теңгені құрады. Ұлттық валютамен кредиттер көлемі 8 543,9 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға ұлғайды, шетел валютасымен 4 226,2 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға төмендеді. Теңгемен кредиттердің үлес салмағы бір айда 66,4%-дан 66,9%-ға дейін ұлғайды.



2016 жылғы қазанның соңында ұзақмерзімді кредиттер көлемі 10 535,3 млрд. теңгеге дейін 0,6%-ға ұлғайды, қысқамерзімді – 2 234,7 млрд. теңгеге дейін 0,8%-ға ұлғайды. 2016 жылғы қазанда ұзақмерзімді кредиттердің үлес салмағы 2015 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда төмендеді және 82,5%-ды құрады (2015 жылғы желтоқсанда - 83,0%).

Заңды тұлғаларға кредиттер көлемі 2016 жылғы қазанда 8 718,6 млрд. теңгеге дейін 1,1%-ға артты, жеке тұлғаларға 4 051,5 млрд. теңгеге дейін 0,3%-ға төмендеді. 2016 жылғы қазанда жеке тұлғаларға кредиттердің үлес салмағы 2015 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 32,9%-дан 31,7%-ға дейін төмендеді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2016 жылғы қазанда 2 898,2 млрд. теңгеге дейін 3,6%-ға артты (жыл басынан 40,7%-ға), бұл экономикаға кредиттердің жалпы көлемінен 22,7% құрайды (2015 жылғы желтоқсанда - 16,3%).

Салалар бойынша банктердің экономикаға кредиттерінің барынша айтарлықтай сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 21,3%), өнеркәсіп (13,7%), құрылыс (8,0%), ауыл шаруашылығы (5,4%) және көлік (4,2%) сияқты салаларға тиесілі.

2016 жылғы қазанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 15,8% (2015 жылғы желтоқсанда – 16,0%), жеке тұлғаларға 19,2% (17,3%) болды.

**«Туған күніңмен», «Махаббат» ескерткіш күміс монеталарын  
және нейзильбер қоспасынан «Петропавл» монеталарын  
айналысқа шығару туралы**

2016 жылғы 20 желтоқсан

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2016 жылғы 20 желтоқсанда «proof» сапасымен «Монета – сыйлық» монеталар сериясынан номиналы 100 теңгелік «Туған күніңмен», «Жүректен жүрекке» монеталар сериясынан номиналы 500 теңгелік «Махаббат» ескерткіш күміс монеталарын және нейзильбер қоспасынан «Қазақстанның қалалары» монеталар сериясынан номиналы 50 теңгелік «Петропавл» ескерткіш монеталарын айналысқа шығарады.



**«Туған күніңмен» монетасының сипаттамасы**

«Туған күніңмен» монетасы «Монета – сыйлық» монеталар сериясын жалғастыратын тік бұрышты үшінші монета болып табылады. Монета реверсіне тампографиялық мөрді қолдана отырып дайындалған. Әрбір монетаға міндетті түрде қоса берілетін сапа сертификатында жазбаша, атаулы құттықтауға арналған бірнеше бос жол көзделген.

Монетаның пішіні тік бұрышты. Монетаның бет жағында (аверсінде) сүргіш таңбасының қоршауындағы стильдендірілген гүл бейнеленген, оның үстінде айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» және ағылшын тілінде «NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN» деген жазу бар. Гүлдің ортасында Қазақстан Республикасының елтаңбасы орналасқан. Оң жағында өрнектелген розетка, монетаның номиналын білдіретін «100 ТЕНГЕ» деген жазба, соғылған жылын білдіретін «2016» деген сан және монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 31,1 g» деген жазу бар. Сол жағында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің логотипі орналасқан.

Монетаның реверсінде ортасында сары гелиантустардан тұратын гүл шоғы түріндегі композиция бейнеленген. Монетаның жоғарғы бөлігінде мемлекеттік тілдегі «ТУҒАН КҮНІҢМЕН!», төменгі бөлігінде орыс тіліндегі «С ДНЕМ РОЖДЕНИЯ!» деген жазба бар. Түсі тампомөр технологиясы арқылы орындалған.

Монеталардың бет және сырт жақтарындағы бейнелер мен жазбалар бедерленген.

Қыры (гурты) тегіс, бедері мен жазуы жоқ.

Монеталар 925 сынамды күмістен жасалған, массасы –  $31,1 \pm 0,31$  грамм, тік бұрышы  $45 \times 30$  мм, дайындау сапасы – «proof», ең көп таралымы – 5 мың дана.

#### **«Махаббат» монетасының сипаттамасы**

«Махаббат» монетасы монеталарда адамзатқа ортақ құндылықтарды көрсетуге және оларды адамнан адамға, жүректен жүрекке өзіндік бағдар ретінде жеткізуге арналған серияның екінші монетасы.

Монетаның бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде ішіне ою-өрнек салынған жүректің стильдендірілген бейнесі, монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген жазба, монета дайындалған металды, оның сынамы мен массасын білдіретін «Ag 925 31,1 g» деген жазба және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің логотипі орналасқан. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оның үстінде мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» және ағылшын тілінде «NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN» деген жазу бар.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлікте екі ғашықтың алтынлатылған бейнесі, мемлекеттік тілде «МАХАББАТ», орыс тілінде «ЛЮБОВЬ» деген жазба және соғылған жылын білдіретін «2016» деген сан орналасқан. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, онда мемлекеттік тілде «ЖҮРЕКТЕН ЖҮРЕККЕ», орыс тілінде «ОТ СЕРДЦА К СЕРДЦУ» және ағылшын тілінде «FROM HEART TO HEART» деп жазылған.

Монеталардың бет және сырт жақтарындағы бейнелер мен жазбалар бедерленген.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы –  $31,1 \pm 0,31$  грамм, диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – «proof», ең көп таралымы – 3 мың дана.

#### **«Петропавл» монетасының сипаттамасы**

Монетаның бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50 ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Жоғарғы бөлігінде ою-өрнекті сегіз бұрышты розетка, төменгі бөлігінде – ұлттық ою-өрнек элементі. Номиналдың оң жағында «ҚҰБ» деген аббревиатура орналасқан. Айналдыра шығыңқы жиек.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Петропавл қаласының гербі бейнеленген. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2016» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген.

Монеталардың бет және сырт жақтарындағы бейнелер мен жазбалар бедерленген.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монеталар «нейзильбер» қоспасынан жасалған, диаметрі – 23 мм, массасы – 4,71 грамм, таралымы – 50 мың дана.

Номиналы 50 теңгелік, 100 теңгелік және 500 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Ескерткіш монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Нейзильбер қоспасынан жасалған монеталардың бір мың данасы жақсартылған сапамен дайындалған және сату үшін арнайы пластикалық термовакуумды орауға салынған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, сондай-ақ ҚР ҰБ-ның [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) сайтындағы Интернет-дүкен арқылы да сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны +7(727) 273-83-98.

**«Қазинвестбанк» АҚ-ты банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге берілген лицензиядан айыру туралы**

2016 жылғы 27 желтоқсан

Алматы қ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 291 қаулысына сәйкес «Қазинвестбанк» АҚ-ты (бұдан әрі – Банк) Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 48-бабы 1-тармағының в) тармақшасында көзделген негіздер бойынша, төлем және аударым операциялары бойынша шарттық міндеттемелерді үнемі (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) тиісінше орындамағаны үшін Банкке Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге берген 2008 жылғы 21 наурыздағы № 221 лицензиядан 2016 жылғы 27 желтоқсаннан бастап айыру туралы шешім қабылданды.

Банк секторының жиынтық активтері мен міндеттемелеріндегі Банктің активтері мен міндеттемелері үлесінің төмен болуына байланысты (0,7%) Банкті лицензиядан айыру басқа қаржы ұйымдары үшін тәуекелдерге әкелмейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасы орынбасарының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 468 бұйрығымен уақытша әкімшілік тағайындалды, оған Банкті басқарудың барлық органдарының өкілеттіктері өтті. Уақытша әкімшілік сот тарату комиссиясын тағайындағанға дейін жұмыс істейтін болады.

2016 жылғы 27 желтоқсаннан бастап уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шығыстарға, Банкке келіп түсетін ақшаны есептеуге байланысты жағдайларды қоспағанда, клиенттердің және Банктің банк шоттары бойынша барлық операциялар тоқтатылды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі заңнамада белгіленген тәртіппен Банктің қызметін мәжбүрлеп тоқтату (тарату) туралы сотқа өтініш жасайды.

Сот Банкті мәжбүрлеп тарату туралы іс қозғаған күннен бастап банкті ұстап тұруға ағымдағы шығыстарға байланысты талаптарды қоспағанда, кредиторлардың Банкке талаптары тек тарату өндірісінде ғана ұсынылуы мүмкін.

Банк жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады, осыған орай депозиторларға белгіленген тәртіппен кепілдік өтемі төленетін болады.

Барлық қызығушылық танытқан сұрақтар бойынша +7(727) 330 00 77 «жедел желі» телефоны бойынша, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасына +7(727) 278 80 84 телефоны бойынша және ҚР Ұлттық Банкінің Банктерді қадағалау департаментіне +7(727) 2704893 телефоны бойынша өтініш жасауға болады.

## «Қазақ вальсі» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы

2016 жылғы 27 желтоқсан

Алматы қ.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 2016 жылғы 27 желтоқсанда «proof» сапасымен «Қазақстанның бейнелеу өнері» монеталар сериясынан номиналы 500 теңгелік «Қазақ вальсі» ескерткіш күміс монеталарын айналысқа шығарады.



Монетаның пішіні тік бұрышты.

Монетаның аверсінде орталық бөлігінде ою-өрнек аясында мемлекеттік тілдегі «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және орыс тіліндегі «РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН» деген жазбаның қоршауында Қазақстан Республикасының елтаңбасы орналасқан.

Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕНГЕ» деген жазба, соғылған жылын білдіретін «2016» деген сан және монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 31,1 g» деген жазу бар. Жоғары бөлігінде мемлекеттік тілде «Г. ЫСМАЙЫЛОВА», «ҚАЗАҚ ВАЛЬСІ» деген жазба және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің логотипі орналасқан.

Монетаның реверсінде қазақтың әйгілі бишісі, Қазақ КСР Халық әртісі Шара Жиенқұлованың билеп тұрған сәті көрсетілген суретші Гүлфайрус Ысмайылованың «Қазақ вальсі» картинасы (Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер мұражайы) бейнеленген. Түсі тампомөр технологиясы арқылы орындалған.

Қыры (гурты) тегіс, бедері мен жазуы жоқ.

Монеталар 925 сынамды күмістен жасалған, массасы –  $31,1 \pm 0,31$  грамм, тік бұрышы 35x45 мм, дайындау сапасы – «proof», ең көп таралымы – 3 мың дана.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.



«Proof» сапасымен жасалған монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, сондай-ақ ҚРҰБ-ның [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) сайтының «Монеталардың Интернет-дүкені» интернет – дүкені арқылы сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**  
**БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қаңтар

№ 6

**Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілік жасау саласындағы реттеу мен бақылау мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚР Әділетминінде 2016 жылғы 9 наурызда № 13415 тіркелген  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2016 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 6 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепті жүргізу және  
қаржылық есептілікті жасау саласындағы реттеу мен бақылау  
мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің  
тізбесі**

1. «Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 тіркелген, 2008 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында № 12 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары (бұдан әрі - Шоттар жоспары) «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - жинақтаушы зейнетақы қорлары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, өзара сақтандыру қоғамдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының және микроқаржы ұйымдарының (бұдан әрі - ұйымдар) қаржылық есептілік элементтерін топтастыру және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық көрсеткішпен ағымдағы көрсетуге арналған.»

2. «Арнайы қаржы компанияларының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы № 100 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5434 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Арнайы қаржы компанияларының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Нұсқаулықта «Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» 2006 жылғы 20 ақпандағы, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңдарында, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.»

3. «Исламдық арнайы қаржы компанияларының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Басқармасының 2009 жылғы 20 наурыздағы № 25 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5635 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Исламдық арнайы қаржы компанияларының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Нұсқаулықта «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңдарында, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.».

4. «Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7121 тіркелген, 2011 жылғы 4 қазанда «Заң газеті» газетінде № 143 (1959) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Нұсқаулық бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - жинақтаушы зейнетақы қорлары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының, сақтандыру брокерлерінің, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының, арнайы қаржы компанияларының және микроқаржы ұйымдарының (бұдан әрі - ұйым) меншікті ақшаны салымдарға, заемдарға, бағалы қағаздарға, туынды құралдарға, тазартылған қымбат металдарға, шетел валютасына орналастыру операцияларының, хеджирлеу операцияларының, сондай-ақ РЕПО және кері РЕПО операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізуді нақтылайды.».

5. «Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 270 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7978 тіркелген, 2012 жылғы 12 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 818-823 (27894) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және қаржы ұйымдары, арнайы қаржы компаниялары, исламдық арнайы қаржы компаниялары, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы жүзеге асыратын операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізуді ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. Осы Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы (бұдан әрі - Бухгалтерлік есеп туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және жауапкершілігі шектеулі серіктестік түрінде құрылған ұйымдарды қоспағанда, қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының және «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - ұйымдар) бухгалтерлік есебін жүргізуді ұйымдастыру тәртібін белгілейді.».

6. «Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 272 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7982 тіркелген, 2012 жылғы 12 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 818-823 (27894) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және микроқаржы ұйымдарының (бұдан әрі - ұйым) бухгалтерлік есепті жүргізуін автоматтандыру тәртібін айқындайды.».

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

### БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қаңтар

№ 8

***Банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және микроқаржы ұйымдары жеке тұлғаларға беретін және өтеу кестесінің болуы көзделетін қарыздар мен микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемелерін, сондай-ақ осындай қарыздар (микрокредиттер) бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базаларды бекіту туралы***

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы және «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және микроқаржы ұйымдары жеке тұлғаларға беретін және өтеу кестесінің болуы көзделетін қарыздар мен микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемелері, сондай-ақ осындай қарыздар (микрокредиттер) бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базалар бекітілсін.

2. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті (Терентьев А.Л.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Осы қаулы 2016 жылғы 1 шілдеден бастап жасалған шарттарға қолданылады.



**Банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және микроқаржы ұйымдары жеке тұлғаларға беретін және өтеу кестесінің болуы көзделетін қарыздар мен микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемелері, сондай-ақ осындай қарыздар (микрокредиттер) бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базалар**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және микроқаржы ұйымдары жеке тұлғаларға беретін және өтеу кестесінің болуы көзделетін қарыздар мен микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемелері, сондай-ақ осындай қарыздар (микрокредиттер) бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базалар (бұдан әрі - Әдістемелер) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы және «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және микроқаржы ұйымдары жеке тұлғаларға беретін және өтеу кестесінің болуы көзделетін қарыздар мен микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемелерін, сондай-ақ осындай қарыздар (микрокредиттер) бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базаларды айқындайды.

2. Әдістемелер берешекті өтеу кестелерінің жобаларын сараланған және аннуитеттік төлемдер әдістерімен есептеуде қолданылады.

3. Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, микроқаржы ұйымы банктік қарыз шартын (микрокредит беру туралы шартты) жасағанға дейін жеке тұлғаға (бұдан әрі - қарыз алушы) қарызды (микрокредитті) өтеу әдісін таңдау үшін сараланған және аннуитеттік төлемдер әдістерімен есептелген қарызды (микрокредитті) өтеу кестелерінің жобаларын береді.

**2. Тұрақты төлемдерді аннуитеттік төлемдер әдісімен есептеу әдістемесі**

4. Тұрақты (ай сайынғы) аннуитеттік төлем мөлшерін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады (есептеу нәтижесі үтірден кейін екі таңбаға дейін дөңгелектенеді):

$$P = S * \frac{i/12}{1-(1+i/12)^{-n}},$$

мұнда:

P - тұрақты (ай сайынғы) аннуитеттік төлем мөлшері;

i - қарыз (микрокредит) бойынша жылдық сыйақы мөлшерлемесі;

S - қарыз (микрокредит) бойынша негізгі борыш қалдығы;

n - өтеулер саны.

Әдістемелердің 9-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген уақытша базаларды пайдаланған кезде тұрақты (ай сайынғы) аннуитеттік төлемді есептеу формуласы пайыздар есептеу кезеңінде күндер санын есепке алу бөлігінде түзетілуге жатады.

5. Негізгі борыш бойынша төлемді есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады (есептеу нәтижесі үтірден кейін екі таңбаға дейін дөңгелектенеді):

$$S1=P-I,$$

мұнда:

S1 - тұрақты (ай сайынғы) аннуитеттік төлемдегі негізгі борыштың үлесі;

P - тұрақты (ай сайынғы) аннуитеттік төлемнің мөлшері;

I - сыйақы сомасы.

6. Қарыз (микрокредит) бойынша берешекті өтеу кестесінде бірінші және соңғы төлемдердің мөлшерлері тұрақты (ай сайынғы) аннуитеттік төлемдерден ерекшеленуі мүмкін.

### **3. Тұрақты төлемдерді сараланған төлемдер әдісімен есептеу әдістемесі**

7. Негізгі борыш бойынша төлемді есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады (есептеу нәтижесі үтірден кейін екі таңбаға дейін дөңгелектенеді):

$$S1 = \frac{S}{n},$$

мұнда:

S1 - тұрақты сараланған төлемдегі негізгі борыштың үлесі;

S - қарыз (микрокредит) сомасы;

n - өтеулер саны.

8. Тұрақты сараланған төлемнің мөлшерін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады (есептеу нәтижесі үтірден кейін екі таңбаға дейін дөңгелектенеді):

$$P=S1 + I,$$

мұнда:

P - тұрақты сараланған төлемнің мөлшері;

S1 - тұрақты сараланған төлемдегі негізгі борыштың үлесі;

I - сыйақы сомасы.

### **4. Қарыз (микрокредит) бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базалар және сыйақыны есептеу тәртібі**

9. Әдістемелердің 13-тармағында көзделген қарыз (микрокредит) бойынша сыйақы есептеу кезінде банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен микроқаржы ұйымдары мынадай уақытша базаларды қолданады:

1) жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына нақты күндердің саны;

2) жылына 365 (үш жүз алпыс бес) немесе 366 (үш жүз алпыс алты) күн және айына нақты күндердің саны;

3) жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн.

10. Сыйақы есептеу пайыздарды есептеудің қарапайым әдісімен жүргізіледі. Пайыздар есептеудің қарапайым әдісі деп қарыз (микрокредит) бойынша берешек қалдығына ғана пайыздар есептеуді түсіну керек.

11. Қарызды (микрокредитті) мерзімінен бұрын өтеген кезде қарызды (микрокредитті) пайдаланған күндердің нақты саны үшін сыйақыны есептеу жүргізіледі.

12. Сыйақы есептеу мақсаты үшін қарызды (микрокредитті) беру күні және қарызды (микрокредитті) қайтару бойынша міндеттемені толығымен орындау күні бір күн ретінде алынады.

13. Қарыз (микрокредит) бойынша сыйақыны есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады (есептеудің нәтижесі үтірден кейін екі таңбаға дейін дөңгелектенеді):

$$I=S*\frac{i*n}{360/365/366},$$

мұнда:

I - сыйақы сомасы;

S - қарыз (микрокредит) бойынша негізгі борыштың қалдығы;

i - қарыз (микрокредит) бойынша сыйақының жылдық мөлшерлемесі;

n - пайыздар есептелетін кезеңдегі күннің саны.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

### БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қаңтар 2016 года

№ 9

***Банктік заем шартының міндетті талаптарының тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2011 жылғы 28 ақпандағы № 18 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы***

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Банктік заем шартының міндетті талаптарының тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2011 жылғы 28 ақпандағы № 18 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6877 тіркелген, 2011 жылғы 31 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде № 226-227 (26625) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктік заем шартының міндетті талаптарының тізбесін айқындау және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

3-тармақта:

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) 1 (бір) айдан аспайтын мерзімге берілген қарызды, кредиттік желі шеңберінде төлем карточкасы бойынша берілген қарызды, овердрафт кредитін, сондай-ақ оның шеңберінде қарыз алу үшін қарыз беру туралы шарт (шарттар) жасау немесе қарыз алушы өтініш (өтініштер) беру қажет болатын кредиттік желіні ұсыну (ашу) туралы келісімді қоспағанда, бизнес-жоспарға немесе қарыздың техника-экономикалық негіздемесіне және (немесе) қарыз алушы берген өтінішке сәйкес келетін банктік қарыздың (бұдан әрі - қарыз) мақсаты.

Осы қаулының мақсаттары үшін кредиттік желіні ұсыну (ашу) туралы келісім ретінде қарыз алушыға кредиттік желіні ұсыну (ашу) туралы келісімнің ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылатын шартта (шарттарда) немесе өтініште (өтініштерде) өзі кредиттің сомасын және алу уақытын, бірақ кредиттеудің осындай нысаны үшін банктің ішкі кредиттік саясаты туралы қағидаларында және кредиттік желіні ұсыну (ашу) туралы келісімде айқындалған сома және уақыт шеңберінде анықтауға мүмкіндік беретін талаптармен жасалған банктік қарыз шартының түрі түсініледі;

3) қарыз сомасы мен валютасы;»;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуға тиісті комиссиялардың және басқа да төлемдердің толық тізбесі, сондай-ақ олардың мөлшерлері;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қарыз алушының құқықтары мынадай мүмкіндіктерді көздейтін талаптардан тұрады:

1) қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын және басқа айыппұл санкцияларын төлемей, қарыз берілген күннен бастап банк есептеген сыйақыны төлей отырып, қарызды қайтару шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес қарыз алған жеке тұлғаның;

2) негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын және басқа айыппұл санкцияларын төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеуді жүргізеді;

3) өтініш бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, ақысыз, айына кем дегенде 1 (бір) рет шарт бойынша борышты өтеу есебіне түсетін кезекті ақшаны бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа да төлеуге тиісті сомаларға) туралы ақпаратты жазбаша нысанда алу;

4) шарт бойынша берілген ақшаны ішінара немесе толық мерзімінен бұрын банкке қайтару туралы өтініш бойынша ақысыз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және басқа да төлеуге тиісті сомаларға бөлінген, мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып қайтарылуға тиісті соманың мөлшері туралы мәліметті жазбаша нысанда алу;

5) 1 (бір) жылға дейін мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 6 (алты) ай өткен соң, бір жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жыл өткен соң тұрақсыздық айыбын және басқа айыппұл санкцияларының түрлерін төлемей, қарызды ішінара немесе толық көлемде мерзімінен бұрын өтеу;

6) қарыз алушы үшін шарт талаптарының жақсару жағына қарай оларды өзгерту туралы хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде банк ұсынған жақсартатын талаптардан шартта көзделген тәртіпте бас тартуға;

7) алатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде банкке жазбаша өтініш жасау және жауап алу.»;

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Банктер туралы заңның 34-бабының 3-тармағында көзделген, сондай-ақ шартта белгіленген жағдайларда шарттың талаптарын қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту;»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Банктің міндеттері талаптарды көздейтін мынадай талаптардан тұрады:

1) шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын немесе басқа айыппұл санкцияларының түрлерін ұстамай, қарыз берілген күннен бастап есептелген сыйақыны ұстай отырып, осы қаулының 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген қарызды қабылдау;

2) қарыз алушының өтініші бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, ақысыз, айына кем дегенде 1 (бір) рет шарт бойынша борышты өтеу есебіне түсетін кезекті ақшаны бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа да төлеуге тиісті сомаларға) туралы ақпаратты жазбаша нысанда беру;

3) берілген ақшаны ішінара немесе толық мерзімінен бұрын банкке қайтару туралы қарыз алушының өтініші бойынша ақысыз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және басқа да төлеуге тиісті сомаларға бөлінген, мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып қайтарылуға тиісті соманың мөлшері туралы оны хабардар ету;

4) қарыз алушыны шарт талаптарының жақсару жағына қарай оларды өзгерту туралы шартта көзделген тәртіпте хабардар ету;

5) шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктіру басталған кезде қарыз алушыны шартта көзделген тәсілмен және мерзімде, бірақ міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктіру басталған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей, шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі және қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы хабардар ету. Тараптардың келісімі бойынша шарт бойынша кезекті төлемдер туралы хабардар ету мерзімі мен тәсілдері шартта қарастырылады.

6) «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде қарыз алушының жазбаша өтінішін қарау және оған жазбаша жауап дайындау;

7) шарт бойынша (талап ету) құқығын үшінші тұлғаларға беру кезінде (егер беру құқығы шартта көзделген болса) берілген талап ету құқығының толық көлемде, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа да төленуге тиісті сомаларға бөле отырып, ағымдағы және мерзімі өткен берешектің қалдығын, сондай-ақ, банкке немесе талап ету құқығы берілген тұлғаға қарызды өтеу бойынша одан кейінгі төлемдер белгілеу тәртібін көрсете отырып, бұл жөнінде борышкерді (оның уәкілетті өкілін) 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабардар ету.»;

7-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қарыз алушы - жеке тұлғамен шарт жасасу күніне белгіленген қарызға қызмет көрсету бойынша комиссиялар мен өзге де төлемдердің мөлшерлерін және есептеу тәртібін бір жақты тәртіппен ұлғайту жағына өзгерту;»;

5) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Жалпы бөлім) (бұдан әрі - Кодекс) және 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім) көзделген жағдайларда, сондай-ақ шартта көзделген мынадай жағдайларда банкте міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығының туындауы;»;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 6 (алты) айға дейін, 1 (бір) жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылға дейін негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара мерзімінен бұрын өтеу немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, қарыздарды мерзімінен өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін өндіріп алу;»;

8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жеке тұлғамен шартты жасасқанға дейін банк Банктер туралы заңның 39-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген іс-шараларды жүзеге асырады. Бұл ретте банк оның ішкі қағидаларына сәйкес сараланған және аннуитеттік төлемдер әдістерімен банктік қарызды өтеу кестелерінің жобаларын есептеу кезінде қолданылатын кезеңділікпен есептелген қарызды өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынуы мүмкін.

9. Шартқа тараптардың қолдары қойылған қарызды өтеу кестесі қоса беріледі, онда:

шарттың нөмірі мен жасалған күні;

қарыз сомасы мен валютасы;



өтеу күндері және негізгі борышты, сыйақыны өтеу сомасы және олардың жиынтық мәні көрсетілген кезекті төлемдердің мөлшерлері;

келесі өтеу күніндегі негізгі борыштың қалдықтары;

төленуі тиіс негізгі борыш пен сыйақының жалпы жиынтық сомасы және олардың жиынтық мәні;

қарызды өтеу кестесі жасалған күн көрсетіледі.

Сыйақы мөлшерлемесі өзгермелі шарт бойынша қарызды өтеу кестесі оның берілу күніне жасалады және одан кейін кезекті төлемдердің мөлшерлері түзетіледі және шартта белгіленген тәртіппен қарыз алушыға (тең қарыз алушыға) жіберіледі.

Егер қарыз алушы (тең қарыз алушы) жеке тұлға болып табылса, қарызды беру күніне жасалған қарызды өтеу кестесінде сондай-ақ қарыз алушының (тең қарыз алушының) таңдаған әдісі туралы белгісі бар банк ұсынған өтеу әдістерінің тізбесі болады.

Қарызды өтеу кестесінен басқа қарыз алушы - жеке тұлғамен жасалатын шартқа осы қаулының қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы - жеке тұлғаға арналған қол қойылған және банктің мөрі (ол болған кезде) басылған жадынама қоса беріледі.

Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын қарыз талаптары өзгертілген кезде банк жаңа талаптарды ескере отырып банктік қарыз шарты бойынша жаңа қарызды өтеу кестесін және қарыз алушы - жеке тұлға үшін жадынаманы жасайды және береді.

Қарыз алушының өтініші негізінде кредиттік желі шеңберінде қарыздың кезекті бөлігін беру кезінде қарыз алушыға қарызды өтеу кестесі және осы тармақтың талаптарына сәйкес осы қаулыға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы - жеке тұлға үшін жадынама беріледі.

8-тармақтың және осы тармақтың талаптары 1 (бір) айдан аспайтын мерзімге берілген қарызға, кредиттік желі шеңберінде төлем карточкасы бойынша берілген қарызға, овердрафт кредитіне, сондай-ақ оның шеңберінде қарыз алу үшін қарыз беру туралы шарт (шарттар) жасасу немесе қарыз алушы өтініш (өтініштер) беру қажет болатын кредиттік желіні ұсыну (ашу) туралы келісімге қолданылмайды.

10. Шарт банк пен қарыз алушының арасында жазбаша нысанда қажет болған жағдайда басқа тілдердегі аудармасын қоса берумен, қазақ және орыс тілдерінде, ал шетелдік тұлғалармен шарт жасасқан жағдайда - қазақ тілінде және тараптарға қолайлы тілде жасалады.

Кодекстің 388-бабының талабына сәйкес баспада жарияланатын шарттың үлгі талаптарын қоспағанда, шарттың мәтіні А4 форматты парақтарда, «Times New Roman» шрифтінің мөлшері 12-ден кем емес, әдеттегі әріпаралық, бір жоларалық интервалмен және абзац шегінісін қолдана отырып теріледі.

Осы қаулының 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында және 2-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген талаптар шарттың бірінші бетінен бастап көрсетілген жүйелілікпен көрсетіледі.

Кредиттік желі ұсыну (ашу) туралы келісімді, сондай-ақ оның шеңберінде шартты (шарттарды) жасау немесе қарыз алушының кредиттік желі ұсыну (ашу) туралы келісімнің ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылатын және соның (солардың) негізінде кезекті қарызды беру жүзеге асырылатын өтінішті (өтініштерді) беруі арқылы кредиттік желі ұсыну кезінде:

кредиттік желі ұсыну (ашу) туралы келісімде кредиттік желінің жалпы сомасы мен жалпы мерзімі көрсетіледі;

осы қаулының 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 9), 12) және 16) тармақшаларында көзделген талаптар шартта немесе өтініште көрсетілген жүйелілікпен көрсетіледі;

осы қаулының 2, 4, 4-1, 5, 6 және 7-тармақтарында, 3-тармағының 8), 10), 11), 13), 14), 15), 17), 18) және 19) тармақшаларында көзделген талаптар кредиттік желі ұсыну (ашу) туралы келісімде көрсетілген жағдайда, оларды шартта қосымша көрсету талап етілмейді.»;  
мынадай мазмұндағы 10-2-тармақпен толықтырылсын:

«10-2. Тараптар Кодекстің 381-бабына сәйкес шарттың элементтері қамтылатын аралас шартты жасаған кезде аралас шарт осы қаулының 10-тармағының бірінші және екінші бөліктерінің талаптарына сәйкес келеді.

Шарт бөлігіндегі аралас шартта осы қаулының 10-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген талап ескеріле отырып осы қаулының 2-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес міндетті талаптар қамтылады.

Егер шартта оның жекелеген талаптары Кодекстің 388-бабына сәйкес оларға сілтеме бар үлгілік талаптармен айқындалатын болса, не Кодекстің 389-бабына сәйкес қосылу талаптарымен шарт жасалған жағдайда, банк пен қарыз алушының қолтаңбалары қамтылатын шарттың (қосылу туралы өтініш) бөлігі осы қаулының 10-тармағының бірінші және екінші бөліктерінің талаптарына сәйкес келеді және шарттың бірінші бетінен бастап көрсетілген жүйелілікпен осы қаулының 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 9), 11), 12), 13), 14) және 16) тармақшаларында көзделген талаптар қамтылады.

Тараптардың келісімі бойынша банк пен қарыз алушының қолтаңбалары қамтылатын шарттың бөлігінде осы тармақта көзделмеген қосымша талаптар қамтылады.»;

қосымшасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті (Терентьев А.Л.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының он жетінші, он сегізінші, жиырма бірінші, жиырма жетінші, отыз алтыншы, отыз жетінші және отыз тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2015 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 9 қаулысына  
қосымша

«Банктік заем шартының міндетті талаптарының  
тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу  
мен қадағалау агенттігі Басқармасының  
«Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу  
ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы  
№ 49 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы»  
Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының  
2011 жылғы 28 ақпандағы № 18 қаулысына  
қосымша

Нысан

Қарыз алушы жеке тұлғаға арналған  
банктік қарыз шарты бойынша жадынама

\_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы) № \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ жылғы жағдай бойынша (күні, айы, жылы)

1	Қарыз сомасы және валютасы	
2	Қарыз мерзімі	
3	Төлемдер саны	
4	Сыйақы мөлшерлемесінің түрі (белгіленген немесе өзгермелі), жылдық пайыздармен сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері	
5	Дәйекті, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері	
6	Өтелетін жалпы сома	
7	Сыйақының жиынтық сомасы	
8	Негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері	
9	Сақтандыру шарттарының	

	мерзімін ұзарту мерзімі	
10	Банктік қарыз шартының талаптарына сәйкес айыппұлдардың, өсімпұлдардың өзге де түрлері (оның ішінде қарызды мақсатты пайдаланбағаны, сақтандыру шарттарын уақтылы ресімдемегені үшін және сол сияқты)	1) _____ (айыппұлдың, өсімпұлдың атауы, олардың мөлшерлері) 2) _____ (айыппұлдың, өсімпұлдың атауы, олардың мөлшерлері) 3) _____ (айыппұлдың, өсімпұлдың атауы, олардың мөлшерлері)
11	Банк өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, банк мөрі (ол болған кезде)	
12	Қарыз алушы _____ жылғы _____ № _____ (күні, айы, жылы) банктік қарыз шартының талаптарымен танысқан	
13	Қарыз алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), қолы	
14	Күні	

Осы Жадынаманың және \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы) № \_\_\_\_\_ банктік қарыз шартының мәтіні арасында алшақтықтар немесе қарама-қайшылықтар туындаған жағдайда шарттың мәтініне басымдық беріледі.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

### БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қаңтар

№ 11

#### ***Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы***

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының **Заңына** сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Бақылау және қадағалау әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**ҚР Әділетминінде**  
**2016 жылғы 29 ақпанда № 13314 тіркелді**

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2016 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 11 қаулысымен  
бекітілген

**Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар**

1. Осы Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) сәйкес әзірленді және орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдер мониторингінің шарттары мен тәртібіне, бақылау мен басқаруға қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Талаптарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) баға тәуекелі - қаржы құралдары құнының қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнына әсер ететін қаржы нарығының талаптары өзгерген жағдайда туындайтын өзгеруі салдарынан шығыстардың (зиянның) туындау тәуекелі;

2) бедел тәуекелі - қоғамда орталық контрагенттің қаржылық сенімділігі, көрсетілетін қызметтердің сапасы немесе жалпы алғанда орталық контрагент қызметінің сипаты туралы жағымсыз пікір қалыптасуы салдарынан клиенттік базаның тарылуы, өзге де даму көрсеткіштерінің төмендеуі нәтижесінде залалдардың туындау, жоспарланған кірістердің алынбау ықтималдығы;

3) валюталық тәуекел - орталық контрагент өз қызметін жүзеге асырған кезде шетел валюталары бағамдарының жағымсыз өзгерістері салдарынан қаржылай шығындардың туындау ықтималдығы;

4) есеп айырысу ұйымы - қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды (төлемдерді) ұйымдастыруды жүзеге асыратын ұйым;

5) кепілдік беру қоры - орталық контрагенттің клиенттері активтерінің есебінен қалыптастырылған қаражат;

6) кредиттік тәуекел - контрагенттің келісілген талаптарға сәйкес өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан туындайтын залалдардың туындау ықтималдығы;

7) құқықтық тәуекел - мыналардың:

контрагенттің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің талаптарын, сондай-ақ жасасқан шарттардың талаптарын бұзуы;

құқықтық жүйенің жетілдірілмеуі (заңнама қайшылығы, орталық контрагент қызметінің барысында туындайтын жекелеген мәселелерді реттеу бойынша құқықтық нормалардың болмауы);

қызметін жүзеге асыру кезінде құқықтық қателер жіберу (дұрыс емес заңдық консультациялар немесе құжаттарды дұрыс жасамау, оның ішінде сот органдарында даулы мәселелерді қарау кезінде);

орталық контрагенттің Қазақстан Республикасы заңнамасының, ал Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен қатынастарда - басқа мемлекеттердің қолданылатын заңнамасының талаптарын сақтамауы;

орталық контрагенттің жасасқан шарттардың талаптарын сақтамауы салдарынан залалдардың туындау ықтималдығы;

8) операциялық тәуекел - барабар емес немесе жеткіліксіз ішкі процестер, адам ресурстары мен жүйелері немесе сыртқы оқиғалар нәтижесінде залалдардың туындау ықтималдығы, оның ішінде:

ақпараттық технологиялар саласындағы барабар емес стратегиялар, саясаттар және (немесе) стандарттар, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудағы кемшіліктер нәтижесінде туындаған тәуекел;

барабар емес ақпаратқа не оны тиісінше пайдаланбауға байланысты тәуекел;

бизнес-процестердің барабар емес құрылуына не ішкі құжаттар мен қағидалардың сақталуының әлсіз бақылануына байланысты тәуекел;

жауапкершілікті бөлуді, есептілік пен басқарудың құрылымын қоса алғанда, орталық контрагенттің белгісіз, барабар емес ұйымдық құрылымымен байланысты тәуекел;

қызметкерлерді тиісінше басқармауға және (немесе) орталық контрагенттің біліксіз қызметкерлеріне байланысты тәуекел;

орталық контрагенттің ішкі құжаттарының заңнаманың талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты тәуекел;

орталық контрагенттің қызметіне теріс әсер етуі мүмкін банк қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне, алаяқтыққа байланысты тәуекел;

орталық контрагенттің операцияларына сыртқы ықпал етудің болжанбаған немесе бақыланбайтын факторлары тудырған тәуекел;

9) орталық контрагенттің - клирингтік ұйым, орталық депозитарий, қор биржасы немесе қор биржасының сауда жүйесінде мәмілелер жасау кезінде орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын өзге ұйым;

10) орталық контрагенттің меншікті активтері - орталық контрагенттің жарғылық капиталын, орталық контрагенттің резервтік қорын қоса алғанда, орталық контрагенттің активтері, сондай-ақ орталық контрагенттің клиенттерінің ақшасы мен қаржы құралдарын қоспағанда, орталық контрагенттің қызметіне түсетін пайда есебінен қалыптастырылған активтер;

11) өтімділікті жоғалту тәуекелі - орталық контрагенттің өз міндеттемелерін айтарлықтай шығындар шекпестен белгіленген мерзімде орындауға қабілетсіздігі нәтижесінде залалдардың туындау ықтималдығы;

12) пайыздық тәуекел - активтер, пассивтер мен баланстан тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгеруі салдарынан қаржылай залалдардың туындау ықтималдығы;

13) резервтік қор - орталық контрагенттің меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған және орталық контрагент қызметінің тәуекелдерін төмендеуге арналған қаражат;

14) стресс-тестинг - орталық контрагенттің қызметіне ықпал ететін орталық контрагенттің қаржылық жағдайына ерекше болатын, бірақ ықтимал оқиғалардың әлеуетті ықпал етуді өлшеу әдістері;

15) тәуекел - күтілетін немесе болжанбаған оқиғалар орталық контрагентке, оның капиталына немесе кірістеріне жағымсыз әсер ететін ықтималдық;

16) уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган.

3. Орталық контрагенттің директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің Талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етеді және орталық контрагент органдарының, бөлімшелерінің және қызметкерлерінің оларға тәуекелдерді басқару саласы бойынша жүктелген міндеттерді орындауы үшін жағдайлар жасайды.

4. Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптар былайша бөлінеді:

- 1) тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын базалық талаптар;
- 2) ұйымдық құрылымына қойылатын талаптар;
- 3) мониторингке, бақылауға және тәуекелдерді басқару тәртібіне қойылатын талаптар;
- 4) меншікті активтер есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру бойынша қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 5) ішкі бақылау жүйесінің болуына қойылатын талаптар.

5. Орталық контрагент жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) шілдесінен кешіктірмей уәкілетті органға Талаптарға қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау бойынша есеп береді.

6. Орталық контрагент Талаптардың 30-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген тәуекелдердің түрлері бойынша орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатында көзделген тәртіппен ай сайын стресс-тестинг жүргізеді.

7. Талаптардың 30-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген тәуекелдер бойынша стресс-тестинг нәтижелері орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатында белгіленген тәртіппен ресімделеді және тоқсанына кемінде бір рет, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде уәкілетті органға ұсынылады.

8. Операциялық тәуекел бойынша стресс-тестинг нәтижелері орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатында белгіленген тәртіппен ресімделеді және жартыжылдықта кемінде бір рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде уәкілетті органға ұсынылады.

9. Орталық контрагентте тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы орталық контрагент қызметінің корпоративтік басқару талаптарына сәйкес келуін, бағалы қағаздар нарығында қызметтің кәсіби түрін жүзеге асыру шеңберінде операциялар жүргізу тәжірибесінің болуын көздейді.

10. Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесі өз қызметінде мынадай бағыттарды қамтиды:

- 1) сауда-саттық, қор биржасы, орталық депозитарий және (немесе) өзге есеп айырысушы ұйым қатысушылары ұсынатын ақпаратты жинау, енгізу, сақтау және тарату;
- 2) қор биржасының сауда жүйесінде жасалған сауда-саттық және мәмілелер, сондай-ақ клиринг бойынша ақпарат жинау, талдау және сақтау;
- 3) орталық контрагенттің мүдделі органдарының шешімдер қабылдауы және орталық контрагенттің органдары мен бөлімшелері арасында ақпарат алмасу үшін ақпарат ұсыну;
- 4) орталық контрагенттің меншікті активтерін қаржы құралдарына инвестициялау;
- 5) арнайы резервтік және (немесе) кепілдік беру қорларын құру және пайдалану;
- 6) орталық контрагентті басқарудың ұйымдық құрылымын құру және жетілдіру;
- 7) сауда-саттыққа қатысушылармен жұмысты ұйымдастыру тәртібін анықтау, оның ішінде дауларды қарау және шешу, сондай-ақ сауда-саттыққа қатысушылардың өз міндеттемелерін орындамаған жағдайында тиісті шаралар қолдану рәсімдерін айқындау;
- 8) мынадай әдістердің көмегімен тәуекелдерді анықтау және сәйкестендіру:  
процестің үздіксіз, үзіліссіз болуын қамтамасыз ету мақсатында орталық контрагенттің жүйесіне тұрақты мониторинг жүргізу;  
орталық контрагенттің пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуінің аудиті;



орталық контрагенттің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында және орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару саласы жөніндегі саясатында белгілеген талаптарды сақтау мониторингі;

сауда-саттыққа клиринг қатысушыларының қаржылық жай-күйінің, сондай-ақ олардың орталық контрагенттің ішкі құжаттар талаптарына сәйкес келу мониторингі;

орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару саласы жөніндегі саясатында көзделген тәртіппен стресс-тестинг өткізу;

9) ішкі құжаттарды әзірлеу және бекіту.

11. Тәуекелдерді басқару жүйесінде мынадай ішкі құжаттардың болуы көзделеді, бірақ онымен шектелмейді:

1) орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттары;

2) орталық контрагенттің меншікті активтерін инвестициялау тәртібі;

3) арнайы резервтік және (немесе) кепілдік беру қорларын қалыптастыру, сондай-ақ пайдалану тәртібі мен талаптары;

4) ішкі бақылауды және ішкі аудитті жүзеге асыру рәсімдері;

5) орталық контрагентте орын алған және әлеуетті мүдделер қақтығысын басқару рәсімдері;

6) орталық контрагенттің басшы және өзге қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратты және бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты пайдалануына жол бермеуге бағытталған рәсімдер;

7) сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа қатысушылар ретіндегі қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының, орталық контрагенттің ішкі құжаттарының талаптарына және сауда-саттық қатысушылардың қаржылық жағдайына қойылатын талаптарға сәйкес келу мониторингі мен бақылау талаптары және тәртібі;

8) сауда-саттыққа қатысушыларға қойылатын талаптар;

9) орталық контрагенттің ақпараттық саясаты.

12. Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты:

1) орталық контрагенттің директорлар кеңесінің, басқармасының, орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты бөлімшесінің және орталық контрагенттің сауда-саттыққа қатысушыларға мониторинг және бақылау жасау жөніндегі жауапты бөлімшесінің өкілеттіліктері мен функционалдық міндеттерін, сондай-ақ осы органдар мен бөлімшелердің арасында ақпарат алмасу тәртібін;

2) орталық контрагенттің қызметіне және оның жүйесінің жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдер көрсеткіштерінің сандық мәнін анықтау тәртібін қоса алғанда, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жөніндегі рәсімдерді;

3) стресс-тестинг жүргізу жөніндегі рәсімдерді, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша жоғары қолжетімді мәнін белгілеу жөніндегі рәсімдерді;

4) орталық контрагенттің қызметіне және оның жүйесінің жұмыс істеуі барысында туындайтын тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды;

5) осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген рәсімдер тиімділігі, орталық контрагенттің тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндерін және тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды бағалаудың барабарлығы мониторингінің тетігін;

6) осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген рәсімдерге және осы тармақтың 3) тармақшасында шараларға сәйкес келмеген жағдайда қабылданатын шаралар тиімділігі мониторингінің тетігін;

7) тәуекелдер мониторингі, бағалау және бақылау жөніндегі рәсімдерді, оның ішінде:

орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты бөлімшесінің орталық контрагенттің басқа бөлімшелерімен бірлесе отырып, тәуекелдер мониторингі бойынша қабылдайтын шараларын;

тәуекелдердің туындау жиілігін бағалауды, осы тәуекелдердің ықпалынан болған әсерлерді кейіннен ранжирлеуді және тәуекелдер көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндерін белгілеуді қоса алғанда, орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты бөлімшесі жүзеге асыратын тәуекелдерді бағалауды;

орталық контрагент тәуекелдері көрсеткіштері мәндерінің және осы көрсеткіштердің жол берілетін ең жоғары мәндерінің өзгеруіне, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндері тәуекелдер көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндеріне сәйкес келмеген жағдайда, тәуекелдерді барынша азайту мақсатында қабылданатын шараларға мониторинг жасауды қамтитын, орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты бөлімшесі жүргізетін тәуекелдер мониторингі;

директорлар кеңесіне орталық контрагенттің сауда-саттыққа қатысушылар, функциясына осындай жағдайларды анықтау кіретін бөлімше қор биржасының сауда жүйесінде жасаған мәмілелер бойынша жауапкершілігіне әкелуі мүмкін кез-келген маңызды жағдайлар туралы дереу есептілік ұсыну тетігін;

сауда-саттыққа қатысушылар тәуекелдерінің көрсеткіштері мәндерінің және тәуекелдердің осы көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндерінің өзгеруіне, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндері тәуекелдер көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндеріне сәйкес келмеген жағдайда, тәуекелдерді барынша азайту мақсатында қабылданатын шараларға мониторинг жасауды қамтитын, орталық контрагенттің сауда-саттыққа қатысушыларға мониторинг және бақылау жасау жөніндегі жауапты бөлімшесі жүргізетін тәуекелдер мониторингін айқындайды.

13. Орталық контрагенттің меншікті активтерін инвестициялаудың тәртібі меншікті активтер есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асырудың талаптары мен тәртібін, меншікті активтер есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру барысында қолданылатын құжаттардың үлгі нысандарын белгілейді және мыналарды:

1) орталық контрагенттің меншікті активтерін инвестициялау саясатын әзірлеу;

2) орталық контрагенттің меншікті активтеріне қатысты, мыналарды:

ұсынымдар беруге уәкілетті тұлғалар лауазымдарының тізбесін;

инвестициялық портфельдің жай-күйін талдауды жүзеге асыру тәртібін; инвестициялауды жүзеге асыру болжанатын қаржы құралдарының болуын, айналысы мен кірістілігі талаптарын талдауды жүзеге асыру тәртібін;

инвестициялауды жүзеге асыру болжанатын қаржы құралдарымен байланысты тәуекелдерді талдауды жүзеге асыру тәртібін;

ұсынымдарды беруге маңызды факторларды талдауды жүзеге асыру тәртібін көздейтін инвестициялық шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар дайындау;

3) орталық контрагенттің меншікті активтеріне қатысты инвестициялық комитет жұмысының сипаттамасын, отырыстарды өткізудің және рәсімдеудің кезеңділігін қамтитын инвестициялық шешімдерді қабылдау;

4) орталық контрагент органдарының және бөлімшелерінің инвестициялық шешімдерді дайындау, қабылдау және орындау барысында, оның ішінде орталық контрагент функцияларын жүзеге асыру арасында әлеуетті мүдделер қақтығысын басқару және орталық контрагенттің меншікті активтерін инвестициялау бойынша өзара іс-қимылы;

5) көмегі арқылы мәміле жасау болжанатын (осындай бар болса) делдалмен (брокермен) өзара іс-әрекет жасау процестерінің сипаттамасы бар меншікті активтер есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жасасу және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру, мәмілелерді жасасуға бақылау, активтердің құрамын және қозғалысын салыстырып тексеруді жүзеге асыру, жасалған мәмілелерді ішкі есепке алу және құжат айналымын жүргізу, сондай-ақ меншікті активтер есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жасасуға бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың тізбесі;

6) орталық контрагент басқармасының меншікті активтері есебінен жасалған қаржы құралдарымен операциялар жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы есептілікті дайындау бойынша рәсімдерді сипаттауды қамтиды.

14. Орталық контрагенттің меншікті активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жасауды қамтамасыз ету мақсатында:

- 1) меншікті активтерді инвестициялаудың мақсаттары мен стратегиясын;
- 2) инвестициялау объектілерінің сипаттамасы мен тізбесін;
- 3) қаржы құралдарының түрлері бойынша меншікті активтерді инвестициялау лимиттерін;

- 4) меншікті активтер есебінен жасалатын қаржы құралдарымен мәмілелерге қатысты белгіленген талаптар мен шектеулерді;

- 5) хеджирлеу құралдарының тізбесін және сипаттамасын көрсете отырып, меншікті активтерді хеджирлеу және әртараптандыру талаптарын;

- 6) меншікті активтерді инвестициялаумен байланысты негізгі тәуекелдер туралы ақпаратты қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін меншікті активтерді инвестициялау саясаты әзірленеді.

15. Орталық контрагенттің меншікті активтерін инвестициялаудың саясатын және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды орталық контрагенттің директорлар кеңесі бекітеді.

16. Арнайы резервтік және (немесе) кепілдік беру қорларын қалыптастыру, сондай-ақ пайдалану тәртібі мен шарттары:

- 1) арнайы резервтік және (немесе) кепілдік беру қорларының мөлшерін айқындау және бағалау әдістемесін;

- 2) орталық контрагенттің және сауда-саттыққа қатысушылардың арнайы резервтік және (немесе) кепілдік беру қорларына жарналарды жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын;

- 3) арнайы резервтік және (немесе) кепілдік беру қорларының төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын;

- 4) арнайы резервтік және (немесе) кепілдік беру қорларының активтерін инвестициялау мүмкіндігін, тәртібін және шарттарын қамтиды.

17. Жеке активтер, оның ішінде резервтік қор есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру бойынша қызметті ұйымдастыруға қойылатын талаптар орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын тұлғалардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында айқындалады.

18. Кепілдік беру қорына жарнаның мөлшерін орталық контрагент клирингке екі қатысушының клирингке жіберілген міндеттемелерін көрсетілген міндеттемелердің ең көп көлемімен орындамаған жағдайда, кепілдік беру қорының мөлшерін орталық контрагенттің әлеуетті зияндары мөлшерінен төмен емес деңгейде ұстау тұру қажеттілігін ескере отырып айқындайды. Әлеуетті зияндардың мөлшері тоқсан тоғыз пайыз сенімділік деңгейіне сәйкес келетін олардың туындау мүмкіндігіне жол беріле отырып айқындалады.

Орталық контрагент кепілдік беру қорын құрайтын ақшаны өзімен үлестес емес Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдарға орналастырады.

Орталық контрагент қатысушылардың позицияларын ағымдағы нарықтық құны бойынша бағалайды және ағымдағы тәуекелдердің жинақталуын шектеу үшін кемінде күніне бір рет қосымша кепілдік беру депозиттерін (вариациялық маржаны) алады.

19. Ішкі аудитті және ішкі бақылауды жүзеге асыру рәсімдері:

- 1) ішкі аудит қызметінің құрамын, оның функцияларын, міндеттері мен өкілеттіктерін;

- 2) ішкі аудитті және ішкі бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлерге қойылатын талаптарды;

- 3) ішкі аудит пен ішкі бақылаудың мәнін және объектісін;

4) ішкі аудит қызметінің тексеру жүргізу ауқымын және жиілігін;  
5) ішкі аудитті жүргізу кезінде тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау жүйесін міндетті түрде пайдалануды;

6) ішкі аудитті жүргізу жоспарын жасауға қойылатын талаптарды;

7) ішкі аудит қызметінің орталық контрагенттің директорлар кеңесіне тексеру нәтижелері туралы есептерді ұсыну мерзімдерін және нысанын айқындайды.

20. Орталық контрагенттің қызметін жүзеге асыру барысында оның органдарымен және (немесе) бөлімшелері арасында туындайтын орталық контрагенттегі орын алған және әлеуетті мүдделер қақтығысын басқару рәсіміне:

1) төмендегілерді қамтамасыз етуге бағытталған орталық контрагент органдарының шешім қабылдау рәсімдері:

орталық контрагент органдарының мүшелері қабылдайтын шешімдердің тәуелсіздігін;

орталық контрагент органдары мүшелерінің қабылданатын шешімдерге мүдделі болмауын;

орталық контрагент органдары мүшелерінің және қызметкерлерінің орталық контрагент органдарының отырыстарын жүргізу барысында алынған ақпаратты тұлғалардың көпшілік тобы арасында осы ақпаратты ресми жариялағанға дейін, оны өзінің жеке мақсатында не үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдалануын шектеу;

2) орталық контрагент органдарының отырыстарын жүргізу қорытындылары бойынша хаттамаларды міндетті жасау мен сақтау бойынша талаптар;

3) орталық контрагенттің бөлімшелері арасында, орталық контрагенттің органдары мен бөлімшелері арасында, орталық контрагенттің бөлімшелері арасында орын алған және әлеуетті мүдделер қақтығысын сипаттау;

4) орын алған мүдделер қақтығысын реттеу мақсатында орталық контрагенттің жүргізетін іс-шаралары, сондай-ақ әлеуетті мүдделер қақтығысын реттеуге бағытталған алдын алу шаралары кіреді.

21. Инсайдерлік ақпаратты және бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты орталық контрагенттің басшылары мен өзге қызметкерлерінің пайдалануын болдырмауды көздейтін рәсімдер:

1) инсайдерлік және өзге конфиденциалдық ақпаратты өзінің мүддесі немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдалануға отырып мәмілелер жасасуды болдырмауға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік немесе оған негізделген ақпаратты үшінші тұлғаларға беруді және тұлғалардың көпшілік тобы арасында оны таратуды болдырмауға;

3) орталық контрагент қызметкерлерінің инсайдерлік және өзге конфиденциалдық ақпаратқа негізделген қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы ұсынымдарды үшінші тұлғалар беру мүмкіндігін шектеуге;

4) Бағалы қағаздар туралы заңның 56-1-бабында көзделген орталық контрагенттің инсайдерлік ақпаратына иелік етуге және оны пайдалануға бақылау бойынша шараларға бағытталған.

22. Сауда-саттыққа қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін регламенттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнаманың талаптарына және орталық контрагенттің ішкі құжаттарына сәйкес болу мәніне сауда-саттыққа қатысушылардың мониторингі және бақылау тәртібі мен талаптары мыналарды қамтиды:

1) сауда-саттыққа қатысушылардың есептерінің және олардың қаржылық жай-күйінің мониторингіне қажетті өзге де ақпараттың тізбесі;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген есептерді және өзге ақпаратты ұсыну шарттары мен мерзімдері;

3) орталық контрагенттің осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген есептерді және өзге ақпаратты қарау тәртібі мен мерзімдері;

4) сауда-саттыққа қатысушылардың қаржылық жай-күйін бағалау әдістемесі;

5) орталық контрагенттің басшы қызметкерлері мен бөлімшелері сауда-саттыққа қатысушылардың қаржылық жай-күйі туралы жиынтық есептерді жасау және ұсыну тәртібі мен мерзімдері;

6) сауда-саттыққа қатысушылардың қаржылық жай-күйіне белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін сауда-саттыққа қатысушыға қатысты шараларды қабылдау тәртібі мен талаптары;

7) сауда-саттыққа қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін регламенттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнаманың талаптарына және орталық контрагенттің ішкі құжаттарына сәйкес болу мәніне сауда-саттыққа қатысушылар мониторингінің жылдық жоспары;

8) сауда-саттыққа қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін регламенттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнаманың талаптарына және орталық контрагенттің ішкі құжаттарына сәйкес болу мәніне сауда-саттыққа қатысушыларға тексеру жүргізу тәртібі мен талаптары;

9) сауда-саттыққа қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін регламенттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнаманың талаптарына және орталық контрагенттің ішкі құжаттарына сауда-саттыққа қатысушылардың сәйкестігін бағалау әдістемесі;

10) сауда-саттыққа қатысушыларды тексеру нәтижелерін ресімдеу және осы ақпаратты орталық контрагенттің басшы қызметкері мен бөлімшелеріне ұсыну тәртібі мен мерзімдері;

11) сауда-саттыққа қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін регламенттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнаманың талаптарына және орталық контрагенттің ішкі құжаттарына сәйкес келмейтін сауда-саттыққа қатысушыларға қатысты шараларды қолдану тәртібі мен талаптары.

23. Сауда-саттыққа қатысушыларға қойылатын талаптар:

1) қаржылық жағдайына;

2) тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиісті жүйелерінің болуына;

3) қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалатын мәмілелер бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету, оның ішінде осындай мәмілелер бойынша қажетті қамтамасыз етуді қалыптастыру бойынша шараларды сақтауына талаптарды қамтиды.

24. Орталық контрагенттің ақпараттық саясаты мыналардан тұрады, бірақ мыналармен шектелмейді:

1) орталық контрагенттің ақпаратты жариялау тәртібі мен талаптары;

2) орталық контрагенттің беделіне ықпал етуі мүмкін ақпаратқа тұрақты мониторинг жүргізу бойынша талаптар;

3) орталық контрагенттің беделіне зиян келтіруі мүмкін ақпарат пайда болған және таралған жағдайда қажетті шараларды уақытылы қабылдау бойынша талаптар.

25. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық:

1) өрт қауіпсіздігі бойынша негізгі талаптардан;

2) төтенше жағдайлар және (немесе) күтпеген жағдайлар орын алған жағдайда орталық контрагент қызметкерлерінің іс-әрекеттері сипатталған төтенше жағдайлар және (немесе) күтпеген жағдайлар туындаған жағдайдағы іс-қимылдар жоспарынан;

3) орталық контрагент қызметкерлерінің бағдарламалық-техникалық кешендерді және өзге жабдықтарды пайдалану тәртібінен;

4) орталық контрагенттің үй-жайларды жабудың алдында қараудың жүйелілігінен тұрады.

26. Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйелерін құруды және олардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында орталық контрагенттің ұйымдық құрылымында тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын жеке бөлімше құрылады.

27. Тәуекелдерді басқару бөлімшесінің басшысы мен қызметкерлері жоғары білімді, кәсіби құзыреті және тәуекелдерді басқару саласында кем дегенде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі болады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамаларын біледі.

28. Орталық контрагенттің ұйымдық құрылымы өзіне негізгі функциясы сауда-саттыққа қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін регламенттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнама талаптарына және орталық контрагенттің ішкі құжаттарына сәйкестігі мәніне сауда-саттыққа қатысушылардың мониторингі және бақылау болып табылатын бөлімшесін енгізеді.

29. Орталық контрагенттің қызметін жүзеге асыру барысында оның органдары және (немесе) бөлімшелері арасында туындайтын мүдделердің орын алған және әлеуетті қақтығысын басқару мақсатында мынадай шаралар қабылданады:

1) мүдделер қақтығысы орын алған немесе туындауы мүмкін бөлімшелердің орталық контрагенттің түрлі басшы қызметкерлеріне есептілігін қамтамасыз етеді;

2) орын алған және әлеуетті мүдделер қақтығысын ескере отырып, орталық контрагенттің бөлімшелері мен органдары арасында ақпарат алмасу тәртібі әзірленеді және енгізіледі;

3) ішкі аудит қызметі орталық контрагенттің бөлімшелері және қызметкерлерінің қызметін орын алған және әлеуетті мүдделер қақтығысын басқару бойынша қабылданған рәсімдерге сәйкестігіне тексеруді үнемі жүзеге асырады.

30. Орталық контрагент өз қызметінде тәуекелдердің мынадай түрлеріне мониторингті жүзеге асырады:

1) кредиттік тәуекел;

2) өтімділікті жоғалту тәуекелі;

3) баға тәуекелі;

4) валюталық тәуекел;

5) пайыздық тәуекел;

6) операциялық тәуекел;

7) бедел тәуекелі;

8) құқықтық тәуекел;

9) орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатына сәйкес өзге тәуекелдер.

31. Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімше орталық контрагенттің сауда-саттыққа қатысушылардың мониторингін және бақылауды жүзеге асыратын бөлімшесімен және құқықтық қамтамасыз ету бөлімшесімен (заң бөлімшесі) бірлесе отырып орталық контрагенттің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарын бұзуы, оның ішінде орталық контрагенттің ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келмеуі, орталық контрагенттің қызметі практикасының оның ішкі құжаттарына сәйкес келмеуі салдарынан туындайтын құқықтық тәуекелдерді реттеуді мыналар арқылы:

1) орталық контрагент қызметінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына, орталық контрагенттің ішкі қағидаларына және рәсімдеріне сәйкес келуін бақылауды жүзеге асыру;

2) орталық контрагент қызметінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен, орталық контрагенттің ішкі құжаттарымен белгіленген талаптарға сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру;

3) орталық контрагенттің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен орталық контрагент қызметкерлерін тұрақты негізде таныстырып отыру;

4) орталық контрагенттің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен белгіленген талаптарын, оның өзгеруіне байланысты орындамау тәуекелдеріне бағалау жүргізу арқылы қамтамасыз етеді.

32. Тәуекелдер мониторингін жүргізу, бақылау мен басқарудың мақсаты:

1) тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді уақытылы айқындау;

2) тәуекелдер көрсеткішінің ең жоғары рұқсат етілген мәндерін бағалаудың сапасын арттыру;

3) тәуекелдерді басқарудың балама тетіктерін дамыту;

4) тәуекелдерді барынша азайту және басқару бойынша уақытылы шаралар қабылдауды қамтамасыз ету;

5) тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшені қоса алғанда, орталық контрагенттің жеке бөлімшелерін тәуекелдерге мониторинг жүргізу және бағалау процесіне тарту.

33. Тәуекелдерді айқындау рәсімі тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшемен бірлесе отырып жүргізген бөлімше қызметіне байланысты орталық контрагенттің әр бөлімшесі жүзеге асыратын мұқият шолу және мониторинг жүргізуге негізделеді.

34. Айқындалған тәуекелдер мынадай сипаттамалар бойынша талданады:

1) тәуекелдердің орын алу жиілігі;

2) тәуекелдердің ықпал ету көлемі.

35. Талдаудың нәтижелері негізінде рұқсат етілген түрде белгіленген тәуекелдердің мәніне қарай, тәуекелдер қабылданатын және қабылданбайтын боп сараланады.

36. Тәуекелдерді бағалау және бақылаудың нәтижелері тәуекел көрсеткішінің жалпы (интегралды мәні), сол сияқты орталық контрагент қызметінің әр жеке түрі үшін сандық мәнін айқындау үшін пайдаланылады.

37. Тәуекелдер көрсеткішінің сандық мәні тәуекелдер көрсеткішінің ең жоғары рұқсат етілген мәнін, тәуекелдердің белгіленген рұқсат етілген көрсеткіштеріне сәйкестігін, сондай-ақ белгіленген рұқсат етілген көрсеткіштерге сәйкес келмейтін тәуекелдерді азайту және басқару үшін тиісті шешімдері қабылдау қажеттігін бағалауға мүмкіндік береді.

38. Орталық контрагент қызметінің әрбір жеке түріне тән тәуекелдер көрсеткішінің сандық мәнін қызметтің осы түрін жүзеге асыратын орталық контрагенттің бөлімшесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшемен бірлесе отырып есептейді.

39. Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі қор биржасының сауда жүйесінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасаудың қорытындылары бойынша клиринг процесінің бұзылуын туғызған техникалық іркілістер және өзге жағдайлар туралы директорлар кеңесі мен басқармаға осындай техникалық іркілістер және өзге жағдайлар туындаған күні хабарлайды.

40. Орталық контрагенттің директорлар кеңесі процестің бұзылуын туғызған техникалық іркілістер және өзге жағдайлар туралы ақпаратты олар орын алған күннен кейінгі күн ішінде уәкілетті органға беруді қамтамасыз етеді.

41. Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі туындаған тәуекелдер жағдайы және тәуекелдердің туындауы нәтижесінде шеккен зиянның мөлшері туралы директорлар кеңесі мен басқармаға тоқсан сайын есеп жасайды, сондай-ақ тәуекелдердің өзі, сол сияқты олар туғызған салдарларды азайту бойынша іс-шаралар жоспары ұсынылады.

42. Орталық контрагенттің басқармасы орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесінің тәуекелдер көрсеткішінің сандық мәнін бағалау жөніндегі қорытынды негізінде орталық контрагенттің директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша рұқсат етілген мәндерін айқындайды.

43. Жаңа тәуекелдер туындаған жағдайда және (немесе) тәуекел көрсеткіштерінің мәндері тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша рұқсат етілген мәндерімен сәйкес келмеген жағдайда тәуекелді және (немесе) осы сәйкессіздікті анықтаған орталық контрагенттің бөлімшесі директорлар кеңесін және басқарманы хабардар етеді.

44. Тәуекелдерді бағалау нәтижелерінің негізінде оларды барынша азайтуға бағытталған ықтимал шаралар айқындалады.

45. Тәуекелдерді барынша азайту тәуекелдердің мәні тәуекелдер көрсеткіштерінің жол берілетін шекті мәніне жуық болғанда не шектен асып кеткен жағдайларда қажетті болып табылады. Тәуекелдерді барынша азайту мына шаралардың біреуін немесе бірнешеуін қабылдау арқылы жүзеге асырылады:

1) орталық контрагенттің қызметі барысында оның органдары қабылдайтын барлық шешімдерге тән тәуекелдер туындаған жағдайда залалды анықтау және барынша азайту бойынша рәсімдерді жетілдіру;

2) тәуекелдерді басқару саласында орталық контрагент қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

3) ішкі аудит қызметінің орталық контрагент жүйесінің жұмыс істеуіне және (немесе) орталық контрагент бөлімшелерінің жұмысына жоспардан тыс тексерулер жүргізуі;

4) орталық контрагенттің басшы қызметкерлерінің тарапынан тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған іс-шараларға бақылауды арттыру;

5) орталық контрагенттің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда қосымша арнайы кепілді және (немесе) резервтік қорларды құру.

46. Орталық контрагенттің директорлар кеңесі тәуекелдер басталуының орын алған жағдайлары бойынша есептілікті беру тәртібін бекітеді, оның мақсаты болып мыналар табылады:

1) тәуекелдердің туындау салдарынан болған шығындар туралы ақпараттық базаны қалыптастыру;

2) тәуекелдердің туындау нәтижесінде шыққан нақты зиян туралы ақпаратты талдау арқылы тәуекелдерді басқару және барынша азайту процестерін жетілдіру;

3) тәуекелдердің туындау нәтижесінде пайда болатын зиянның құнына кезеңді бағалау жүргізу;

4) тәуекелдер туындауының маңызды жағдайларына уақтылы және тиісінше ден қоюды қамтамасыз ету;

5) деректерді жинау, енгізу, өңдеу және сақтау жөніндегі рәсімдерді толық синхрондауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпаратты қайталау және (немесе) жіберіп алу бойынша қателерді болдырмау.

47. Орталық контрагенттің меншікті активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру бойынша қызметті ұйымдастыруға қойылатын талаптар орталық контрагенттің меншікті активтерін инвестициялау тәртібін айқындайтын орталық контрагенттің ішкі құжаттарында белгіленеді.

48. Орталық контрагенттің директорлар кеңесі ішкі бақылаудың барабар жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және орталық контрагент қызметкерлерінің ішкі бақылау саласында өз міндеттерін орындауы үшін жағдай жасайды.

49. Орталық контрагенттегі ішкі бақылау жүйесі мынадай мақсаттарға:

1) орталық контрагенттің активтерін басқарудың және ықтимал шығындарды айқындаудың тиімділігін тексеруді көздейтін орталық контрагент қызметінің операциялық және қаржылық тиімділігіне;

2) қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігіне, толықтығы мен уақтылығына қолжеткізу үшін құрылады. Аталған мақсат дәйекті және сапалы қаржылық есептіліктің жасалуын және шешімдер қабылдаған кезде орталық контрагент пайдаланған басқа қаржы құжаттарын тексеруді болжайды;



3) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ орталық контрагенттің ішкі саясаты мен рәсімдерін айқындайтын құжаттардың талаптарын сақтауға қолжеткізу үшін құрылады.

50. Ішкі бақылау жүйесінің жұмысы мынадай үш кезеңнің үздіксіз кезекті түрде жүру қағидаты бойынша қамтамасыз етіледі:

1) орталық контрагенттің ішкі регламенттеріне рәсімдерді қосу арқылы ішкі бақылау жүйесін (тиімділікті бағалау нәтижелерін есепке ала отырып) қалыптастыру;

2) жұмыста орталық контрагенттің ішкі құжаттарын орындау;

3) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізу.

51. Ішкі бақылау жүйесі мына рәсімдерді жүргізуді қамтиды:

1) қызметтің жоспарлы көрсеткіштерін қоса бере отырып, орталық контрагент қызметінің ағымдағы нәтижелері туралы есептерді директорлар кеңесіне беру арқылы орталық контрагенттің алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қолжеткізу процесін тоқсан сайын тексеру;

2) бөлімше қызметінің нәтижелері туралы стандартты жан-жақты есептерді бөлімше басшыларының ай сайынғы негізде тексеруі;

3) материалдық маңызды ақпаратқа және орталық контрагенттің бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуіне кіру рұқсатын шектеуге бақылау жүргізу мақсатымен тексеру;

4) тәуекелдің белгіленген лимиттерінің сақталуын тексеру және анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

5) міндетті авторизацияны талап ететін операциялардың тізбесіне орталық контрагенттің директорлар кеңесінің талаптар белгілеуі;

6) операциялардың талаптарын және орталық контрагенттің қызметіне байланысты тәуекелдерді басқару үлгілерін қолдану нәтижелерін тексеру;

7) жүргізілген операцияларды орталық контрагенттің есебінде және есептілігінде көрсетудің уақтылығын, дұрыстығын, толықтығы мен дәлдігін тексеру;

8) орталық контрагенттің бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етілуінің сенімді жұмыс істеуін тексеру;

9) сауда-саттықтың орталық контрагентіне қатысты қадағалау рәсімдерінің тиімділігін тексеру;

10) орталық контрагентте орын алған және әлеуетті мүдделер қақтығыстарын басқаруға бағытталған рәсімдердің тиімділігін тексеру;

11) қаржы құралдарының құны мен кірістілігін бағалау бөлігіндегі әдістемені қоса алғанда, орталық контрагенттің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын қаржы құралының құнын бағалаудың дұрыстығын және дәйектілігін тоқсан сайынғы тексеру.

52. Ішкі бақылау жүйелерінің бірдейлігін және тиімділігін бағалау, орталық контрагент бөлімшелерінің жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау жағдайы туралы уақтылы және дәйекті ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмысты жақсарту жөніндегі ұтымды және тиімді ұсынымдарды беру ішкі аудиттің мақсаты болып табылады.

53. Директорлар кеңесі ішкі бақылау жүйесінің жағдайын объективті бағалау және оларды жетілдіру бойынша ұсынымдар беру жолымен тиісті ішкі бақылау жүйесінің болуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша функцияларын жүзеге асырған кезде туындайтын міндеттерді шешу мақсатымен ішкі аудит қызметі құрылады.

54. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне орталық контрагенттің басқа бөлімшелері қызметкерлерінің функциялары мен міндеттері жүктелмейді.

55. Ішкі аудит қызметі өз қызметінде «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының, Талаптардың және ішкі бақылау жүйесін

ұйымдастыру және ішкі аудит қызметі туралы ережелерді қоса алғанда, орталық контрагенттің ішкі құжаттарының талаптарын басшылыққа алады.

56. Ішкі аудит қызметі орталық контрагенттің кез келген бөлімшесінің немесе органының қызметіне тексеру тағайындайды. Ішкі аудит қызметі орталық контрагенттің ішкі құжаттарында белгіленген талаптармен және тәртіпте орталық контрагенттің директорлар кеңесінің алдында үнемі есеп береді.

57. Ішкі аудит қызметі орталық контрагенттің директорлар кеңесі бекітетін ішкі аудиттің жоспары мен ішкі аудит бағдарламасын жасайды.

58. Ішкі аудит қызметі мынадай мәселелерді:

1) ішкі бақылау жүйесінің жұмысын;  
2) директорлар кеңесіне ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есептілік дайындауды;  
3) директорлар кеңесіне, басқармаға және сыртқы пайдаланушыларға берілетін орталық контрагенттің қызметі шеңберінде кез келген мәліметтер мен ақпараттың шынайылығы мен дәлдігін;

4) ішкі немесе сыртқы аудиторлар анықтаған бухгалтерлік есептегі немесе ішкі аудиттегі кез келген елеулі кемшіліктерді;

5) орталық контрагенттің ішкі құжаттарымен ішкі аудит қызметінің құзыретіне жататын мәселелерді қарайды.

59. Ішкі аудит қызметінің негізгі функциялары мыналар:

1) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тексеру және бағалау;  
2) тәуекелдерді бағалау әдістемесін және тәуекелдерді басқару рәсімдерін (әдістемелерін, бағдарламаларын, қағидаларын, тәртіптерін және операциялар мен мәмілелер жасау рәсімдерін) қолдану толықтығын және тиімділігін тексеру;

3) деректер базасының тұтастығы мен оларды рұқсат берілмеген кіруден қорғауды, күтпеген жағдайларда іс-қимыл жоспарларының болуын қоса алғанда, орталық контрагенттің ішкі жүйесі жұмысының тиімділігін тексеру;

4) бухгалтерлік есеп пен есептіліктің шынайылығын, толықтығын, объективтілігі мен уақтылығын, сондай-ақ ақпарат пен есептілікті жинақтау мен берудің сенімділігі мен уақтылығын тексеру;

5) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес өзге мәліметтердің шынайылығын, толықтығын, объективтілігі мен уақтылы ұсынылуын тексеру;

6) орталық контрагент мүлігінің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылып жүрген тәсілдерін (әдістерін) тексеру;

7) орталық контрагент жасаған операциялардың экономикалық мақсатқа сай екенін және тиімділігін бағалау;

8) ішкі бақылау процестері мен рәсімдерін тексеру;

9) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау мақсатында құрылған жүйелерді тексеру;

10) орталық контрагенттің қызметкерлерді басқару қызметінің жұмысын бағалау;

11) орталық контрагенттің бөлімшелерін тексеру нәтижелері бойынша орталық контрагенттің бөлімшелері мен органдары қабылдаған тәуекелдер деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін шаралардың тиімділігіне бақылауды жүзеге асыру;

12) орталық контрагенттің ішкі құжаттарында ішкі аудит қызметінің құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді қарау болып табылады.

Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарға қосымша

нысан

« \_\_\_\_\_ » жыл үшін

« \_\_\_\_\_ »

(орталық контрагенттің атауы)

тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау бойынша есеп

№	Талаптардың тиісті абзацының, тармақшасының, тармағының нұсқауы	Талаптар абзацының, тармақшасының, тармағының талаптарына сәйкестігін бағалау	Анықталған кемшіліктер	Кемшіліктерді жою бойынша қажетті іс-шаралар, жауапты адамдар мен іс-шараларды орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар
---	---	---	------------------------	---	----------------------

Тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау:

Кестені толтыру бойынша түсініктеме

Тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау мынадай критерийлердің үш балдық жүйесі бойынша жүзеге асырылады: талапқа сай, ішінара талапқа сай, талапқа сай емес:

1) «талапқа сай» бағалау орталық контрагент тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың критерийлерін қандай да бір маңызды кемшіліктерсіз орындауы кезінде шығарылады.

2) «ішінара талапқа сай» бағалау орталық контрагент тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың нақты критерийін сақтауда қолжеткізу мүмкіндігіне қатысты маңызды күмән пайда болуына жеткілікті болып есептелмейтін кемшіліктер анықталған кезде шығарылады.

3) «талапқа сай емес» бағалау орталық контрагент тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың критерийін орындамаған кезде шығарылады.

Егер тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын жекелеген талаптар орталық контрагентке қатысты қолданылмайтын жағдайда, талаптың осы критерийіне сәйкестігін бағалау жүзеге асырылмайды және «қолданылмайды» деген тиісті жазбамен белгіленеді.

Орталық контрагенттің бірінші басшысы (не оның орнындағы адам

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

қолы

күні

Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшенің басшысы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	қолы	күні
Ішкі аудит қызметінің басшысы		
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	қолы	күні

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

### БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қаңтар

№ 13

***Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану, қор биржасының сараптамалық комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау қағидаларын, сондай-ақ оның сандық құрамын бекіту туралы***

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану, қор биржасының сараптамалық комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау қағидаларын, сондай-ақ оның сандық құрамы бекітілсін (бұдан әрі - Қағидалар).

2. «Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану, қор биржасының сараптамалық комитетін құру және оның жұмыс істеу қағидаларын, сондай-ақ оның сандық құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 70 қаулысының (2014 жылғы 6 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9488 тіркелген, 2014 жылғы 4 шілдеде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Бақылау және қадағалау әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

**ҚР Әділетминінде**  
**2016 жылғы 29 ақпанда № 13333 тіркелген**

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2016 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 13 қаулысымен  
бекітілген

**Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану, қор биржасының сараптамалық комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау қағидалары, сондай-ақ оның сандық құрамы**

1. Осы Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану, қор биржасының сараптамалық комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау қағидалары, сондай-ақ оның сандық құрамы (бұдан әрі - Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану тәртібін және талаптарын, сондай-ақ бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған қор биржасының сараптамалық комитетін (бұдан әрі - сараптамалық комитет) жасақтау және оның жұмыс жасау тәртібін, сондай-ақ оның сандық құрамын белгілейді.

Бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәмілелерді анықтау мәні бойынша мониторингке және талдауға қор биржасының ресми тізімі секторларының «акциялар», «борыштық бағалы қағаздары», «ислам бағалы қағаздары», «инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары», «туынды қаржы құралдары», «халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары», «құрылуы және жұмыс істеуі қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын өзге секторлар» деген секторларының бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер жатады.

2. Бағалы қағаздармен мәміле деп, егер:

1) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында акциялармен мәміле жасаған кезде акциялармен жасалған осы мәміле бағасының осы акциялардың, Қағидалардың 4-тармағына сәйкес есептелген орташа алынған бағасынан ауытқуы 30 (отыз) және одан астам пайыз құраса;

2) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында облигациялармен мәміле жасаған кезде осы мәміленің бағасына сәйкес осы бағалы қағаздардың өтелетін кірістілігінің осы бағалы қағаздардың Қағидалардың 5-тармағына сәйкес есептелген орташа алынған нарықтық кірістілігінен ауытқуы 5 (бес) және одан көп пайыздық тармақты құраса, осындай мәмілені жасағанға дейін ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында осы бағалы қағаздарға қалыптасқан бағадан айтарлықтай өзгешеленетін баға бойынша жасалған мәміле танылады.

3. Орындалуы осы мәмілелердің тараптарындағы осындай бағалы қағаздар санының елеулі өзгеруіне әкеп соқтырмаған бағалы қағаздарды сатып алу-сатудың мынадай мәмілелері айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп танылмайды:

1) қор биржасының сауда жүйесінің осындай операцияларға арналған секторында жүзеге асырылатын сол бір «репо» операциясына жататын «репоны» ашу және жабу мәмілелері;

2) бірдей көлемдегі және сол бағалы қағаздармен жасалған екі мәміле, олардың екіншісі ұйымдастырылған нарықта осы мәмілелердің біріншісін жасаған кезде жіберілген техникалық қатені түзету мақсатында жасалған болса;

3) мына талаптарға немесе мына талаптардың біреуіне сәйкес келетін, қор биржасының сауда жүйесінде бағалы қағаздармен ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелер:

мәміле жасалған күнінің алдындағы соңғы 30 (отыз) жұмыс күні ішінде, бірақ осы кезеңнің кемінде 10 (он) жұмыс күні ішінде осы атаудағы бағалы қағаздармен қор биржасының кемінде 10 (он) мүшесі тараптары болып табылатын, жиынтық көлемі 50 000 000 (елу миллион) теңгеден кем емес, кемінде 20 (жиырма) мәміле жасалған;

мәміле жасалған сәтте осы бағалы қағаздар осы қор биржасында айналысқа жіберілген ең өтімді акциялардың бағасы бойынша қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес есептелетін қор биржасы индикаторының (индексінің) өкілдік тізіміне енгізілген.

Осы тармақтың мақсаттары үшін бағалы қағаздар санының елеулі өзгеруі болып мәмілелер тараптарындағы бағалы қағаздардың бастапқы санынан 10 (он) және одан көп пайызға айырмашылығы танылады.

4. Акциялардың орташа алынған нарықтық бағасы қор биржасы соңғы өткен 5 (бес) жұмыс күні ішінде ашық сауда әдісімен өткізген сауда-саттықтарда акциялармен (ақшалай) жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің осындай мәмілелердің жиынтық мөлшеріне (бағалы қағаздармен) қатынасы ретінде есептеледі (Қағидалардың осы тармағының екінші және үшінші бөліктерінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).

Егер көрсетілген кезең ішінде акциялармен жасалған мәмілелер саны 5 (бестен) кем болса, осы акциялардың орташа алынған нарықтық бағасы қор биржасы соңғы өткен күнтізбелік 60 (алпыс) күні ішінде ашық сауда әдісімен өткізген сауда-саттықтарда осы акциялармен (ақшалай) жасалған соңғы 5 (бес) мәміленің жиынтық көлемінің мұндай соңғы 5 (бес) мәміленің (бағалы қағаздармен) жиынтық мөлшеріне қатынасы ретінде есептеледі.

Егер соңғы өткен күнтізбелік 60 (алпыс) күні ішінде акциялармен жасалған мәмілелердің саны 5 (бестен) кем болса, онда осы акциялардың орташа алынған нарықтық бағасы есептелмейді.

5. Өтелетін облигациялардың орташа алынған нарықтық кірістілігі мына формула бойынша есептеледі:

$$Y = \frac{\sum_{i=1}^n (Y_i \times V_i)}{\sum_{i=1}^n V_i}$$

мұнда:

Y - өтелетін облигациялардың орташа алынған нарықтық кірістілігі, жылдық пайызбен;

Y<sub>i</sub> - осы облигациялармен жасалған i-ші мәміленің бағасына сәйкес өтелетін облигациялардың кірістілігі, жылдық пайызбен;

V<sub>i</sub> - облигациялармен жасалған i-ші мәміленің көлемі, ақшалай;

n - қор биржасы соңғы өткен 5 (бес) жұмыс күні ішінде ашық сауда әдісімен өткізген сауда-саттықтарда облигациялармен жасалған мәмілелер саны.

Егер соңғы өткен бес жұмыс күні ішінде облигациялармен жасалған мәмілелер саны 5 (бестен) кем болса, қор биржасы соңғы толық өткен күнтізбелік 60 (алпыс) күні ішінде ашық



сауда әдісімен өткізген сауда-саттықтарда облигациялармен жасалған мәмілелер саны 5 (бес) және одан астамын құрау талабымен, п 5 (беске) тең болады.

Егер соңғы толық өткен күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде облигациялармен жасалған мәмілелердің саны 5 (бестен) кем болса, осы өтетін облигациялардың орташа алынған нарықтық кірістілігі есептелмейді.

6. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңының 56-бабының 5-тармағында аталған талаптардың біреуіне сәйкес келетін мәмілелерді қоспағанда, ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған бағалы қағаздармен мәмілелерді анықтау мәні бойынша мынадай мәмілелер мониторингке және талдауға жатады:

1) Қағидалардың 2-тармағында көзделген мәміле;

2) қор биржасының сауда жүйесінде немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған, дербес не қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымының мәміле жасау жөніндегі бұйрықтарын тапсыру арқылы әрекет жасайтын сол бір тұлға бағалы қағаздарды сатушы және сатып алушы ретінде болатын мәміле;

3) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жай, заңды салдарын туғызуға ниетсіз жасалған мәміле не бірнеше мәміле (жалған мәмілелер);

4) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен басқа мәмілені жасыру мақсатында жасалған мәміле не бірнеше мәміле (бүркеме мәмілелер).

7. Қор биржасы 1 (бір) сауда күні ішінде жасалған валюталық жұп АҚШ долларымен және теңгемен екі және одан көп мәмілелер серияларына олар мына талаптарға сәйкес келген кезде мониторингті және талдауды жүзеге асырады:

1) мәмілелер қор биржасының сауда жүйесіне қарсы 2 (екі) және одан көп өтінішті автоматты түрде қанағаттандыруға алып келген сатып алуға немесе сатуға 1 (бір) өтініш беру нәтижесінде жасалды, бұл ретте осындай мәмілелердің біреуінің бағасы осындай өтінімді бергенге дейін жасалған соңғы мәміле бағасынан 10 (он) пайыздан көпке шегеріледі;

2) орындалуы әрбір осындай мәміле сауда-саттықтың 2 (екі) қатысушысы қарсы өтінімдер беру нәтижесінде жасалу талабымен осы мәмілелердің тараптарда бар шетел валютасы санының айтарлықтай өзгеруіне әкелмеген, 5 (бес) пайыздан көп емес және беру уақыты бойынша 1 (бір) секундтан көп емес көлемдегі айырма көтерілетін немесе төмендейтін баға бойынша мәміле;

3) нәтижесінде сауда-саттық қатысушысының брутто-айналымы сауда күнінің қорытындысы бойынша осы шетел валютасы бойынша барлық қатысушының жалпы брутто-айналымның кемінде 30 (отыз) пайызды құрайды және аталған шетел валютасы бойынша сауда-саттық қатысушысының брутто-айналымы мен нетто-айналым арасындағы айырма осы қатысушының брутто-айналымының 70 (жетпіс) және одан көп пайызын құрайды.

Осы тармақтың мақсаты үшін:

шетел валютасы санының айтарлықтай өзгеруі мәмілелердің тараптарында тұрған шетел валютасының бастапқы санынан 10 (он) және одан көп пайызға айырмашылық танылады;

брутто-айналым деп сауда-саттық қатысушысының сатып алу және сату көлемінің шетел валютасымен көрсетілген сомасы түсініледі;

нетто-айналым деп сауда-саттық қатысушысының сатып алу көлемі мен сату көлемі арасындағы сауда күні ішінде шетел валютасымен белгіленген шетел валютасымен көрсетілген айырманың абсолюттік мәні түсініледі;

көтерілетін баға бойынша мәмілелер сериясы деп осы серияның алдыңғы мәмілесінің әрқайсысының бағасынан жоғары мәмілелер түсініледі.

төмендейтін баға бойынша мәмілелер сериясы деп осы серияның алдыңғы мәмілесінің әрқайсысының бағасынан төмен мәмілелер түсініледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мониторингке және талдауға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәмілелер жасауға байланысты іс-әрекеттері жатпайды.

8. Қор биржасы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінен) кешіктірмей уәкілетті органға Қағидалардың 7-тармағының талаптарына сәйкес келетін мәмілелердің талдауын ұсынады.

9. Қор биржасының ішкі құжаттарында Бағалы қағаздар нарығы туралы заңының 56-бабының және Қағидалардың талаптарына қарама-қайшы келмейтін қосымша талаптар көзделуі мүмкін, осыған сәйкес осы қор биржасының сауда жүйесінде жасалған мәмілелер ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен мәмілелерді анықтау үшін мониторингке және талдауға жатады.

10. Қор биржасының ішкі құжаттарында Бағалы қағаздар нарығы туралы заңының 56-бабының 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес келетін мәмілелерге сәйкес қосымша критерийлер белгіленеді, айла-шарғы жасау мақсатында жасалған бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен мәмілелерді анықтау үшін мониторингке және талдауға жататын мәмілелер алып тасталады.

11. Жасалу параметрлері мен талаптары осы мәмілелер ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп болжауға негіздеме беретін бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді (бұдан әрі - күмәнді мәмілелер) анықтауды мыналар жүзеге асырады:

1) қор биржасы мен бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының есептерінде, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің, мемлекеттік органдардың және өзге жеке және заңды тұлғалардың хаттарында (арыздарында, шағымдарында, өтініштерінде) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарда бар ақпараттың негізінде, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін тексеру қорытындысы бойынша уәкілетті орган;

2) қор биржасының сауда жүйесінде бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қор биржасының құрылымдық бөлімшесі.

Айла-шарғы жасау фактісін болуы не болмауын растау мақсатында уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектілерінен қажетті ақпаратты сұратады және (немесе) бағалы қағаздар нарығы субъектілерін тексеруді жүзеге асырады және (немесе) күмәнді мәмілелер туралы ақпаратты сараптама комитетінің (бұдан әрі - сараптама комитеті) қарауына жібереді.

12. Қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі Қағидалардың 3-тармағында және қор биржасының ішкі қағидаларында белгіленген ережелерді ескере отырып, Қағидалардың 6-тармағына сәйкес келетін мәмілелерді, сондай-ақ осы мәмілелердің ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп пайымдауға негіздер болатын өзге де мәмілелерді анықтаған жағдайда, осындай мәмілелер туралы есеп жасалған күні сараптама комитеті мүшелерінің қарауына тапсырылады.

13. Сараптама комитеті жеті адамнан құрылады және құрамында төраға мен алты мүшесі болады. Сараптама комитетінің төрағасын қор биржасының директорлар кеңесі сараптама комитеті мүшелерінің қатарынан сайлайды.

Мыналар:

уәкілетті органның екі өкілі, олардың біреуі бағалы қағаздар нарығы субъектілерін қадағалауға байланысты мәселелері жөніндегі өкілі және біреуі монетарлық операциялар мәселелері жөніндегі өкілі;

қор биржасының бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастыру мәселелеріне жетекшілік ететін атқарушы органының мүшесі;

қор биржасының директорлар кеңесінің екі мүшесі;

қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерін қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қор биржасының құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

«Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің өкілі Сараптама комитетінің мүшелері болып табылады.

Қор биржасының бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастыру мәселелеріне жетекшілік ететін атқарушы органының мүшесі және қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қор биржасының құрылымдық бөлімшесінің басшысы сараптама комитетінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Сараптама комитетінің құрамы қор биржасының директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және уәкілетті орган келіседі.

14. Сараптама комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Қажет болған жағдайда, сараптама комитетінің отырысына қаралатын күмәнді мәміленің тараптары болып табылатын ұйымдардың өкілдері, және (немесе) осы ұйымдар мәміле жасау жөніндегі бұйрықтарына сәйкес әрекет еткен олардың клиенттері шақырылады.

15. Сараптама комитетінің шешімі оның мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады және сараптама комитетінің қорытындысы түрінде ресімделеді.

Қаралатын күдікті мәміленің тараптары болып табылатын ұйымдарға, бағалы қағаздың немесе қаралатын күдікті мәміленің мәні болып табылатын бағалы қағаздың базалық активінің эмитентіне қатысты үлестес сараптама комитетінің мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

16. Сараптама комитетінің қорытындысы оның күдікті мәмілелер бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп жорамалдауына қажетті және жеткілікті негіздердің болуына қатысты пікірінің көрінісі болып табылады.

Сараптама комитетінің қорытындысына сараптама комитеті төрағасының қолы қойылады және қор биржасы күдікті мәміле анықталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей оны уәкілетті органға жібереді.

Сараптама комитетінің қорытындысында бар ақпаратқа бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпиядан тұратын ақпарат кірмейді

17. Сараптама комитетінің мүшелері сараптама комитетінің жұмысына қатысу барысында алған ақпараттың, оның ішінде коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етеді.

18. Осы Қағидаларда реттелмеген мәселелер бойынша сараптама комитетінің жұмыс тәртібі қор биржасының ішкі құжаттарымен айқындалады.

19. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен жасалған мәмілені бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану уәкілетті орган сараптама комитетінің қорытындысын қарау нәтижелері бойынша жүзеге асырады және уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оның орынбасарының бұйрығымен ресімделеді.

20. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен жасалған мәмілені бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану уәкілетті орган:

1) сараптама комитетінің пікірін қарау (бар болса - ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәміле туралы ақпарат сараптама комитетінің қарауына жіберілген жағдайда);

2) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының есептеріндегі, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің, мемлекеттік органдардың немесе жеке және заңды тұлғалардың хаттарындағы (арыздарындағы, шағымдарындағы, өтініштеріндегі), бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарындағы ақпаратты қарау қорытындылары бойынша, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін тексеру нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

21. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен жасалған мәмілені бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану туралы шешім уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оның орынбасарының бұйрығымен ресімделеді.

22. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танылған бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен жасалған мәміленің тараптарын осындай тану туралы Қағидалардың 19 және 21-тармақтарында көрсетілген бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қаңтар

№ 14

*Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін  
айқындау қағидаларын бекіту туралы*

«Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Бақылау және қадағалау әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Сарсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

## **Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мүліктің тауарлық құнының жоғалуын қоса алғанда, зардап шегушінің моральдық зиянын және жіберіп алған пайдасын өтеуін, сондай-ақ тауарлар жеткізу немесе жұмыстар жүргізу (қызметтер көрсету) мерзімдерін, келісімшарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерді бұзуына байланысты тұрақсыздық айыбын өтеуін есептемегенде, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты шеңберінде көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындаудың бірыңғай тәсілдері мен әдістерін белгілейді.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) түпнұсқа жиынтықтаушы бұйым - көлік құралын жасаушы тексерген және сертификаттаған автомобильдің түпнұсқа жиынтықтаушы бұйымы (тетіктер, тораптар, агрегаты, материалдар);

2) түпнұсқа жиынтықтаушы бұйымның аналогы - өзінің өлшемдері бойынша түпнұсқа жиынтықтаушы бұйымға ұқсас немесе сәйкес келетін автомобильдің түпнұсқа жиынтықтаушы бұйымының (тетіктерінің, тораптарының, агрегаттарының, материалдарының) аналогы.

3. Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін есептеуді сақтандырушы 10 (он) жұмыс күні ішінде Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш негізінде жүзеге асырады.

Көлік құралына зиян келтірілген зардап шегуші (пайда алушы) немесе олардың өкілі ол немесе сақтанушы (сақтандырылушы) Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш берген күннен бастап зақымданған мүлікті ол көлік оқиғасынан кейін болған жағдайда сақтайды және сақтандырушыға зиянның мөлшерін есептеуге мүмкіндік береді.

4. Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін есептеуді ұйымдастыруға мынадай кезеңдер кіреді:

1) сақтанушымен (сақтандырылушымен) не зардап шегушімен (пайда алушымен) немесе олардың өкілдерімен және сақтандырушымен келісім бойынша зақымданған көлік құралын қарап-тексеру орын мен уақытын айқындау;

2) зақымданған көлік құралын қарап-тексеру және қарап-тексеру актісін жасау;

3) зақымданған көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін есептеу.

5. Егер сақтандырушы зиянның мөлшерін есептеуді белгіленген мерзімде ұйымдастырмаса, зардап шегуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері бағалау ұйымының қызметіне дербес жүгінеді және зақымданған көлік құралын қалпына келтіру (кәдеге жарату) жұмысын бастайды. Бағалау ұйымының көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін

айқындау нәтижелерін сақтандырушы зардап шегушіге (пайда алушы) немесе олардың өкілдеріне сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қабылдайды.

Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін есептеу бойынша шығындарды сақтандырушы көтереді.

6. Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшері көлік құралының сақтандыру оқиғасы басталған күнгі амортизациясы (тозуы) шегеріле отырып зақымданған көлік құралын қалпына келтіру құнын есептеу негізінде айқындалады.

Зақымданған көлік құралын қалпына келтіру құны сақтандыру оқиғасы басталған күнгі қолданыстағы нарықтық бағалар негізінде есептеледі.

Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін есептеу кезінде қаралып отырған сақтандыру оқиғасы басталғанға дейін орын алған зақымданулар назарға алынбайды.

Көлік құралы толық істен шыққан жағдайда зиянның мөлшері оның сақтандыру оқиғасы басталған күнгі нарықтық құны негізінде айқындалады.

Егер көлік құралы техникалық тұрғыдан алғанда қалпына келтіруге мүмкін болмаса немесе экономикалық тұрғыдан алғанда орынды болмаса, ол жойылған болып саналады. Егер көлік құралын қалпына келтіру үшін күтілетін шығыстар оның сақтандыру оқиғасы басталған күнгі нарықтық бағасының 80 (сексен) пайызынан асатын болса, көлік құралын қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан алғанда орынды болып саналмайды.

Сақтандырушы зардап шегуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері келісім бойынша сақтандыру төлемінің есебіне зақымданған көлік құралын жөндеу ақысын ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Көлік құралы істен шыққан жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемін зақымданған көлік құралының сақтандыру оқиғасы басталғанға дейінгі нарықтық құны мөлшерінде жүзеге асырылады, бұл ретте зардап шегуші (пайда алушы) немесе олардың өкілі зақымданған көлік құралының қалдығын сақтандырушының меншігіне өткізеді не өткізуге жарамды тетіктердің, тораптардың, агрегаттардың, материалдардың құнын шегере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

7. Зақымданған көлік құралын қарап-тексеру нәтижесі қарап-тексеру актісінде тіркеледі, оған мынадай мәліметтер кіреді:

қарап-тексеру күні және орны;

көлік құралының тіркеу құжаттарының деректері;

жеке тұлғаның көлік құралының иесі туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе заңды тұлғаның толық атауы);

көлік құралының сәйкестендіру сипаттамаларының және өлшемдерінің зақымданған көлік құралының тіркеу құжаттарының мәліметтерімен сәйкес келуі және (немесе) сәйкес келмеуі туралы мәліметтер;

көлік құралы зақымданған күн;

осы ақпарат көзін көрсете отырып көлік құралының жүрген жолы туралы ақпарат;

көлік құралын пайдалану басталған күн;

көлік құралының жиынтықталуы туралы мәліметтер;

көлік құралының зақымдануы (орналасқан жерін, зақымдану түрі мен көлемін көрсете отырып, зақымданған элементтердің сипаттамалары) туралы ақпарат, сондай-ақ зақымдануларды жою тәсілін алдын ала айқындау;

көлік құралын пайдалану ақаулары, авариялық сипатқа дейінгі зақымданулар, бұрынғы жөндеудің іздері, сондай-ақ зиянның мөлшерін есептеу нәтижелеріне әсер ететін басқа факторлар туралы ақпарат;

көлік құралы зақымдануларының қаралып отырған жол-көлік оқиғасына қатыстылығын алдын ала белгілеу;

көлік құралының не оның қалдығының техникалық жай-күйін айқындау жөніндегі деректер;

ықтимал жасырын зақымданулар туралы ақпарат (зақымданулардың болжамды жерін және сипатын көрсете отырып);

көлік құралының зерттеу үшін алынған сынамдары мен элементтері туралы ақпарат (зерттеу себептерін түрін және мақсатын сипаттай отырып);

түстің коды;

көлік құралын қарап-тексеруді жүзеге асырған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

қарап-тексеруге қатысқан адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ескертулері және қолдары;

қарап-тексеру актісі жасалған күн.

Қарап-тексеру актісіне қосымша ақпарат көзі Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген зақымданған көлік құралын фотосуретке түсіруге қойылатын талаптарды ескере отырып алынған зақымданған көлік құралының фотоматериалдары болып табылады.

8. Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін есептеу кезінде:

1) слесарлық жұмыстар;

2) түзету жұмыстары (P1, P2, P3) Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген шанақтар және тірек тораптарының болат жаймалы прокатынан жасалған конструкциялық элементтерді жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындауға, шетелдік өндірушілердің жеңіл автомобилдерінің ойықтары мен шанақтарының қисайған жерлерін жоюға жұмсалған еңбек шығынының (шебердің уақыты) ірілендірілген көрсеткіштері бойынша талаптарға сәйкес;

3) дәнекерлеу жұмыстары;

4) арматуралық жұмыстар;

5) бояу жұмыстары;

6) байланысты операцияларды болдырмауды ескере отырып қалпына келтіру жөндеу үшін талап етілетін жұмыстардың өзге түрлері үшін ақы төлеу шығыстары ескеріледі.

Көлік құралының шанағының, тірегінің, басқа тораптарының, агрегаттарының, жүйелерінің зақымданған жерін жөндеу бойынша жұмыстардың, бояу жұмыстарының еңбек сыйымдылығын айқындау арнайы бағдарламаларды («Нами-Сервис», «ПС: Комплекс», «Автобаза», «Автоэкспертиза», «Автономы», «AutoCalc», «EurotaxRepairEstimate», «EurotaxEgis», «AUDATEX», «MITCHEL») қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Қағидалардың осы тармағының екінші бөлігінде көрсетілген арнайы бағдарламалардағы жұмыстардың еңбек сыйымдылығы туралы ақпарат болмаған жағдайда, жұмыстардың еңбек сыйымдылығы көлік құралын өндірушінің нормативтерін қолдану арқылы жүзеге асырылады, осындай ақпарат болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарын өткізетін ресми өкілдердің нормативтері қолданылады.

Шетелдік өндірушілердің жеңіл автомобилдерінің ойықтары мен шанағының қисайған жерлерін жою бойынша еңбек сыйымдылығының нормативтері Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген.

Пластикалық жиынтықтаушы бұйымдарды қалпына келтіру мүмкіндігін айқындау көлік құралын өндірушінің талаптарын қолдану арқылы, осындай ақпарат болмаған жағдайда, көлік құралын шығарушылардың Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көлік құралын жасаушылардың пластик жиынтықтаушы бұйымдарын жөндеу бойынша ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Зақымданған көлік құралын қалпына келтіру үшін қажетті шығыстардың мөлшерін есептеу кезінде мынадай талаптар ескеріле отырып, жиынтықтаушы бұйымдардың (тетіктердің, тораптардың, агрегаттардың, материалдардың) құны қолданылады:

1) жиынтықтаушы бұйымдардың (тетіктердің, тораптардың, агрегаттардың, материалдардың) атауы орыс тілінде келтіріледі және көлік құралын өндіруші жасаған көлік құралының нақты маркасына (моделіне, модификациясына) арналған қосалқы бөлшектері



каталогында немесе жиынтықтаушы бұйымдарға (тетіктерге, тораптарға, агрегаттарға, материалдарға) қатысты құндық ақпараттың электрондық дерекқорында, осындай дереккөздер болмаған кезде - тиісті жиынтықтаушы бұйымдарды (тетіктерді, тораптарды, агрегаттарды, материалдарды) жеткізушінің бағдарламалық-есеп айырысу кешенінде немесе прайс-парағында көрсетілген толық атауы және олардың көлік құралын өндіруші (жиынтықтаушы бұйымдарды (тетіктерді, тораптарды, агрегаттарды, материалдарды) жеткізуші) берген бірегей нөмірі қамтылады;

2) жиынтықтаушы бұйымдарды (тетіктерді, тораптарды, агрегаттарды, материалдарды) жаңасына ауыстыру кезінде осындай бұйымдар көлік құралын өндіруші белгілеген талаптарға сәйкес келуге қажет.

Түпнұсқа жабдықты өндірушілердің зақымданған жиынтықтаушы бұйымдарды (тетіктерді, тораптарды, агрегаттарды, материалдарды) жөндеу барысында тиісті жиынтықтаушы бұйымдарға ауыстырылады. Осы талап пайдаланылатын материалдарға да қолданылады;

3) технологиялық құжаттамада көзделген жағдайларда, жекелеген жиынтықтаушы бұйымдарды (тетіктерді, тораптарды, агрегаттарды, материалдарды) ауыстыру кезінде ауыстырылатын жиынтықтаушы бұйымдар (тетіктер, тораптар, агрегаттар, материалдар) ғана емес, сондай-ақ зақымдануды жоюды толық қамтамасыз ететін бұйымдар қамтылатын жөндеу жиынтығы ескеріле отырып оларды ауыстыру қажеттілігі ескеріледі;

4) шығарушының кепілдік мерзімі ішінде пайдаланылатын көлік құралдары үшін көлік құралын өндіруші рұқсат ететін қалпына келтірілген жиынтықтаушы бұйымдар (тетіктер, тораптар, агрегаттар, материалдар) болған кезде, осындай жиынтықтаушы бұйымдар (тетіктер, тораптар, агрегаттар, материалдар) Қағидалардың осы тармағының 2) тармақшасының талаптарын сақтау шартымен пайдаланылады.

10. Қағидалардың 9-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құндық дерекқорлардағы, қосалқы бөлшектер каталогындағы жаңа түпнұсқа жиынтықтаушы бұйымдардың құны туралы ақпарат болмаған жағдайда сақтандырушы зақымданған көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін есептеу кезінде түпнұсқа жиынтықтаушы бұйым аналогының құны туралы ақпаратты пайдаланады.

Қағидалардың 9-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құндық дерекқорлардағы, қосалқы бөлшектер каталогындағы түпнұсқа жиынтықтаушы бұйым аналогының құны туралы ақпарат болмаған жағдайда сақтандырушы зақымданған көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін есептеу кезінде бұрын пайдаланылған жиынтықтаушы бұйымдардың (тетіктердің, тораптардың, агрегаттардың, материалдардың) құны туралы ақпаратты пайдаланады.

Бұрын пайдаланылған жиынтықтаушы бұйымдардың (тетіктердің, тораптардың, агрегаттардың, материалдардың) құны олардың жаңа түпнұсқа жиынтықтаушы бұйымдардың құнынан аспайтын нарықтық құны бойынша айқындалады, бұл ретте көрсетілген жағдайда тозу ескерілмейді.

11. Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін есептеу рәсімі аяқталғаннан кейін сақтандырушы зиянның мөлшері туралы есепті зақымданған көлік құралы қарап-тексерілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей зардап шегушіге (пайда алушыға) немесе олардың өкілі танысу үшін ұсынады. Зиянның мөлшері туралы есепке сақтандырушы ауыстырылған жиынтықтаушы бұйымдардың (тетіктердің, тораптардың, агрегаттардың, материалдардың) құнының калькуляциясын енгізеді. Көлік құралына келтірілген зиян мөлшерінің калькуляциясын рәсімдеу тәртібіне қойылатын талаптар Қағидаларға 6-қосымшада көзделген.

Сақтандырушы зиянның мөлшері туралы есепті көлік құралы зақымданған зардап шегушіге (пайда алушыға) немесе олардың өкіліне танысу үшін ұсынады.

Зардап шегуші (пайда алушы) немесе олардың өкілі зиянның мөлшері туралы есепті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде алған есепте зиянның мөлшеріне жүргізілген есептің нәтижелерімен келісетіні не келіспейтіні туралы белгіні көрсетеді.

12. Зардап шегушінің (пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің зиянның мөлшерін есептеу нәтижелерін даулауы «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 22-бабының 5-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **2. Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін есептеу, оны қалпына келтіру құны**

### **1-параграф. Көлік құралының тозуын айқындау**

13. Көлік құралын қалпына келтіре отырып жөндеу құнын айқындау кезінде тозу дегеніміз пайдалану барысында алынған және көлік құралының, тұтастай алғанда, сол сияқты оның жекелеген элементтерінің (түйіндерінің, бөлшектерінің) жай-күйлерін сипаттайтын сыртқы және ішкі факторлардың ықпалымен көлік құралының нақты ескіруінің сандық шамасын білдіреді.

14. Шетелде шығарылған және Тәуелсіз мемлекеттердің достастығы елдері шығарған көлік құралдарының нақты тозу мөлшерінің есебі мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$И_{физ} = И_1 \times П + И_2 \times Д,$$

мұнда:

И<sub>физ</sub> - нақты тозу мөлшері (пайызбен);

И<sub>1</sub> - 1 000 километр жүру жолына тозу көрсеткіші;

П - шығарылған күннен бастап (күрделі жөндеуден кейін) тозу 0.1 дейінгі дәлдікпен айқындалған сәтке дейін (мың километр) жалпы жүрген жолы (нақты П<sub>ф</sub> немесе есептік П<sub>расч</sub>);

И<sub>2</sub> - 1 жыл пайдаланған кездегі тозу көрсеткіші (пайызбен);

Д - нақты қызмет мерзімі (жылдармен).

Коэффициенттер мәні Қағидаларға 7-қосымшаның 1, 3, 4, 5 және 6-кестелерінде көрсетілген.

15. Нақты жол жүру мәні көлік құралының жарамды одометрінен алынады немесе осы көлік құралының есептік құжаттары бойынша қабылданады. Күмәнді жағдайларда жүру жолы бір үлгідегі көлік құралының орташа жылдық жүру жолына және пайдалану ұзақтығына орай есеп айырысу арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$П = П_{расч} = П_{сг} \times Д \text{ (мың километр),}$$

мұнда:

П - шығарылған күннен бастап (күрделі жөндеуден кейін) тозу 0.1 дейін дәлдікпен айқындалған сәтке дейін (мың километр) жалпы жүрген жолы (нақты П<sub>ф</sub> немесе есептік П<sub>расч</sub>);

П<sub>сг</sub> - орташа жылдық жүру;

Д - нақты қызмет мерзімі (жылдармен).

16. Сыртқы түрі бойынша қанағаттанарлық жай-күйде тұрған және пайдалану сипаттамаларына сай болатын және пайдалану қауіпсіздігінің және Қазақстан Республикасы жол қозғалысы туралы заңнамасына талаптарына сәйкес келетін, бірақ 75 (жетпіс бес)

пайыздан астам есептік тозу пайызына жеткен көлік құралын қалпына келтіре отырып жөндеу құнын айқындау кезінде, соңғысы 75 (жетпіс бес) пайыз деңгейге дейін төмендейді.

17. Дайындалған күннен бастап құжаттамалық растамасы жоқ көлік құралының тетіктері, тораптары және агрегаттары үшін олардың жеке тозуын айқындау кезінде қорытындыда міндетті түрде негіздей отырып Қағидаларға 7-қосымшаның 6-кестесінде жазылған Сараптамалық бағалау шкаласын пайдалануға рұқсат етіледі.

18. Көлік құралының бөлшектері және қосымша жабдық, сондай-ақ әйнектер, фарлар, фонарьлар, белдіктер және қауіпсіздік жастықшалар үшін қалпына келтіре отырып жөндеу құнын айқындау кезінде пайдаланған тозу барлық көлік құралына арналған жалпы тозу пайызына сәйкес қабылданады.

19. Көлік құралы шинасының тозу және аккумулятор батареясының тозу пайызын анықтау әдістемелері Қағидаларға 8 және 9-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

20. Күрделі жөндеуден өткен көлік құралының нақты тозуы не көлік құралының күрделі жөндеуден өткен торабының немесе агрегатының жеке нақты тозуы 20 (жиырма) пайызға ұлғаяды.

21. Көлік құралы шығарылған сәттен бастап зерттеу жүргізу сәтіне дейін пайдаланудың ұзақтығы ондық белгіге дейінгі дәлдікпен жылдармен айқындалады. Көлік құралының шығарылған күнін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда есеп айырысуда шығарылған күн үшін көлік құралын пайдалануға енгізілген күн қабылданады.

22. Пайдалану кезінде тез тозатын бөлшектер мен тораптардың жеке пайдаланудың тозуын есепке алудың мүмкін емес болуына байланысты бірнеше рет ауыстыруға ұшырайды, олардың тозуын көлік құралының тозуына теңдей етіп қабылдау қажет.

## **2-параграф. Көлік құралының құнын айқындау**

23. Көлік құралының құнын айқындау үшін екі негізгі тәсілді пайдаланады: салыстырмалы, көлік құралдарын сатудың бастапқы және қайталама нарықтарын талдауға негізделген;

шығынды, тозуын ескере отырып зерттелетін объектіні қалпына келтіруге не ауыстыруға қажетті шығындарды айқындауға негізделген.

Көлік құралының құнын айқындау кезінде кірістік тәсілі қолданылмайды (кірістік тәсілі көбінесе кіріс әкелетін объектілерді - кәсіпорындарды, өндірістік кешендерді және басқа да бизнес объектілерін бағалау үшін тиімді, бұл ретте көлік құралдары кіріс әкелетін жүйенің элементтері болып табылады).

Көлік құралының нарықтық құнын айқындау үшін негізгі деректер көлік құралын қарау, осы көлік құралының құжаттарын зерделеу, анықтама әдебиетін, іс материалдарын зерттеуді, басқа да мынадай берілген құжаттарды:

маркасын, моделін, модификациясын;

шанақтың түрін;

шығару күнін;

жүру жолын;

жинақтау және жиынтық;

көлік құралының техникалық жай-күйін;

бұрын жүргізілген жөндеу әсерлерін, оның ішінде негізгі тараптар мен агрегаттарды ауыстыру көлемі мен сапасын қарау кезінде белгіленген деректер болып табылады.

24. Көлік құралының нарықтық құны дегеніміз есептік ақша сомасын білдіреді, мұнда көлік құралы тиісті маркетинг жүргізілгеннен кейін коммерциялық мәміле нәтижесінде мүдделі сатып алушы мен мүдделі сатушы арасында зерттеу жүргізу күні қолдан қолға өтеді, тараптардың әрқайсы құзыретті, үнемшілдікпен және мәжбүрлеусіз іс-әрекет етеді.

25. Көлік құралының нарықтық құны салыстырмалы тәсілмен айқындалады.

Салыстырмалы тәсіл зерттеу жүргізу сәтінде бастапқы және қайталама нарықтарда қалыптасқан көлік құралдарына сұраныстар мен ұсыныстардың бағаларын пайдалану мен талдауды білдіреді. Осы тәсіл өңірлік нарықтағы осыған ұқсас көлік құралының орташа құнын айқындау арқылы, оны кейіннен түзете отырып іске асырылады.

26. Көлік құралының нарықтық құны мынадай схема бойынша айқындалады:

1) сарапшы мынадай көздердегі баға ақпаратына талдау жүргізеді:

жаңа және ұсталынған көлік құралдарын сатумен айналысатын ұйымдардың прайс-парақтары;

өңірлік мерзімді баспаларда жарияланатын жаңа және ұсталынған көлік құралдарына арналған баға ақпараты;

интернет-ресурстарда жарияланатын жаңа және ұсталынған көлік құралдарына өңірлік нарықтың баға ақпараты;

2) көлік құралының нарықтық құнын айқындау кезінде пайдаланылатын баға ақпаратының көздері қорытындының зерттеу бөлігінде міндетті тәртіппен көрсетіледі;

3) ақпарат көзін таңдау кезінде ол мынадай талаптарға сәйкес келетінін атап өту керек:

ресми басылымның мәртебесі немесе ақпарат ұсынушы баспаға (ұйымға) сілтемелердің болуы;

ұсынылатын ақпараттың зерттеу объектісіне нақты сәйкес болуын белгілеу үшін объектілердің айрықша ерекшеліктері (мысалы, мақсаты, түрі, маркасы, моделі, сәйкестендіру белгілері, негізгі сипаттамалар) туралы мәліметтердің болуы;

шынайы және өзекті ақпарат беру;

жаңа ақпаратты жедел бере алу;

4) көлік құралының нарықтық құнын айқындау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$C_p = \frac{\sum C_i}{i},$$

мұнда:

$C_p$  - көлік құралының нарықтық құны (теңгемен);

$C_i$  - көлік құралының  $i$ -гі ұқсас бағасы;

$i$  - ұсыныстар саны,  $i \geq 3$ ;

5) нарықтық құнды айқындау кезінде зерттелетін көлік құралынан жай-күйінен және жиынтықталуынан өзгеше көлік құралының бағасын пайдаланбайды.

27. Бұрын пайдаланылған және нарықта сұранысқа ие емес көлік құралы тозығы жетіп ескеру белгісі бойынша есептік құнынан 10 (он) пайызға арзандатылады. Осындай арзандату мөлшері, егер зерттеу сәтінде көлік құралының қаралып отырған моделін (модификациясын) шығару тоқтатылса 20 (жиырма) пайызға дейін және оның қосалқы бөлшектерін шығару тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ оның жиынтықталуына және жай-күйіне орай 30 (отыз) пайызға дейін ұлғаяды, сауда-саттыққа 5 (бес) - 10 (он) пайыз аралығында түзету жеңілдігін қолдануға рұқсат етіледі.

28. Тозығы жетіп ескіру салдарынан көлік құралы құнының көлемі туралы түпкілікті шешім қабылдау кезінде тұрмыс нарығындағы нақты баға есепке алынады.

29. Жоғарыда аталған төмендеу факторларын ескере отырып көлік құралының есептік қалдық құны оның бөлшектерінің металлом құнынан төмен емес.

### 3-параграф. Бөлшектенген көлік құралының құнын айқындау

30. Бөлшектенген көлік құралының құнын айқындау құны жинақталған көлік құралы бағасының түрлі болуына және оны бастапқы жай-күйіне келтіру шығындарына орай айқындалады.

31. Бөлшектенген көлік құралының құнын айқындау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) көлік құралының бастапқы, жиынтықталған жай-күйінің құны айқындалады;

2) ұсынылған көлік құралын бастапқы жай-күйіне жиынтықтауға шығындары айқындалады:

жетіспейтін бөлшектер мен тораптардың тізбесі және құны белгіленеді;

жетіспейтін бөлшектер мен тораптарды орнату бойынша жұмыстардың тізбесі мен құны белгіленеді;

3) көлік құралының түпкілікті құнының есебі жинақталған көлік құралы бағасының түрлі болуына және толық жинақтауға берілген көлік құнының шығындарына орай жүргізіледі.

32. Егер көлік құралын толық жиынтықтауға (тозуын ескере отырып) шығындар оның жиынтықталған жай-күйінің нарықтық құнының 80 (сексен) пайызына тең болса немесе одан артатын болса, онда жиынтықталмаған көлік құралының құны пайдалану үшін жарамды көлік құралы қалдықтарының осы Қағидалардың 9-параграфында белгіленген тәртіппен айқындалатын құнына тең.

#### **4-параграф. Пайдалану ақауларын, жарамсыздықтарды және жөндеу іздерін көлік құралының құнында есепке алу**

33. Тиісінше пайдаланбау және (немесе) сақтау талаптарынан болған, бөлшектер ауыстыруды, жөндеуді немесе бояуды қажет ететін ақаулар болған кезде көлік құралының құны оларды жоюға қажетті шығындардың шамасына қосымша азайтылады - Вдэ.

34. Көлік құралының құнын төмендететін ақауларға мыналар жатады:

коррозияның іздері мен салдарлары;

шанақ элементтерінің және басқа да бөлшектердің металдың тозуынан болған сызаттары;

металл емес бөлшектердің (материалдардың), лакпен боялған және басқа да қорғаныш жабуларының сынықтары (шұңқырлары), қараюлары, қабат-қабат болуы, жарылуы, созылуы, қаптаулардың тігісі бойынша жыртылуы;

эйнектеудің тозуы;

автомобиль шанағының салоны мен отырғыштары қаптауларының және тіркемесінің, отырғыштардың және жабу материалдарының ластануы, жыртылуы (тігісі бойынша емес);

көлік құралдары агрегаттарының, тораптарының (бөлшектерінің) нығайтқыштарының әлсіреуі;

сыйымдылықтар мен жүйелердің герметикалық болмауы, пайдаланудың басқа да нақты ақаулары.

35. Көлік құралынан көрсетілген ақаулар анықталған кезде оларды жою шығындарының шамасы пайдаланылған материалдардың, сондай-ақ орнатылған бөлшектердің ақауларын жою жұмысының құнын ескере отырып айқындалады, олардың құны көлік құралының нақты тозуын ескере отырып қабылданады:

$$B_{дэ} = C_{pp} + C_m + C_d \times \left[ 1 - \frac{И_{физ}}{100\%} \right],$$

мұнда:

Вдэ - ақауды жою шығындарының шамасы;

Сpp - ақауды жою бойынша жөндеу жұмыстарының құны;

См - пайдаланылған материалдардың құны;

Сд - тетіктердің құны;

Ифиз - көлік құралдарының нақты тозу мөлшері.

36. Егер көлік құралын тексеру кезінде төмендегілер анықталған жағдайда:

түзету іздері, түзету, қиыстырып келтіру, шанақтың раманың элементтерін жөндеу үшін дәнекерлеу, апаттық, термиялық, пайдаланылған кездегі кедір-бұдырлар, майысып қалулар және басқа да механикалық бүлінулер, боялған беттердің әртүрлі болуы, көлік құралының құны жалпы құнның элементтер бойынша есебі негізінде қосымша төмендейді, баға қосымша төмендету ескеріле отырып мынадай формула бойынша айқындалады:

$$C_{\text{рем}} = C_p \times \left[ 1 - \frac{\sum K_{\text{УТС}i}}{100\%} \right],$$

мұнда:

Срем - көлік құралының қосымша төмендету есепке алынған құны (теңгемен);

Ср - көлік құралының нарықтық құны;

КУТСi - i-ші элемент бойынша көлік құралының тауарлық құнын төмендету коэффициенті, Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес айқындалады.

37. Пайдалану ақауларын анықтау кезінде оларды жою жұмысы қолданыстағы преysкуранттарда (жабулардың ластануы, күңгірттенуі және өзге ақаулар) көзделмеген, есеп айырысудың негізіне жұмыстың болжамды көп еңбек сыйымдылығын (бөлшекті ауыстыруға дейін) және тиісті норма-сағаттың құнын қабылдауға рұқсат беріледі.

38. Көлік құралының түпкілікті құны оның нақты жай-күйін ескере отырып (пайдалану ақаулары және жойылмаған бүлінулері бар) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$C_{\text{ф}} = C_p - B_{\text{дэ}} - C_{\text{рем}},$$

мұнда:

Сф - көлік құралының нақты жай-күйі ескерілген құны (теңгемен);

Ср - көлік құралының нарықтық құны;

Вдэ - ақауды жою шығындарының шамасы;

Срем - көлік құралының қосымша төмендету есепке алынған құны.

### **5-параграф. Көлік құралын қалпына келтіре отырып жөндеу құнын айқындау**

39. Қалпына келтіре отырып жөндеу - көлік құралының техникалық сипаттамаларын және осы көлік құралының бүлінгенге дейін тікелей бар болған тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті жұмыстар кешені.

40. Көлік құралын қалпына келтіре отырып жөндеу құнын айқындау бастапқы жай-күйіне дейін (апатқа дейінгі) көлік құралын қалпына келтіру үшін жеткілікті шығындардың барынша ықтимал сомасын білдіреді.

41. Бүлінген көлік құралын қалпына келтіре отырып жөндеу құнының есебі сараптама жүргізу кезінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$$C_{\text{вр}} = C_{\text{рр}} + C_{\text{м}} + C_{\text{д}}$$

мұнда:

Свр - бүлінген көлік құралын қалпына келтіріп жөндеу құны;

Срр - ақауды жою бойынша жөндеу жұмыстарының құны;  
См - пайдаланылған материалдардың құны;  
Сд - тетіктердің құны.

### **6-параграф. Көлік құралын қалпына келтіру үшін қажетті жөндеу жұмыстарының көлемін айқындау**

42. Жөндеу жұмыстарының көлемі, тәсілдері, түрлері, технологиясы және еңбек сыйымдылығы көлік құралын әзірлеуші кәсіпорын белгілеген технологияға сәйкес бөлшектеу, жинау, қиыстырып келтіру, реттеу, бояу, коррозияға қарсы және шуға қарсы өңдеу жұмыстарын және өзге де жұмыстар жүргізу қажеттігін ескере отырып, бөлшектер мен тораптардың зақымдану сипаты мен дәрежесіне, жай-күйіне (коррозиялық бұзылушылықтар) байланысты сараптамалық жолмен, әзірлеуші кәсіпорында жөндеу технологиясы туралы мәліметтер болмаған жағдайда - әзірлеуші кәсіпорындардың ресми өкілдіктерінің қолда бар аналогтары мен деректері бойынша сараптамалық бағалаулар арқылы айқындалады.

43. Көлік құралының техникалық жай-күйін және ықтимал жасырын бүлінулері бар тораптар мен агрегаттар бойынша көлік құралын қалпына келтіруге қажетті жөндеу жұмыстарының көлемін айқындай отырып, осы болжам нақты расталғанға дейін есеп айырысуларда бөлшектерді ауыстыруға болжамды құнды есепке алмай тексеру жұмысын (қажет болған кезде бөлшектеуге және ақаулы анықтауға) ескеру қажет.

44. Көлік құралын қалпына келтіре отырып жөндеу құнын айқындау кезінде жөндеу ықпалдарының мынадай түрлерін айыруға ұсынылады:

1-жөндеу - жақын жерлерде болған бүлінулерді жою (тетіктің үсті 20 (жиырма) пайызға дейін);

2-жөндеу - 50 (елу) пайызға дейін өзгерген тетіктің үсті бойынша бүлінулерді дәнекерлеу арқылы жою немесе 1-жөндеу;

3-жөндеу - 30 (отыз) пайызға дейін өзгеріске ұшыраған бөлшектің үстіндегі бүлінулерді металды тарту немесе түзету, қондыру, жөндеуге жатпайтын учаскелерді кесіп алу және қалпына келтірілетін бөлшектен оған қалып түрін бере отырып шанақтың ақаулы бөлшегінен немесе метал табағынан жөндеу қондырғыларын дайындау арқылы жою;

4-жөндеу - бөлшектің үстіндегі 30 (отыз) пайыздан астам алаң бүлінулерді 3-жөндеу арқылы жою;

ауыстыру және ішінара ауыстыру - бүлінген бөлшекті немесе бөлшектің бір бөлігін номенклатуралық, қосалқы бөлікпен не одан жасалған жөндеу қондырғысымен ауыстыру. Ішінара ауыстыру ең алдымен еңсіз және ұзын бөлшектер (көлденеңдері, лонжерондары, бүйірлері, су бүркіштері) бүлінген кезде жүргізіледі.

4-жөндеуді бөлшекті ауыстыру мүмкін емес болған немесе экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай емес болған кезде айрықша жағдайларда қолдану қажет. Алюминий құймалардан орындалған көлік құралдары үшін қалпына келтіре отырып жөндеу құнын есептеу кезінде 2-жөндеуден астам жөндеу тағайындауға рұқсат берілмейді, бұл көлік құралының бөлшегіне термиялық әсердің шектелуіне байланысты. Шанақ бөлшектерін ауыстыру бойынша көп жұмсалатын еңбекке мынадай жұмыстар есепке алынады:

метал қалдығын, жұмсақ қабатты тотты (коррозияны) жоя отырып, ескі бөлшекті ажырату және алып тастау;

қабысқан жиектерді тегістеу;

дәнекерленген нүктелер мен тігістерді тазалай отырып, жаңа бөлшекті қиыстырып келтіру және дәнекерлеу;

ақаулы орындарды өңдей отырып үстін толықтырғышпен тегістеу.

45. Жеңіл автомобильдің, микроавтобустың, автобустың шанағымен және рамасын, жүк автомобилінің кабинасымен және рамасын ауыстыру оларды жөндеуге қабылдауға белгіленген талаптарға сәйкес келмеген кезде тағайындалады.

46. Белгіленген талаптар болмаған жағдайда, ауыстыруды мына талаптарды орындаған кезде тағайындау ұсынылады:

1) шанақтың күрделі немесе ерекше күрделі қисаюы пайда болғанда, ауыстыру қажеттілігі кезінде:

бұзылуларды жоюмен (2-жөндеуден төмен емес) немесе алдыңғы жағының қалқанын, екі бүйірінің (бір бүйірінің) алдыңғы тіреуін, шетіндегі терезенің рамасын, сол жақтағы және (немесе) оң жақтағы салонның алдыңғы еденінің панелін, төбесінің панелін ауыстырумен кузовтың алдыңғы лонжерондарымен алдыңғы бөлігін;

бұзылуларды жоюмен (2-жөндеуден төмен емес) немесе артқы қалқаны, артқы жақтағы терезенің рамасын, екі бүйірінің (бір бүйірінің) артқы бөліктерін, сол жақтағы және (немесе) оң жақтағы салонның артқы еденінің панелін ауыстырумен артқы лонжерондарымен артқы бөлігін;

2) шанақтың төбесінің панелі, салонның лонжерондарымен едені, бүйірі, мотор қалқаншасы, алдыңғы лонжерон, артқы лонжерон сияқты элементтерін 50 (елу) пайызынан астамын ауыстыруды талап ететін зақымданулар болуы;

3) ауыстырылатын немесе жөнделетін тетіктердің сапалы түйіндесуін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін оның тіреуіш элементтерінің тесіп өткен тат басуы болған кезде шанақтың орташа немесе күрделі бір жаққа қисаюы;

4) жекелеген элементтерін ауыстыру немесе жөндеу арқылы шанақ пен раманы қалпына келтіріп жөндеу экономикалық тұрғыдан қажетті емес.

47. Сарапшы бояу жұмыстарының көлемі белгіленген кезде барлық ауыстырылған және дәнекерлеуге, тегістеуге, бояп жөндеуге түскен тетіктерді қасындағы тетіктермен бөліп тұрған жерге дейін, сондай-ақ егер дәнекерлеу арқылы қосу нәтижесінде боялған бет жағы зақымданса, қасындағы тетіктерді (тегістеу) толық (ішінара емес) бояу қажеттілігін қарайды.

48. Егер жоғарыда аталған талаптарға сәйкес көлік құралының ішкі боялатын бет жағының 50 (елу) пайызынан астамы бояуға жатса, оның сыртқы жағы толық боялуы белгіленеді.

49. Егер көлік құралын қарап шыққанда мыналар:

зақымдануына дейін толық элементте лакпен бояу болмағаны;

элементтің зақымданған аймағында лакпен бояу болмағаны;

элементте тесіп өткен тат басу белгілері бар болғаны анықталғанда, шанақтың жекелеген элементтерін және көлік құралдарының қанаттарын бояу бойынша жұмыс белгіленбейді.

50. Егер көзбен көріп шығу әдісімен зақымданған көлік құралының қалпына келтіру жұмысының көлемін анықтауда апатты зақымдану аймағындағы трансмиссия немесе күш агрегаттары тораптарының ішкі тетіктеріндегі, сондай-ақ автомобиль шанағының жасырын тетіктеріндегі (күшейткіштер, дөңгелектердің аркалары) жасырын ақауларды анықтауға мүмкіндік болмағанда, онда сарапшы жасырын ақаулар бойынша барлық ұсыныстарды қорытындыға жазады, бірақ болжамды ашылған торапты, агрегатты тікелей қарап шығу арқылы немесе жөндеу кәсіпорнында орындалған жұмыстың тапсырыс-бөлу парағымен растағанға дейін көлік құралын қалпына келтіру құнына жасырын ақауды жою құнын кіргізбейді.

## **7-параграф. Қосалқы бөлшектердің және материалдардың құнын анықтау**



51. Ауыстырылуға жататын (ауыстырылған) тетіктердің, тораптардың, (Сд) агрегаттарының және материалдардың құны осы өңірдің бірегей қосалқы бөліктерге не жеткізу мүмкіндігін ескере отырып басқа өңірдің қолда бар нарықтық бағалары туралы ақпаратының негізінде айқындалады. Қосалқы материалдардың құны норма-сағат құнында ескерілген және оған қосымша ақы төленбейді.

52. Ифиз табиғи тозуды ескере отырып ауыстырылуға жататын (ауыстырылған) тетіктердің, тораптардың, агрегаттарының құны мына формула бойынша есептеледі:

$$C_d = C_d^{нов} \times [1 - I_{физ} / 100\%],$$

мұнда:

Сд - ауыстырылуға жататын (ауыстырылған) тетіктердің, тораптардың, агрегаттарының құны (теңгемен);

$C_d^{нов}$  - жаңа тетіктің құны (теңгемен).

Ифиз - нақты тозу шамасы (пайызбен).

### **8-параграф. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының құнын анықтау**

53. Сpp қалпына келтіру жұмыстарының құны өндіруші-кәсіпорын көлік құралын техникалық қамтамасыз етуге және жөндеуге кеткен еңбектің белгілеген нормативтері Тр және көлік құралы бойынша жұмыстың және бұл типтегі көлік құралын жөндеудің бір норма-сағаты құнының негізінде мына формула бойынша айқындалады:

$$C_{pp} = C_{нч} \times \sum T_{ip},$$

мұнда:

Сpp - ақауды жою бойынша жөндеу жұмыстарының құны;

Снч - норма-сағаттың құны (теңгемен);

Тip - жұмыстардың і-лік түріне кеткен еңбек, норма-сағат.

54. Көлік құралын жөндеуде көп еңбекті қажет етуді айқындау кезінде көлік құралын өндіруші немесе уәкілетті ұйымдар әзірлеген және бекіткен техникалық қамтамасыз ету және жөндеу бойынша жұмыстарға көп еңбекті қажет ету нормалары пайдаланылады. Егер мұндай нормалар болмаған жағдайда, осыған ұқсас көлік құралы үшін қолданылып жүрген көп еңбекті қажет ету нормаларын пайдалану қажет.

55. Норма-сағаттың құнына салынған пайдалану мерзімі мен шетелде шығарылғаны үшін үстеме қосымша есептелмейді.

56. Жинақтарға енгізілмеген жекелеген жұмыстардың құны өңірлік нарықта қалыптасқан бағаға қарай ақшалай көрсету бойынша тікелей алынады.

### **9-параграф. Көлі құралы жойылған жағдайда, жарамды қалдықтардың құнын анықтау**

57. Жол көлік оқиғасы, апат нәтижесінде немесе басқа сыртқы себептер бойынша зақымданған көлік құралының жарамды қалдықтары деп түзу, одан әрі пайдалануға жарамды, нарықта белгілі бір сұранысқа ие тетіктер (агрегаттар, тораптар) түсініледі.

Көлік құралынан шешіп алынған және сатуға арналған, кемінде 60 (алпыс) пайыз тозған және кемінде 10 (он) жыл жұмыс істеу мерзімі бар жарамды қосалқы бөлшектер.

Жұмыс істеп тұру мерзімі 10 (он) жылдан асқан және тозуы 60 (алпыс) пайыздан асқан қосалқы бөлшектер үшін сынық құны бойынша кәдеге жаратылатын қалдықтардың ғана құны есепке алынады.

58. Қалдықтар:

1) тетіктің (агрегаттың, тораптың) толықтығын және тауар түрін бұзатын зақымдану болмауы, бұл ретте тетік (агрегат, торап) жұмыс істеп тұр;

2) көлік құралын өндіруші көздемеген конструкцияны, тұтастығын және тетік (агрегат, торап) геометриясын өзгерту болмаған;

3) жөндеу іздері, тегістеу, шпатлевка іздері сияқты бұрын жүргізілген жөндеу әсерінің белгілері жоқ деген талаптармен жарамды деп танылады.

59. Жарамды қалдықтардың құны деп сату алдындағы шығындарды (бөлшектеуге, ақауға, сақтауға кеткен шығындарды) және сату кезіндегі сауда шығасыларын ескере отырып, олар нарықта сатудың барынша ықтималды құны түсініледі.

60. Көлік құралының жарамды қалдықтарының (агрегаттардың және тораптардың) нарықтық құны мына формула бойынша анықталады:

$$C_{го} = C_{тс}^{ан} \times \sum_{i=1}^n \frac{Y_{oi}}{100} \times K_{повр} \times K_{сд} \times K_{спр} \times K_3,$$

мұнда:

$C_{го}$  - көлік құралының жарамды қалдықтарының (агрегаттардың және тораптардың) нарық құны (теңгемен);

$C_{тс}^{ан}$  - көлік құралы аналогының құны (теңгемен);

$Y_{oi}$  - Қағидаларға 11-қосымшаның 1, 2, 3, 4 және 5-кестелеріне сәйкес анықталатын көлік құралының нарық құнындағы  $i$ -тық жарамды қалдығының үлес салмағы;

$K_{повр}$  - жарамды қалдықтың зақымдану дәрежесін ескеретін коэффициент;

$K_{сд}$  - көлік құралында жасырынды ақаулары болуын ескеретін коэффициент (есептеу үшін  $K_{сд} = 0,9$  қолданылады);

$K_{спр}$  - жарамды қалдықтарға сұраныс коэффициенті;

$K_3$  - сату алдындағы шығындарды (бұзуды, ақау анықтауды), сондай-ақ көлік құралының жарамды қалдықтарын сатқан кезде сауда шығасыларын ескеретін коэффициент, оны 1,25-ке тең алу ұсынылады.

61. Көлік құралының жарамды қалдықтарының зақымдану дәрежесін ескеретін коэффициент Қағидаларға 11-қосымшаның 6-кестесіне сәйкес анықталады.

62. Көлік құралының жарамды қалдықтарына жасалған сұраныс коэффициенті Қағидаларға 11-қосымшаның 7-кестесі бойынша анықталады.

63. Көлік құралының жарамды қалдықтарына сараптама жүргізудің тәртібінде мына сатылар қамтылады:

1) зақымданған көлік құралының жарамды қалдықтарына жатқызылған тетіктердің (агрегаттардың, тораптардың) зақымдану номенклатурасы мен дәрежесін анықтау жарамды қалдықтарға сараптама жүргізу кезінде сараптамалық қарап шығудың мақсаты болып табылады;

2) көлік құралы сараптамалық қарап шығуға жол көлік оқиғасы кезіндегі жай-күйіне сәйкес келетін, өзгермеген түрінде ұсынылады. Көлік құралының сараптамаға берілген қалдықтары осы көлік құралына тиесілі ретінде сөзсіз сәйкестендіріледі;

3) жармады қалдықтарға сараптама жасау үшін көлік құралын сараптамалық қарап шығуды көлік құралының техникалық жай-күйіне құралдық бақылау құрылғыларын және олардың жекелеген агрегаттарын тарта отырып жүргізу ұсынылады;

4) көлік құралының одан әрі пайдалануға жатпайтын қалдықтары олардың конструкциясына кіретін сынықтың, қара және түсті металдардың құны бойынша

анықталады. Бүгінгі күні металлломға өткізу үшін жеңіл автомобильді бұзу, ақауды анықтауға кететін шығын, металлломды қабылдауға дейін жеткізу және металлломға өткізу құны автомобильдің конструкциясындағы металды сынаққа өткізу құнынан асып түссе, онда жеңіл көлік үшін одан әрі пайдалануға жарамайтын қалдықтарының құны есептелмейді.

64. Әртүрлі көлік құралының түрлеріне арналған аналогтарды іріктеу, көлік құралдары шанағының қисықтығын жіктеу, сондай-ақ көлік құралын бояу бойынша талаптар Қағидаларға 12, 13 және 14-қосымшаларға сәйкес жүргізіледі.

Келіп түскен күні

(күні, айы, жылы)

Кіріс тіркеу нөмірі

№ \_\_\_\_\_

Басқарма Төрағасына

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ және сақтандыру ұйымының атауы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)),

\_\_\_\_\_ тұрғылықты жері не

\_\_\_\_\_ заңды тұлғаның атауы орналасқан орны,  
байланыс деректері)

сақтанушы

сақтандырылушы

зардап шегуші

пайда алушы

өкілі

болып табылады

(өтініш берушінің мәртебесі бір ұяшықта

немесе өкілі өтініш берген кезде екі

ұяшықта көрсетіледі)

### Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш

\_\_\_\_\_ тиесілі  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не заңды тұлғаның атауы)

\_\_\_\_\_ басқаратын,  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ көлік құралы,  
(көлік құралының маркасы және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі)  
\_\_\_\_\_ тиесілі

i

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не заңды тұлғаның атауы)  
\_\_\_\_\_ басқаратын,  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ көлік құралы арасында болған  
(көлік құралының маркасы және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі)

\_\_\_\_\_ (жол-көлік оқиғасының болған орны, қаласы, күні)  
жол-көлік оқиғасына байланысты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мүлікке  
(көлік құралының маркасы және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі)  
келтірілген зиянның мөлшерін есептеуді ұйымдастыруды сұраймын.

\_\_\_\_\_ Өтініш берушінің қолы


\_\_\_\_\_ Толтырылған күні

Зақымдалған көлік құралын фотосуретке  
түсіруге қойылатын талаптар

Зақымдалған көлік құралдарын қарап тексеруді жүргізу кезінде төмендегі талаптар мен ұсынымдарды ескере отырып фотосуретке түсіру қажет:

1) жалпы сурет (жалпы түрі) - көлік құралының ұзына бойы осіне бұрышы 45 градус болатын көлік құралының алдыңғы (сол-оң жағы) және артқы жағынан түсірілген түрі, ол зақымдалған бөліктердің, тораптардың, агрегаттардың, бөлшектердің жалпы түріне байланыстыра отырып көлік құралының тіркеу нөмірі анық көрінетіндей болуға тиіс.


Зақымдалған бір жері болған кезде кем дегенде 2 сурет жасау қажет. Жеңіл автомобильді жалпы суретке түсіруді жүргізу кезінде арақашықтық 5 метрге жуық болуы тиіс (1-сурет).




1-сурет. Зақымдалған көлік құралын фототүсіруді орындау схемасы  
(жалпы түрі)

Көлік құралының тіркеу құжаттарын (көлік құралының сәйкестендіру нөмірін (VIN), ол болмаған кезде шанақ немесе раманың нөмірі) және жол-көлік оқиғасы болған орыннан анықтаманы қосымша суретке түсіру ұсынылады. Нақты нөмірлердің тіркеу құжаттарының нөмірлерімен алшақтық болған кезде құжаттар мен нөмірлердің суреттері міндетті тәртіпте орындалады;

2) тораптық суреттер - негізгі зақымдалған жиынтықтаушы бұйымдарды (бөлшектер, тораптар және агрегаттар) қамти отырып зақымдалған жердің көзге көрінетін шекарасы (2-сурет).





2-сурет. Зақымдалған сол жақтағы алдыңғы есікті фототүсіруді орындау схемасы

Өлшеу құралы - масштабты сызғыш (рейка) бөлшектегі зақымдарды жаппайтындай етіп, алып-салынатын бөлікке, торапқа, агрегатқа, бөлшекке өте жақын тіреп тұратын жерге тік орнатылады. Фотоаппарат объективінің оптикалық осі масштабты рейкаға перпендикуляр орналастырылады. Жалпы суретте негізі көрінеді, оған өлшеу құралы шкаласының бас жағы орнатылады.

Келтірілген зақымның көлемін неғұрлым нақты көрсету мақсатында фотосуретті әртүрлі бұрыштан түсіру орынды;

3) жан-жақты (масштабтық) суреттер - көлік құралының жақын аралықтан көрінетін жеке (оқшауланған) зақымдары. Сипаты немесе көлемі тораптық сурет бойынша жеткілікті түрде анық айқындалмайтын зақымдар бойынша орындалады.

Суреттерде қарап тексеру актісінде көрсетілген барлық зақымдар, олардың түрі мен көлемін айқындау мүмкіндігімен тіркеледі.

Тораптық және жан-жақты суреттерді орындаған кезде оларды көлік құралының осіне қатысты бір сызықта өзгермейтін бұрышта тұрып, бірінен кейін бірін түсіру ұсынылады, яғни жалпы, тораптық суреттер, одан кейін көлік құралына жақындай отырып сол бұрыштан жан-жақты сурет орындалады.

Тік орналасқан бөліктерді фототүсіру кезінде объективтің оптикалық осі көлденең орналастырылады және түсірілетін жердің (бөліктің, тораптың, агрегаттың, бөлшектің) ортасына бағытталады.

Көлік құралының зақымдану мөлшерін кейін анықтау мақсатында суретке түсіру объектісінен жақын арада масштабты сызғышты бекітіп қою қажет.

Неғұрлым анық және ақпараттық көріністі алу мақсатында әртүрлі бұрыштан бірнеше жан-жақты суреттер орындалады.

Жол-көлік оқиғасында зақымдалған, бірақ көлік құралында жоқ (мысалы, жұлынған бампер, артқы жақты көрсететін айна) жиынтықтаушы бұйымдар (бөліктер, тораптар және агрегаттар) мүмкіндігінше зақым келген бекітілетін орнына жақын жеке суретке түсіріледі.

Қаралып отырған жол-көлік оқиғасына себеп-салдарлық байланысы жоқ зақымдар көлік-трасологиялық сараптаманы (өлшеу рейкасын немесе өлшеу басқа құралдарын міндетті түрде пайдалана отырып) жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуді ескере отырып суретке түсіріледі.

Фотосуреттерде зақымдалған жердің жалпы түрі және негізгі сипаттамаларын (динамикалық немесе статистикалық, бағыты, кіру тереңдігі, бірнеше зақымның болуы және (немесе) көлік құралының өзге зақымдары) белгілей отырып, орын алған жері және зақымдардың мөлшерін көрсету мүмкіндігі бойынша байланыстыра отырып жеке зақымдар көрсетіледі.

Фотокестені ресімдеу кезінде түсіндірме жазбалар мен көрсеткіштер, оның ішінде графикалық редакторды пайдалана отырып, енгізіледі.

Суреттер фото кестеде нөмірленеді және қарап тексеруді жүргізетін маманның қолымен куәландырылады. Фото кестедегі А4 форматтағы парақтағы суреттердің ұсынылатын саны төрттен аспауы тиіс.

Электрондық түрдегі суреттер электрондық тасымалдағышта орналастырылады және қарап тексеру актісіне қоса беріледі. Электрондық тасымалдауыштың қосымшасының болуы маманды фотокестені ресімдеп, қарап тексеру актісіне қоса беру міндетінен босатпайды.

**Шанақтар мен тірек тораптарының болат жаймалы прокатынан жасалған  
конструкциялық элементтерін жөндеу жұмыстарын орындауға, шетелдік  
өндірушілердің жеңіл автомобилдерінің ойықтары мен шанақтарының қисайған  
жерлерін жоюға жұмсалған еңбек шығынының (шебердің уақыты) ірілендірілген  
көрсеткіштері**

Зақымдану ауданы, (шар. м.)	Қажетті уақыт <sup>1</sup> (норма-сағат)		
	1-ші күрделілік санаты <sup>2</sup>	2-ші күрделілік санаты <sup>2</sup>	3-ші күрделілік санаты <sup>2</sup>
1	2	3	4
0,01	0,6	0,8	1,1
0,02	0,7	1,0	1,3
0,03	0,8	1,1	1,5
0,04	0,9	1,3	1,7
0,05	1,0	1,7	2,0
0,06	1,1	1,9	2,4
0,07	1,2	2,3	2,7
0,08	1,3	2,4	2,9
0,09	1,4	2,5	3,3
0,10	1,6	2,8	3,5
0,11	1,7	2,9	3,8
0,12	1,9	3,1	3,9
0,13	2,0	3,3	4,1
0,14	2,2	3,5	4,4
0,15	2,4	3,6	4,6
0,16	2,5	3,7	4,8
0,17	2,7	3,8	5,0
0,18	2,9	4,0	5,2
0,19	3,0	4,2	5,4
0,20	3,1	4,3	5,6
0,21	3,3	4,4	5,7
0,22	3,4	4,5	5,8
0,23	3,5	4,7	6,0
0,24	3,7	4,8	6,3
0,25	3,8	5,0	6,5
0,26	3,9	5,1	6,7
0,27	4,0	5,2	6,9
0,28	4,1	5,3	7,1
0,29	4,2	5,4	7,2



0,30	4,4	5,5	7,5
Шанақ, қисайған жерлерін жою	Күрделі емес (ойық) 2,0	Орташа (бір ойықтан асатын; ойық плюс лонжерондар) - 3,8	Күрделі (шанақтың қаңқасы - еденнің, қақпағының панельдерімен немесе лонжерондармен екі ойықтан асатын) - 7,5

Ескертпе:

<sup>1</sup>Қажетті уақыт (норма-сағат) - қажетті уақыт дайындық-қорытынды жұмыстарды ескермей келтірілген.

<sup>2</sup>Күрделілік санаты - күрделілік санаты отандық өндірушілердің көлік құралдарын жөндеуді нормалауға байланысты емес (1, 2, 3-санаттары) және зақымдану деңгейіне байланысты:

1-санат - жай (тегістелуі күрделі емес) бет жағындағы күрделі емес майысулар;

2-санат - қатпарлардың пайда болуынан, металдың созылуынан болған күрделі майысулар не тегістелген беттердегі күрделі емес майысулар;

3-санат - қатты қабырғалары бұзылған күрделі майысулар (ауыстыру, қалпына келтіру немесе ендірмені қолдану орынды болмаған жағдайда).

Көлік құралына келтірілген зиянның  
мөлшерін айқындау қағидаларына  
4-қосымша

**Шетелдік өндірушілердің жеңіл автомобилдерінің ойықтары мен шанағының  
қисайған жерлерін жою бойынша еңбек сыйымдылығының нормативтері**

Қисайған жерлерін жою	Қисайған жері күрделі емес (ойық)	Қисайған жерінің күрделілігі орташа (бір ойықтан асатын; ойық плюс лонжерондар)	Қисайған жері күрделі (шанақтың қаңқасы - еденнің, төбесінің панельдерімен немесе лонжерондармен екі ойықтан асатын)
еңбек сыйымдылығының нормативтері	2,0	3,8	7,5

Көлік құралына келтірілген  
зиянның мөлшерін айқындау  
қағидаларына 5-қосымша

Көлік құралын жасаушылардың пластик қосалқы бұйымдарын жөндеу бойынша ұсынымдары

№	Көлік құралын жасаушы	Жөндеу объектісінің сипаттамасы					
		Жөнделетін элементтердің номенклатурасы	Қалпына келтірілетін зақымданулардың түрлері және рұқсат етілген шекті өлшемдері				
			Сынықтар	Тесілулер	Бөлініп түсу	Жарықтар	Сызаттар
1	2	3	4	5	6	7	8
1	AUDI	Шектеусіз	Жөндеуге жатпайды	Диаметрі 30 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін
2	BMW	Бекітпе элементтерінен басқа	Жөндеуге жатпайды	Жөндеуге жатпайды	+	Жөндеуге жатпайды	+
3	CITROEN	Шектеусіз	Жөндеуге жатпайды	Жөндеуге жатпайды	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін
4	DAEWOO	Шектеусіз	+	+	+	+	+
5	DAIHATSU	Шектеусіз	Жөндеуге жатпайды	+	+	+	+
6	FIAT	Пластик ыдыстардан, рульмен басқару бөлшектерінен және оптика элементтерінен басқа	Жөндеуге жатпайды	+	+	+	+

7	FORD	Шектеусіз	Жөндеуге жатпайды	Диаметрі 30мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін
8	HONDA	Шектеусіз	Жөндеуге жатпайды	+	+	+	+
9	HYUNDAI	Бамперлер, молдингтер, декоративтік және қорғау жапсырмалары	Жөндеуге жатпайды	+	+	+	+
10	JAGUAR	Шектеусіз	Жөндеуге жатпайды	+	+	+	+
11	KIA	Шектеусіз	Жөндеуге жатпайды	+	+	+	+
12	LADA	Шектеусіз	Жөндеуге жатпайды	+	+	+	+
13	MAZDA	Пластик ыдыстардан, рульмен басқару бөлшектерінен және оптика элементтерінен басқа	Жөндеуге жатпайды	+	1мм-ден төмен емес	1мм-ден төмен емес	1мм-ден төмен емес
14	MITSUBISHI	Бамперлер, молдингтер, декоративтік және қорғау жапсырмалары	Жөндеуге жатпайды	+	+	+	+
15	MERCEDES	Пластик ыдыстардан және рульмен басқару бөлшектерінен басқа	Жөндеуге жатпайды	+	+	+	+
16	NISSAN	Шектеусіз	+	+	+	+	+
17	OPEL	Шектеусіз	+	Диаметрі 30мм дейін	+	Ұзындығы 40 мм дейін	+
18	PEUGEOT	Шектеусіз	Жөндеуге жатпайды	Диаметрі 30мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін
19	PORSCHE	Шектеусіз	Жөндеуге жатпайды	Диаметрі 30мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін
20	PROTON	Шектеусіз	+	+	+	+	+

21	RENAULT	Шектеусіз	До 100 мм длиной	Жөндеуге жатпайды	Жөндеуге жатпайды	Ұзындығы 100 мм дейін	Жөндеуге жатпайды
22	ROVER	GfK, PUR, ABS, PC, PA-дан жасалған бөлшектер	+	+	+	+	+
23	SEAT	Үсті боялмаған құрылымдалған пластиктерден басқа	Жөндеуге жатпайды	Диаметрі 30мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін
24	SKODA	Үсті боялмаған құрылымдалған пластиктерден басқа	Жөндеуге жатпайды	Диаметрі 30мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін
25	SUBARU	Шектеусіз	+	+	+	+	+
26	SUZUKI	Шектеусіз	+	+	+	+	+
27	TOYOTA	Шектеусіз	Жөндеуге жатпайды	Диаметрі 30мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін
28	VOLVO	Шектеусіз	+	+	+	+	+
29	VW	Үсті боялмаған құрылымдалған пластиктерден басқа	Жөндеуге жатпайды	Диаметрі 30мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін	Ұзындығы 100 мм дейін

### Көлік құралына келтірілген зиян мөлшерінің калькуляциясын рәсімдеу

1. Көлік құралына келтірілген зиян мөлшерінің калькуляциясында мынадай мәліметтер қамтылады:

1) титул парағында:

калькуляцияның атауы;

калькуляцияның нөмірі;

калькуляция жасалған күні;

объектінің атауы мен тұрған жері;

объектіні қарау өткізілген күні;

айқындалатын құнның түрі (типі);

өтініш берушінің (пайда алушының) толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты(бар болса);

зиянның мөлшерін анықтайтын сақтандырушы туралы мәліметтер: толық атауы, БСН, банктік деректемелері, заңды мекенжайы;

тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, мөрмен (бар болса) және калькуляцияны бекітетін адамның қор қоюымен расталады;

2) жалпы ақпарат және объектінің сипаттамасы;

3) есептеу бөлігі:

зиянның мөлшерін айқындау процесінің сипаттамасы;

Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларына сәйкес орындалған есептер;

4) калькуляцияның қорытынды бөлігі;

5) калькуляцияға қосымшада мыналар қамтылады:

объектінің суреті;

есеп кестесі (бар болса);

калькуляцияны жасауға арналған бастапқы деректер.

2. Құнның жиынтық шамасы Қазақстан Республикасының валютасында (теңгемен) көрсетіледі және жақшаның ішінде соманың жазбаша талдамасы бар, теңгеге дейін дөңгелектенген цифр түрінде көрсетіледі.

3. Сақтандырушы жасаған калькуляцияны заңды тұлғаның басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам бекітеді және мөрмен (бар болса) расталады.

Титул парағынан басқа, калькуляцияның парақтарының әрбір беті нөмірленеді және тігіледі.

Көлік құралына келтірілген зиянның  
мөлшерін айқындау қағидаларына  
7-қосымша

Көлік құралының тозуын айқындау

1-кесте: Жеңіл автомобильдерге арналған И1, И2 және ПСГ мәндері

Кластың типі	Модельдердің үлгілері	И1, % 1000 км	И2, бір жылда	ПС Г, мың км
Аса шағын	Ока, Suzuki Swift және өзгелері	0.4 0	1.0 8	11
Шағын	ВАЗы-21**, Москвич, BMW-3, Daewoo Nexia және өзгелері	0.3 6	0.9 2	15
Орташа	Жеңіл «ГАЗ», BMW 5-ші сериялы және өзгелері	0.2 8	0.8 8	18
Орташа жоғары (үлкен)	Hyundai Sonata, Toyota Camry, Lexus GS, ES және өзгелері	0.1 9	0.8 5	20
Өкілдік, спорт купе	BMW 7-series, Mercedes-S класты және өзгелері	0.1 7	0.8 9	17
Жолсызбен жүретін автомобиль	ВАЗ-2121, Kia Sportage, SsangYong Musso, Korando, Mitsubishi Pajero, Toyota Land Cruiser және өзгелері	0.3 0	0.9 6	14
Мини-вэндер және микроавтобустар	Mitsubishi Space Wagon, Runner, RVR және өзгелері	0.2 2	0.8 1	28

2-кесте: Жүк автомобильдеріне арналған И1, И2 және ПСГ мәндері

Кластың типі	Модельдердің үлгілері	И1, % 1000 км	И2, бір жылда	ПС Г, мың км
3.5 тоннаға дейін	УАЗ-451, Газель, ГАЗ-52, 3306, 6611 Avia-A30, WV-Transporter және өзгелері	0.2 8	0.8 4	46
3.5-тен 6 тоннаға дейін	ГАЗ-53, 3307 ЗИЛ-130, 555 және өзгелері	0.2 3	0.7 5	60
6-дан 10 тоннаға дейін	МАЗы, КРАЗ-260, КАМАЗ-4325, 5511, MAN, RENAULT, DAF MERCEDES-BENZ және өзгелері	0.1 7	0.7 2	85
10-нан 50 тоннаға дейін	КАМАЗ-55111, КРАЗ-257-51, MAN, SCANIA, DAF, MERCEDES-BENZ және өзгелері	0.2 4	0.8 1	58
20 тоннадан жоғары	БЕЛАЗ, IVECO, MAGIRUS-380 және өзгелері	0.3 7	0.9 4	38

3-кесте: автобустарға арналған И1, И2 және ПСГ мәндері

Кластың типі	Модельдердің үлгілері	И1,	И2,	ПС
--------------	-----------------------	-----	-----	----

		% 1000 км	% бір жылда	Г, мың км
20 отыратын орынға дейін	КАВЗ, ПАЗ, IVECO, FIAT	0.2 3	0.8 2	55
Қалалық	ЛАЗ, ЛиАЗ, ICARUS, MAN, MERCEDES-BENZ	0.1 9	0.7 7	62
Қалааралық	ЛАЗ, ICARUS, NEOPLAN және өзгелері	0.1 4	0.7 1	75

4-кесте: Мототехникаға арналған И1 және ПСГ мәндері

Мототехниканың түрі	И <sub>1</sub> , % 1000 км	И <sub>2</sub> , % бір жылда	ПСГ, мың км
Мопедтер, мокики, минимокики (қозғалтқыштың көлемі 50 сантиметрге <sup>3</sup> дейін)	2.15	-	3.72
Мотоциклдер (қозғалтқыштың көлемі 50 сантиметрден <sup>3</sup> жоғары 350 сантиметрге <sup>3</sup> дейін)	1.68	-	5.96
Мотоциклдер (қозғалтқыштың көлемі 350 сантиметрден <sup>3</sup> жоғары)	1.20	-	8.34

5-кесте: Мототехникаға арналған И<sub>2</sub> мәндері

Қозғалтқыштың жұмыс көлемі	Орташа жылдық жол жүруіне қарай бір жылдағы И <sub>2</sub> , %								
	орташа жылдық жол жүру (мың километрмен)								
	1-ге дейін	1-2	2-3	3-4	4-5	5-6	6-8	8-10	10-нан жоғары
350 сантиметрге <sup>3</sup> дейін	4.0	3.9	3.7	3.4	2.9	2.3	1.7	1.1	0.8
350 сантиметрден <sup>3</sup> жоғары 750 сантиметрге <sup>3</sup> дейін	3.5	3.4	3.2	2.9	2.5	2.1	1.6	1.0	0.6
750 сантиметрден <sup>3</sup> жоғары	3.0	2.9	2.7	2.4	2.1	1.9	1.5	0.9	0.4

6-кесте. Сараптама бағаларының шкаласы

Көлік құралы жай-күйінің бағасы	Көлік құралы жай-күйінің нақты сипаттамасы	Тозу мәні,%
Жаңа	Сату алдындағы дайындықты орындағаннан кейінгі, пайдаланылуының белгілері жоқ, жаңа, белгіленген тәртіппен тіркелмеген көлік құралы	0-5
Өте жақсы	Техникалық қызмет көрсету көлемдері орындалған, пайдаланудың кепілдік берілген кезеңіндегі, жөндеуді немесе қандай да бір бөліктерін ауыстыруды талап	5-20



	етпейтін жаңа көлік құралы.	
Жақсы	Техникалық қызмет көрсету көлемдері орындалған, пайдаланудың кепілдік берілген кезеңнен кейінгі кезеңдегі, күрделі жөндеуден кейін жөндеуді немесе қандай да бір бөліктерін ауыстыруды талап етпейтін көлік құралы.	20-30
Қанағаттанарлық	Пайдалануда болған, техникалық қызмет көрсету көлемдері орындалған, ағымдағы жөндеуді немесе кейбір бөлшектерін ауыстыруды талап ететін және лак бояуы шамалы зақымданған көлік құралы.	30-60
Шартты түрде жарамды	Пайдалануда болған, агрегаттары ағымдағы жөндеуден өткен (ауыстырылған), шанақты (кабинасын) «Б» жөндегеннен (бояғаннан) кейін одан әрі пайдалануға жарамды күйдегі көлік құралы.	60-75
Қанағаттанарлықсыз	Пайдалануда болған, нөмірлі агрегаттары (қозғалтқыш, шанақ, рама) күрделі жөндеуді немесе ауыстыруды, «А» бояуды талап ететін көлік құралы.	75-80
Пайдалануға жарамсыз	Пайдалануда болған, орындаудың экономикалық орындылықтан асатын көлемде жөндеуді талап ететін көлік құралы.	80-95

### Көлік құралы шинасының тозу пайызын айқындау

1. Шиналардың тозу (ескіру) критерилеріне мыналар жатады:
  - 1) пайдалану мерзімі;
  - 2) протектор суретінің биіктігі және оның біркелкі тозбауы;
  - 3) механикалық бұзылулардың және ақаулардың болуы.
2. Шина ресурсы төмендейді және тиісінше тозу пайызы ұлғаяды:
  - 1) 10 (он) пайызға дейін - егер құрастыру кезінде борты бүлінсе;
  - 2) 20 (жиырма) пайызға дейін - егер боялғаны, протекторда жарықша немесе сызат болса және корд ашылмастан бүйірі тозса;
  - 3) 25 (жиырма бес) пайызға дейін - протектордың бір жерінің тозуы (теңбілдігі);
  - 4) қаңқасы қабатталған шиналар 100 (жүз) пайыз тозған болып табылады.
3. Шинаның тозғандығының анықталған пайызына пайдалану мерзімі бойынша тозу (ескіру) пайызы қосылады.

3 (үш) жыл пайдаланылғаны үшін шина пайдалану мерзімімен бірге ескіру салдарынан өз ресурсының 10 (он) пайызына дейін жоғалтады.

3 (үш) жылдан 5 (бес) жылға дейінгі аралықтағы шинаның ескіруі 25 (жиырма бес) пайызға дейін ұлғаяды. Пайдалану мерзімі 5 (бес) жылдан жоғары шина тозуды есептеу пайызының тура 50 (елу) пайызына жетеді.

Пайдалану мерзімі шинаның зауыттық маркасына сәйкес дайындау күні бойынша айқындалады.
4. Шина протекторының ресурсы протектордың ең төменгі рұқсат етілген биіктігін шегергенде (Вдоп) оның жаңа шинадағы биіктігіне қарай сипатталады (Вн), ондай кезде шина қолданыстан алынып тасталады (жеңіл автомобильдердің шиналары үшін 1,6 миллиметр, жүк автомобилдерінің шиналары үшін - 1,0 миллиметр, автобустардың - 2,2 миллиметр, мотошиналар - 0,8 миллиметр, тіркемелер үшін - тягач автомобилінің шинасы сияқты).
5. Шина протекторы суретінің қалдық (нақты) биіктігі (ВФ) шеңбер бойынша шинаның өлшенген 4 (төрт) кесігінің орташасы ретінде айқындалады. Әрбір кесікте сурет биіктігі барынша тозған жүру жолағының аймағы бойынша айқындалады.
6. Шинаның проектор биіктігі бойынша тозу пайызы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$I_{ш} = \frac{B_n - B_{\Phi}}{B_n - B_{доп}} \times 100\%$$

мұндағы:

$I_{ш}$  - шинаның тозу пайызы (пайызбен);

$B_n$  - жаңа шина протекторының биіктігі (миллиметр);

$B_{\Phi}$  - жол жүру жолағы бойынша толық тозған протектордың нақты биіктігі (миллиметр);

$B_{доп}$  - протектордың ең төменгі рұқсат етілген биіктігі (миллиметр).

7. Протекторы 100 (жүз) пайыз тозған, бірақ қалпына келтіруге болатын шиналар үшін, қалпына келтіруге тиесілі шенінің кепіл бағасына тең болатын қалдық құны белгіленеді, ол орташа алғанда жаңа шеннің 0,03 (ноль бүтін жүзден үш) пайызын құрайды.

8. Бұдан былай пайдалануға және қалпына келтіруге жарамсыз шиналарға қалдық құнсыз 100 (жүз) пайыз тозу белгіленеді.

9. Жаңа протектор салу арқылы қалпына келтірілген шеннің тозу пайызы жоғарыда сипатталған әдіспен айқындалады, бұл ретте, жаңартылған протектордың суретінің биіктігі жеңіл автомобильдер үшін 10 (он) миллиметр, жүк автомобильдері мен автобустар үшін 20 (жиырма) миллиметр ретінде қабылданады, қалпына келтірілген шеннің орташа құны жөндеу қалпына келтіру құнымен қоса қалпына келтірілуге тиісті шеннің кепілдік құнына тең болады, ол шамамен жаңа шен құнының 0,2 (ноль бүтін оннан екі) пайызын құрайды.

Мотошиналар қалпына келтіруге келмейді.

10. Камералық шиналардың тозу пайызын есептеген кезде олардың қалдық құнын есептегенде камерасы бар шинаның есептеу құны есепке алынады.

11. Көлік құралының шинасы әртүрлі тозған жағдайда тозу есебі әрбір шина бойынша жеке жүргізіледі.

Шинаның тозуының жуықтап алынған есебі мынадай тәртіппен айқындалады:

жеңіл автомобильдің 165/80R13 шинасы;

пайдалану мерзімі 2 (екі) жыл, құрастыру кезінде борты бұзылған;

құрастыру кезінде бортының бұзылуы шина ресурсын 10 (он) пайызға төмендетеді;

пайдалану мерзімі 2 (екі) жылғы шиналар тозуды тағы 7 (жеті) пайызға азайтады.

Протектор суретінің биіктігін 4 (төрт) қиылысу бойынша өлшеу мынадай нәтиже берді:

$$B_{\phi} = \frac{4.5 + 4.4 + 4.0 + 4.3}{4.0} = 4.3 \text{ миллиметр}$$

бұл жағдайда проектор суреті бойынша шинаның тозуы мыналардан тұрады:

$$I_{\text{ш}} = \frac{B_{\text{н}} - B_{\phi}}{B_{\text{н}} - B_{\text{доп}}} \times 100\% = \frac{8.6 - 4.3}{8.6 - 1.6} \times 100\% = 61\%.$$

Шинаның жиынтық тозуы:

$I_{\text{ш}} = 10 + 7 + 61 = 78$  пайыз болады.

12. Бірқатар шина модельдері протекторының суреті биіктігінің мәні төменде келтірілген.

#### Жеңіл автомобильдердің шиналары

Шинаның маркалануы	Моделі (шиналардың кестеген енгізілмеген ескі модельдерінде жұмыс істеу мерзімін айқындау, ал жаңа протектордың биіктігін 10 миллиметрге тең деп қабылдау қажет)	Протектор суретінің биіктігі, миллиметр
155-13/6,15-13	И-151 И-Л143 И-Л43	8,5
165-13/6,45-13	М-145 АИ-168, 168У	9,2
165/80R13	МИ-166 МИ-16	8,6
165/82R13	ИЯ-170	8,5
175/70R13	ИН-251	7,0
165/70R13	Ех-85	7,5

	Вли И-15	
185-14/7,35-14	ИД-195 АИД-23	9,5
5,60-5 (145-380)	М-59А	9,0
155/80R14	МИ-182	8,5
165/80R14	МИ-180	8,5
175/70R14	МИ-181	8,5

Жүк автомобильдері мен автобустардың шиналары

Шинаның маркалануы	Моделі	Протектор суретінің биіктігі, миллиметр
7,50-20 (ТУ 38104146-77)	Я-151	15,5
220-508 (7,50-20)	МИ-173	17,0
220-508 (7,50-20)	ИЯ-112А	15,0
220R-508R (7,50R20)	ИЯ-196	15,0
240-508 (8,25-20)	ИК-6АМ	16,0
240R-508R (8,25R20)	К-55А	18,0
240R-508R (8,25R20)	КИ-63	18,0
260-508 (9,00-20)	И-252Б	20,0
260-508 (9,00-20)	И-249А	18,0
260-508 (9,00-20)	МИ-155	21,0
260R-508R (9,00R20)	И-Н142Б	21,0
260R-508R (9,00R20)	МИ-151	18,0
260-508 (10,00-20)	ИВл-1А	20,0
260R-508R (10,00R20)	ОИ-73Б	16,0
300-508 (11,00-20)	В-195А	20,0
300R-508R (11,00R20)	И-68А	20,0
300R-508R (11,00R20)	И-111А	20,0
320-508 (12,00-20)	ИЯВ-12Б	22,0
320-508 (12,00-20)	ИЯ-241	15,0
320R-508R (12,00R20)	И-109Б	24,0
320R-508R (12,00R20)	И-А150 И-150А	18,0
10,00-18 (ТУ 38104260-77)	К-65	20,0
320-457 (12,00-18)	К-70	20,0
320-508 (12,00-20)	М-93	25,0
370-508 (14,00-20)	ОИ-25 Я-307 Ф-10А	18,0
Шетелдік шығарушылардың шиналары:		
220-508 (7,50-20) (ТУ 38104265-77)	Ех-20	15,3
240-508 (8,25-20) (ТУ 3810471-77)	Ех-20	16,3
260-508 (9,00-20) (ТУ 3810433-75)	Ех-20	18,5
320-508 (12,00-20) (ТУ 38104296-79)	Ех-20	23
260R-508R (9,00R20) (ТУ 38104301-80)	Ех-21	18

280R-508R (10,00R20) (ТУ 38104304-80)	Ех-21	18,5
300R-508R (11,00R20) (ТУ 38104302-80)	Ех-21	19
320R-508R (12,00R20) (ТУ 38104303-80)	Ех-21	20
370/80R508 (ТУ 38104211-79)	НР-54	21
1220X400-533 (ТУ 38104326-80)	И-П184	23
260R-508R (9,00R20)	Ех-12	14
260R-508R (9,00R20)	И-Н190	18
280P508 (10,00R20)	Д-2М	14
300R508 (11,00R20)	Д-3М	17
310/80R508	Д-1М	16
310/80R508	И-А232	21
255R572 (10R22,5)	У-1	18
1200X500-508	ИД-П-284	25

#### Мотошиналар

Шинаның маркалануы	Моделі	Протектор суретінің биіктігі, миллиметр
3.75-19	И-40	7,0
3.50-18	К-102	9,0
3.25-16	Л-133	7,0
3.50-16	Н-126	8,0
3.00-18	Л-251	7,0
2.50/85-16	Л-264	6,5
2.25-19	Л-156	3,0
4.00-10	В-47	7,0
	К-82	7,5
4.00-10С	К-96	8,0
2.50-19	Л-129	7,0
5.00-10	В-19АМ	6,5
3.00-19	Л-170	5,0
3.25-19	Л-130	7,0
3.25-19	С-76	5,0
3.00-10	К-90	7,0
6.70-10	Н-222	8,5

### Аккумуляторлы батареяның тозу пайызын айқындау

1. Дұрыс аккумуляторлы батареяның тозғаны ұсынылған аккумуляторлы батареяны пайдаланудың нақты мерзімінің оны ауыстырғанға дейін пайдаланудың белгіленген мерзіміне арақатынасы ретінде айқындалады:

$$И_{акб} = (Д_{ф} / Д_{ст}) \times 100\%,$$

мұнда:

Иакб - аккумуляторлы батареяның тозуы (пайызбен);

Дф - аккумуляторлы батареяны пайдаланудың нақты мерзімі (жылмен);

Дст - аккумуляторлы батареяны пайдаланудың белгіленген мерзімі (жылмен).

Аккумуляторлы батарея қызметінің нақты мерзімі көлік құралын көлік құралы құнын анықтау жөніндегі сарапшының (маманның) қарау күні мен аккумуляторлы батареяны дайындау күнінің (аккумуляторлы батареяны таңбалау бойынша) түрлілігі ретінде айқындалады.

Шығару күні аккумуляторлы батареяға таңбалау бойынша айқындалады, оның таңбалау түрі мен тәсілі нақты аккумуляторлы батареяны дайындауға нормативтік құжаттарда белгіленген.

Аккумуляторлы батареяны пайдаланудың белгіленген мерзімі мыналарға тең болып қабылданады:

4 (төрт) жыл - көлік құралы орташа жылдық 40 000 (қырық мың) километрге дейін жол жүрген кезде;

3 (үш) жыл - көлік құралы орташа жылдық 40 000 (қырық мың) километрден көп жол жүрген кезде.

Дұрыс аккумуляторлы батареяның тозуы 90 (тоқсан) пайыздан аспайды.

2. Пайдалануға және қалпына келтіруге жарамсыз аккумуляторлы батареялардың тозуы 100 (жүз) пайызды құрайды.

3. Аккумуляторлы батареяның қалдық құнын анықтаған кезде аккумуляторлы батареяның құны аккумуляторлы батарея құрамында бар қорғасын сынығының белгіленген құнынан төмен емес мөлшерде белгіленеді.

Көлік құралының тауарлық құнының жоғалу коэффициенті

1-кесте. Жеңіл автомобильдердің және олардың негізінде жүк автомобильдердің тауарлық құнының жоғалу коэффициенті

№	Элементтің атауы	КУТС i		
		Ауыстыру	жұмыс 2	жұмыс 3, 4
Алдыңғы бөлігі				
1	Капот	-	0.3	0.7
2	Жинақтағы алдыңғы панел (радиатор рамкасы) (ауыстырған кезде УТС алынбалы панельдеріне арналған - 0)	0.5	0.2	0.4
2.1	Алдыңғы жоғарғы маңдайша (радиатор рамкасы)	0.2	0.1	0.2
2.2	Алдыңғы төменгі маңдайша (радиатор рамкасы)	0.3	0.1	0.2
3	Радиатор каптамасының алынбалы қалқаншасы	-	0.1	0.2
4	Радиатор каптамасының алынбалы қалқаншасы	0.3	0.2	0.3
5	Алынбалы қаптал	-	0.1	0.3
6	Алынбайтын қаптал	0.5	0.3	0.5
7	Алдыңғы қапталдың лонжеронсыз қалқаншасы (оның ішінде, жоғарғы күшейткішпен жинақта)	1.7	0.7	1
8	Қапталдың алдыңғы қалқаншасыз лонжероны	0.7	0.3	0.8
9	Алдыңғы қаңқа (оның ішінде, жалғамамен жинақта)	0.7	0.4	0.7
9.1	Алдыңғы қаңқа жалғамасы	0.3	0.2	0.3
10	Ауа бергіш коробка	0.3	0.2	0.3
11	Желдеткіш терезе рамасының панелі	0.7	0.4	0.5
11.1	Желдеткіш терезе рамасы панелінің төменгі бөлігі	0.4	0.2	0.3
Ортаңғы бөлігі				
12	Бүйірдегі есік	-	0.2	0.4
13	Қақпақ панелі (оның ішінде, маңдайшалармен бірге)	1.5	0.7	1.7
14	Бүйірдегі қақпақ панелі (құрастырылған - жеке элемент)	0.3	0.2	0.3
15	Шанақтың артқы қалқаншасы бар бүйірі (құрастырылған - жеке элемент)	2	-	-
15.1	Артқы қалқаншасы жоқ жанақ бүйірі (құрастырылған - жеке элемент)	1.5	-	-
15.2	Бүйірдің жоғарғы бөлігі (алдыңғы тұғырдан артқы тұғырға дейін)	0.5	0.5	1
15.3	Алдыңғы бүйірдің тұғыры (қақпақтан шетіне дейін)	0.7	0.3	0.4
15.4	Алдыңғы бүйірдің тұғыры (қақпақтан шетіне дейін)	0.5	0.3	0.4
15.5	Желдеткіш және артқы терезенің тұғыры (бүйір тұғырының немесе терезе рамасының алдыңғы немесе артқа бөлігі)	0.2	0.1	0.2
15.6	Орталық бүйірдің тұғыры	0.5	0.3	0.4

15.7	Бүйірдің төменгі бөлігі (шегі)	0.5	0.5	1
16	Салонның едені	3	0.7	1.4
17	Лонжерон, салон еденінің алдыңғы бөлігі	0.3	0.2	0.3
Артқы бөлігі				
18	Артқы есік, жүк салғыш қақпағы	-	0.3	0.7
19	Артқы панель (оның ішінде, күшейткішпен немесе алдыңғы бөлікпен жинақта)	0.4	0.3	0.5
20	Қаптал (құрастырылған - жеке элемент)	0.5	0.3	0.5
21	Қаптал - артқы ішкі бүйір панелі (құрастырылған - жанақ бүйірінің бірыңғай элементі)	0.6	0.4	0.7
22	Жинақтағы артқы дөңгелектің аркасы (сыртқы және ішкі бөлігі; ішкі бүйірінің артқы бөлігін қоса алғанда, егер құрастырылған - бірыңғай элемент болса)	0.4	0.3	0.4
22.1	Артқы дөңгелектің сыртқы аркасы (ішкі бүйірінің артқы бөлігін қоса алғанда, егер құрастырылған - бірыңғай элемент болса)	0.2	0.1	0.2
22.2	Бүйірдің ішкі панелі - артқы бөлігі (құрастырылған - жеке элемент)	0.2	0.1	0.2
23	Жүк салатын бөліктің едені (оның ішінде, жалғамасымен)	0.6	0.4	0.6
23.1	Жүк салатын бөлік еденінің бүйірдегі немесе артқы жалғамасы	0.3	0.2	0.3
24	Артқы лонжерон	0.7	1	1.5
25	Артқы еденнің алдыңғы маңдайшасының жалғамасы (немесе жалғамасы бар маңдайша)	0.3	0.2	0.3
26	Артқы терезе рамасының панелі	0.7	0.4	0.5
26.1	Артқы терезе рамасының төменгі маңдайшасы (оның ішінде, артқы сөресімен)	0.4	0.2	0.3
Бояуы				
27	Жанақтың толық немесе сыртқы бояуы	5	-	-
28	Шанақтың бір сыртқы элементінің бояуы:			
	бірінші элементтің бояуы	0.5	-	-
	екінші және әрбір келесі элементтің бояуы	0.35	-	-
Қиғаштықтарды шешу, жою				
29	Жеңіл автомобиль, микроавтобус салонын толық бұзған кезде зауыттық жиналудың бүтіндігін бұзу	1	-	-
29.1	Жеңіл автомобиль, микроавтобус салонының алдыңғы бөлігін бұзған кезде зауыттық жиналудың бүтіндігін бұзу	0.4	-	-
29.2	Жеңіл автомобиль, микроавтобус салонының артқы бөлігін бұзған кезде зауыттық жиналудың бүтіндігін бұзу	0.3	-	-
29	Рама	-	0.7	2.0
29.1	Рама лонжероны	-	0.5	
29.2	Раманың алдыңғы немесе артқы маңдайшасы	0.5	0.3	0.5
29.3	ТСУ маңдайшасы	0.5	0.3	0.5
Бояуы				
30	Жанақтың (кабина) толық немесе сыртқы бояуы	5	-	-



31	Шанақтың бір сыртқы элементінің бояуы:			
	бірінші элементтің бояуы	0.5		
	екінші және әрбір келесі элементтің бояуы	0.35		
32	Жүк автомобилі кабинасының жабдығын немесе микроавтобус салонын толық бұзған кезде, сондай-ақ раманы ауыстырған кезде зауыттық жиналудың бүтіндігін бұзу	1	-	-
33	Майысу:			
	қиын емес	1	-	-
	орташа	2	-	-
	қиын	3	-	-
	аса қиын	5	-	-

2-кесте. Жүк автомобильдердің және автобустардың тауарлық құнының жоғалу коэффициенті

№	Элементтің атауы	КУТС i		
		Ауыстыру	жұмыс 2	жұмыс 3, 4
Алдыңғы бөлігі				
1	Капот	-	0.15	0.35
2	Жинақтағы алдыңғы панел (радиатор рамкасы) (ауыстырған кезде УТС алынбалы панельдеріне арналған - 0)	0.5	0.2	0.4
2.1	Алдыңғы жоғарғы маңдайша	0.2	0.1	0.3
2.2	Алдыңғы төменгі маңдайша	0.3	0.1	0.2
3	Алынбалы қаптал (алдыңғы немесе артқы бөлігі)		0.1	0.2
4	Алынбайтын қаптал (алдыңғы немесе артқы бөлігі)	0.25	0.15	0.25
5	Алдыңғы қапталдың лонжеронсыз қалқаншасы	0.5	0.2	0.4
6	Қапталдың алдыңғы қалқаншасыз лонжероны	0.7	0.5	0.8
7	Кабина еденінің лонжероны	0.3	0.1	0.2
8	Алдыңғы қаңқа (қақпақ жинағы үшін)	0.7	0.5	0.8
9	Желдеткіш терезе рамасының панелі	0.5	0.3	0.5
10	Кабинаның бүйірдегі панелі - есік қуысы (табалдырық)	0.7 (0.5)	0.5 (0.3)	1.0 (0.5)
11	Кабина есігі	-	0.15	0.25
Ортаңғы бөлігі				
12	Бүйірдегі есік		0.15	0.25
13	Қақпақ панелі (маңдайшаларымен)	1.5	0.8	1.5
13.1	Алдыңғы қақпақ панелі (ортаңғы, артқы)	0.8	0.3	1.0
14	Бүйірдегі қақпақ панелі (құрастырылған - жеке элемент)	0.5	0.3	0.5
15	Кабинаның немесе фургонның бүйірі	1.5	-	-
16	Фургонның бүйірдегі сыртқы панелі	1.0	0.5	0.8
16.1	Бүйірдің төменгі бөлігі (табалдырық)	0.5	0.3 (0.5)	0.5 (1.0)
16.2	Табалдырық панелі (ұзарқышпен)	0.5	0.3	0.5
17	Бүйір тұғыры	0.5	0.3	0.5
18	Кабина немесе фургон тұғырының күшейткіші (детальға арналған)	0.3	0.2	0.3

19	Кабина едені (салонның алдыңғы едені)	1.5	0.5	0.7
20	Салонның ортаңғы едені	3.0	1.0	1.5
21	Салон еденінің лонжероны, маңдайшасы	0.3	0.2	0.3
22	Артқы дөңгелектің аркасы	0.5	0.3	0.4
Артқы бөлігі				
23	Артқы есік (айқара ашылатын есік болған кезде әрқайсысына)	-	0.15	0.35
24	Кабинаның артқы қабырғасы (жоғарғы немесе төмен)	1.0	0.5	0.8
25	Артқы еден	0.7	0.3	0.6
26	Артқы панель	0.5	0.3	0.5
27	Артқы панельдің маңдайшасы		0.1	0.2
28	Бүйірдің бұрыштық панелі	0.5	0.3	0.5

Көлік құралына келтірілген зиянның  
мөлшерін айқындау қағидаларына  
11-қосымша

Көлік құралының жарамды қалдықтарының құнын анықтау

1-кесте. Жеңіл автомобильдердің құнындағы негізгі бөліктер құнының пайыздық үлесі, Уді

Бөлік (агрегат, торап)	Көлік құралы жетегінің типі, Уді		
	алдыңғы	артқы	толық
Бірінші жиынтықталу шанағы	46	49	42
Жабдығы жоқ шанақ, боялған	27	29	22
Шанақтың жабдығы	19	20	20
Жабдығы және ілінісі бар қозғалтқыш	23	23	21
Жабдығы мен ілінісі жоқ қозғалтқыш	18	18	17
Беріліс қорабы	10	6	6
Кардандық беріліс (үлестірме қорабы)	0	1	4
Дөңгелек жетектері бар негізгі беріліс	6	0	8
Рульдік жетегі бар жинақтағы алдыңғы аспа	7	7	5
Жинақтағы артқы аспа - артқы ось	5	5	4
Жетекші артқы көпір	0	6	7
Сервотетікті қоса алғанда, рульдік басқару	1	1	1
Басқалары	2	2	2

2-кесте. Жеңіл автомобильдің шанағындағы бөліктер құнының шамалы пайыздық арақатынасы

Көлік құралының сол жақ бортының элементтері		
10%		7%
Сол жақ қапталы, қаптал қорғанышы, қалқанша, лонжерон, жарық техникасы		Сол жақ б лонжерон, д аркасы, күш жарық техн
50%		
Төбесі, асты, табалдырығы, тіректері, есіктері, салон, әйнектелуі		
		

3-кесте. Жүк көтергіштігі аз автомобильдердің құнындағы негізгі бөліктердің пайыздық үлесі, Уді

Бөлік (агрегат, торап)	Көлік құралының типі, Уді		
	бортты	фургондар	микро автобустар
Бірінші жиынтықталу шанағы	0	41	46
Жабдығы жоқ шанақ, боялған	0	21	20
Бірінші жиынтықталу кабинасы	20	0	0
Жабдығы жоқ кабина, боялған	11	0	0
Шанақ / кабина жабдығы	9	20	26
Жүк автомобилінің шанағы	8	0	0
Жабдығы және ілінісі бар қозғалтқыш	24	21	20
Жабдығы мен ілінісі жоқ қозғалтқыш	17	18	16
Беріліс қорабы	8	5	4
Кардандық беріліс	1	1	1
Алдыңғы көпір	5	5	5
Рульдік жетегі бар жинақтағы алдыңғы аспа	12	9	8
Жинақтағы артқы аспа - артқы ось	5	3	3
Жетекші артқы көпір	10	9	6
Рама	4	3	4
Сервотетікті қоса алғанда, рульдік басқару	1	1	1
Басқалары	2	2	2

4-кесте. Жүк автомобильдерінің (стандартты түрде жабдықталған) құнындағы негізгі бөліктердің пайыздық үлесі, Уді

Бөлік (агрегат, торап)	Көлік құралының типі, Уді		
	самосвалдар	бортты	тягачтар
Бірінші жиынтықталу кабинасы	15	17	21
Жабдығы жоқ кабина, боялған	10	11	10
Кабина жабдығы	5	6	11
Жүк автомобилінің шанағы	12	11	0
Жабдығы және ілінісі бар қозғалтқыш	22	22	23
Жабдығы мен ілінісі жоқ қозғалтқыш	15	15	16
Беріліс қорабы	9	9	9
Кардандық беріліс (үлестірме қорабы)	2	1	1
Алдыңғы көпір	5	5	5
Рульдік жетегі бар жинақтағы алдыңғы аспа	8	8	8
Жинақтағы артқы аспа - артқы ось	5	5	5
Жетекші артқы көпір (артқы + орта)	10	10	14
Рама	8	8	8
Сервотетікті қоса алғанда, рульдік басқару	2	2	2
Басқалары	2	2	4

5-кесте. Көлік құралының құнындағы негізгі бөліктердің пайыздық үлесі, Уді

Бөлік (агрегат, торап)	Көлік құралының типі, Уді					
	автобус троллей-бус	жоғары өтімділік	мото-техника	трактор, жол машина	тіркеме	жартылай тіркеме

Жабдықталған шанақ	48	40	0	0	0	0
Жабдығы жоқ шанақ, боялған	19	21	0	0	0	0
Жабдықталған кабина	0	0	0	15	0	0
Жабдығы жоқ кабина, боялған	0	0	0	8	0	0
Шанақ/кабина жабдығы	29	19	0	7	0	0
Мотоциклдарға арналған жүк шанағы, отын бағы	0	0	15	0	31	40
Мотоциклға арналған жабдығы және ілінісі, беріліс қорабы бар қозғалтқыш	20	17	40	29	0	0
Жабдығы мен ілінісі жоқ қозғалтқыш	16	12	0	0	0	0
Беріліс қорабы	5	7	0	20	0	0
Үлестірме қорабы, кардандық беріліс, ось аралық дифференциал	0	5	0	0	0	0
Алдыңғы көпір	7	0	0	10	10	0
Жетекші алдыңғы көпір	0	9	0		0	0
Жетекті және сервотетікті қоса алғанда, рульдік басқарудағы алдыңғы аспа	8	5	16	2	0	0
Тіркемелерге арналған бұрылыс жұдырығы бар арба	0	0	0	0	12	0
Жинақтағы артқы аспа - артқы ось	3	3	8	0	10	20
Жетекші артқы көпір	7	7	0	15	0	0
Рама	0	5	12	0	25	30
Басқалары	2	2	9	9	12	10

Осы Қосымшаның 3, 4 және 5-кестелерінде «Рульдік трапециямен жинақтағы алдыңғы аспа» деген мән дөңгелектері мен шиналары бар аспа бөліктерін, тежегіш тетіктерін, рульдік жетекті, реактивтік штангаларды, көлденең орнықтылық тұрақтандырғышын, алдыңғы ось балкасын қамтиды. «Жинақтағы артқы аспа - артқы ось» деген мән дөңгелектері мен шиналары бар дөңгелек аспаларын, тежегіш тетіктерін, артқы ось балкасын, реактивтік штангаларды, көлденең орнықтылық тұрақтандырғышын қамтиды.

Осы Қосымшаның 1, 3, 4 және 5-кестелерінің «Басқалары» деген жолдарындағы бөліктердің атауына аккумуляторлық батарея, радиатор, сұйықтық пен ауаны салқындатқыш, май радиаторы, ауа сүзгіші, отын бағы, газдар шығарылымының жүйесі және «Басқалары» деген аталған топқа жататын агрегаттар мен тораптар құнының өзге құрамдас бөліктері

жатады. Қосымша жабдық осы Қосымшаның 1, 3, 4 және 5-кестелерде көзделген агрегаттар мен тораптардың тізбесіне кірмейді.

6-кесте. Көлік құралының жарамды қалдықтарының зақымдану дәрежесін есептейтін коэффициент

$\sum_{i=1}^n \frac{y_i}{100}$	0,7 - 0,8	0,7 - 0,6	0,6 - 0,5	0,5 - 0,4	0,4 - 0,3	0,3 - 0,2	0,2 - 0,15
Кзақым	0,95	0,9	0,85	0,8	0,75	0,7	0,6

7-кестеде. Көлік құралының жарамды қалдықтарына жасалған сұраныс коэффициенті.

Көлік құралының жасы	Жарамды қалдықтарға сұраныс коэффициенті
6 жылға дейін	1,0 - 0,75
6 жылдан астам, бірақ 20 жылдан көп емес	0,85 - 0,3
20 жылдан жоғары	0,3 - 0,1

### Әртүрлі көлік құралының түрлеріне арналған аналогтарды іріктеу

Егер көлік құралдары бірдей болып табылса немесе аналогтарды іріктеу талап етілсе, бір немесе бірнеше тұтынушылық қасиеттеріне қарай (тағайындалуы, техникалық және пайдалану сипаттамалары) бір-бірінен аздап ерекшеленетін болса, олар аналогтар болып табылады.

Аналогтарды іріктеу кезінде бір елдің және өндірушілер фирмасының көлік құралына басымдық берген жөн. Аналогтарды іріктеу кезінде пайдаланылатын негізгі көрсеткіштер төменде берілген. Көрсеткіштер тізбесі міндетті болып табылмайды және шешілетін міндетіне сәйкес өзгеріп отырады:

1) мотоциклдер мен мопедтерге аналогтарды іріктеу кезіндегі көрсеткіштер:

тағайындалуы (жол, спортты, арнайы);

класы (аса шағын, шағын, орташа, үлкен);

жабдықтандырылған массасы;

қозғалтқыш көлемі;

қозғалтқыш қуаты;

дөңгелек формуласы;

отынның пайдалануға жұмсалуды;

ресурсы;

бесік арбаны қосу мүмкіндігі;

беріліс қорабының типі (механикалық, автоматты және өзгелері);

жиынтықталуы;

2) жеңіл автомобильдерге аналогтарды іріктеу кезіндегі көрсеткіштер:

тағайындалуы (коммерциялық, коммерциялық емес, арнайы);

толық массасы;

габариттері;

класы (аса шағын, шағын, орташа, үлкен);

шанақтың типі (седан, хэтчбек, универсал, кабриолет, родстер және өзгелері);

жетегінің типі (артқы, алдыңғы, толық және өзгелері);

қозғалтқыш қуаты;

қозғалтқыш көлемі;

отын түрі (бензин, дизельді отын, газ және өзгелері);

отынның пайдалануға жұмсалуды;

ресурсы;

беріліс қорабының типі (механикалық, автоматты және өзгелері);

жиынтықталуы;

3) автобустарға аналогтарды іріктеу кезіндегі көрсеткіштер:

тағайындалуы (қалалық, қаладан тысқары, жергілікті қатынас, қалааралық, туристік және өзгелері);

толық массасы;

габариттері; отыратын орындарға арналған орындар саны;

дөңгелек формуласы;

қозғалтқыш қуаты;

қозғалтқыш көлемі;

отын түрі (бензин, дизельді отын, газ және өзгелері);

отынның пайдалануға жұмсалуды;

ресурсы;  
беріліс қорабының типі (механикалық, автоматты және өзгелері);  
жиынтықталуы;  
4) жүк автомобильдеріне аналогтарды іріктеу кезіндегі көрсеткіштер:  
тағайындалуы (жалпы, мамандандырылған, арнайы);  
толық массасы;  
автопойыздың рұқсат берілген толық массасы;  
жүк көтерімділігі;  
шанақ типі;  
дөңгелек формуласы;  
қозғалтқыш қуаты;  
қозғалтқыш көлемі;  
отын түрі (бензин, дизельді отын, газ және өзгелері);  
отынның пайдалануға жұмсалуды;  
ресурсы;  
габариттері;  
дөңгелек базасы;  
құрастырушылық схемасы (капоттық, жартылай капоттық және капотсыз);  
кабинаның типі (бір немесе бірнеше орындықтар қатарымен, ұйықтайтын орындарының болуы);  
жүк кеңістігінің мөлшері;  
қосымша жабдықпен құрылымдалуы;  
қосымша жабдықтың негізгі сипаттамалары;  
5) тіркемелер мен жартылай тіркемелерге аналогтарды іріктеу кезіндегі көрсеткіштер:  
тағайындалуы (жалпы, мамандандырылған, арнайы);  
толық массасы;  
осьтердің саны;  
ресурсы;  
шанақ типі;  
жүк кеңістігінің мөлшері;  
қосымша жабдықпен құрылымдалуы;  
қосымша жабдықтың негізгі сипаттамалары.



### Көлік құралдары шанағының қисықтығын жіктеу

Шанақ қисықтығы - ойықтардың (терезелер, есіктер, капот, жүксалғыштың қақпағы) геометриялық өлшемдеріне рұқсат етілген шекті, сондай-ақ күш агрегатын нығайтудың базалық нүктелерін, шанақты көтеретін қаңқа негізінде трансмиссия аспалары (көпір) мен тораптарының орналасқан жерлері болып табылады.

Шанақ қисықтығын жою - ойықтардың (терезелер, есіктер, капот, жүксалғыштың қақпағы) геометриялық өлшемдерін, лонжерондарды, салонның қаңқасын және шасси тораптарын нығайтудың базалық нүктелерін қалпына келтіру болып табылады.

### Қисаюлардың іріленген жіктелуі

Қисаю типі	Қисаю типіне жататын негізгі қисаю түрлері
Қисайған жері күрделі емес	1) анындағы бір есік ойығының қисаюы; 2) желдеткіш терезесі ойығының қисаюы; 3) артқы терезе ойығының қисаюы; 4) капот ойығының қисаюы; 5) жүксалғыш қақпағының (артқы есіктер) ойығының қисаюы; 6) алдыңғы фараларының отыратын орынның (радиатор рамкаларының жанындағы бөлігінің) қисаюы.
Қисайған жері орташа күрделі	1) капот пен жүксалғыш қақпағының (артқы есіктер) ойықтарының бір мезгілде қисаюы; 2) жетегі артында болтын автомобильдер үшін шанақ қаңқасының геометриясын бұзбай алдыңғы лонжеронның қисаюы; 3) жетегі артында болтын автомобильдер үшін шанақ қаңқасының геометриясын бұзбай артқы лонжерондардың қисаюы; 4) жетегі алдында болатын автомобильдер үшін шанақ қаңқасының геометриясын бұзбай артқы лонжерондардың қисаюы.
Қисайған жері жоғары күрделі	1) шанақ қаңқасының геометриясын бұзбай алдыңғы және артқы лонжерондардың бір мезгілде қисаюы; 2) жетегі алдындағы автомобильдер үшін алдыңғы лонжерондардың шанақ қаңқасының геометриясын бұзбай қисаюы; 3) салон қаңқасының қисаюы; 4) шанақ қаңқасының қисаюы; 5) шанақтың оң немесе сол жағының (немесе екі жағынан да бірмезгілде) орталық тірегі аумағында төбе панеліндегі майысу.
Қисайған жері ерекше күрделі	1) алдыңғы шанақ лонжерондардың және шанақ (немесе салон) қаңқасының бір мезгілде қисаюы; 2) артқы лонжерондардың және шанақ (немесе салон) қаңқасының бір мезгілде қисаюы; 3) алдыңғы және артқы лонжерондардың және шанақ (немесе салон) қаңқасының бір мезгілде қисаюы.

### Көлік құралын бояу бойынша ұсынымдар

1. Көлік құралын қарау нәтижесінде мына фактілер анықталса, көлік құралдарының жекелеген элементтерін бояу бойынша жұмыстар белгіленбейді:

барлық элементте бұзылғанға дейін бояу болмаса;

элемент бұзылу аймағында ол бұзылғанға дейін бояу болмаса;

элемент бұзылғанға дейінгі бояуы көлік құралының базалық бояуына сәйкес келмеген (көлік құралдарын белгіленген тәртіпте регламенттелген арнайы графикалық безендіру немесе автомобиль аэрографиясы жағдайларын қоспағанда);

зақымдалған элементтің зақымдалу аймағында тесіп өткен тат іздері бар.

2. Егер зақымдалған элементте тесіп өткен тат іздері зақымдалу аймағынан тыс болса, онда элементтің зақымдалған аймағын ғана бояу белгіленеді.

3. Зақымдалу түріне байланысты элементті ішінара немесе тұтас бояу, көлік құралының сыртын немесе тұтас бояу белгіленеді. Көлік құралын бояу түрлерін белгілеудің сипаттамасы және талаптары мынадай кестеде келтірілген:

№	Бояу түрі	Сипаттамасы	Белгілеу талаптары
1	Көлік құралының элементін ішінара бояу	Көлік құралы элементінің сыртқы және ішкі бетін ішінара бояу	1. Көлік құралын шығарушы кәсіпорынның ұсынымдары бойынша. 2. Шығарушы кәсіпорынның ұсынымдары болмаған кезде: зақымдалу ауданы элемент ауданының 25 (жиырма бес) пайызынан көп емес; элементте бояудың нақты шекарасын бөлу ықтималдығы бар (ескі мен жаңа бояудың шекарасын бояп жасыратын қыры бар)
2	Көлік құралының элементін тұтас бояу	Көлік құралының шанағы элементінің сыртқы және ішкі бетін тұтас бояу	1. Зақымдалған элементті ауыстырған кезде орнатылатын жаңа элементті (жабыстырылатын немесе алынатын) бояу 2. Дәнекерленген, түзетілген, сондай-ақ дәнекерлеумен қосылу нәтижесінде бүлінген жер боялса, элементтерді бояу (жанасқан детальмен олардың бөліну көрінетін сызығына дейін)
3	Көлік құралының сыртын бояу	Көлік құралының моторлы бөлігін, жүксалғышын, салонын, капоттың ішкі бетін, жүксалғыштың есіктерін, қақпағын (артқы есігін); есіктердің қырын, есік ойықтары, жүксалғыштың су ағар науасын боямай, сыртқы	Келесі талаптарды бір мезгілде орындау: жөндеуге жататын көлік құралы маркасын (үлгісі, түрлендіру) жөндеу бойынша шығарушы кәсіпорынның нормативтік-техникалық құжаттамасында көлік құралының сыртын бояу бойынша жұмыстар жүргізу көзделген; алынбайтын элементтердің ғана алаңы

		бетін бояу	кіретін көлік құралының сырты боялатын жерінің 50 (елу) пайыздан астамын бояу қажет
4	Көлік құралын тұтас бояу	Көлік құралының сыртқы бетін, сондай-ақ салонның, жүксалғыштың және моторлы бөліктің ішкі бөлігін; капоттың, есіктердің, жүксалғыштың қақпағының (артқы есіктері); есіктердің сырты, есік ойықтарының, жүксалғыштың су ағарнауасының ішкі жағын бояу	Келесі талаптарды бір мезгілде орындау: жөндеуге жататын көлік құралы маркасын (үлгісі, түрлендіру) жөндеу бойынша шығарушы кәсіпорынның нормативтік-техникалық құжаттамасында көлік құралын тұтастай бояу бойынша жұмыстар жүргізу көзделген; алынбайтын элементтердің ғана алаңы кіретін көлік құралының боялатын жерінің 50 (елу) пайыздан астамын тұтас бояу қажет
5	Автомобиль аэрография	Зақымдалған элементтердегі суреттерді толығымен немесе оның бөлігін қалпына келтіру	Зақымдалған элементтерде автомобиль аэрографияның бар болуы

4. Бояуға арналған материалдардың құрамына бояу (эмаль), мөлдір лак, тығыздау, грунттау, тесік толтырғыштар, тастан қорғайтын мастика (қиыршық тастан қорғайтын жабу), қатайтқыш және еріткіш, тегістеу, тазалау және көмекші құралдар, боялмайтын жерлерді жабуға арналған материалдар, респираторлар, сұрту материалы кіреді.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

### **БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қаңтар

№ 16

#### ***Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізуі қағидаларын бекіту туралы***

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының **Заңын** іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізуі қағидалары бекітілсін.

2. Монетарлық операциялар және активтерді басқару департаменті (Молдабекова Ә.М.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 ақпаннан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2016 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 16 қаулысымен бекітілді

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің туынды қаржы  
құралдарымен операциялар жүргізуі  
қағидалары**

1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізуі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), 1995 жылғы 30 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң), 2003 жылғы 2 шілдедегі «Бағалы қағаздар рыногы туралы» (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын (бұдан әрі – ақша-кредит саясаты) жүргізуге, нарық конъюктурасының өзгеруінен болатын әлеуетті шығындар тәуекелін барынша азайтуға бағытталған шараларды әзірлеу және жүзеге асыру үшін және Ұлттық Банктің алтын-валюта активтері (бұдан әрі – алтын-валюта активтері) және Ұлттық қордың (бұдан әрі – Ұлттық қор) активтері портфельдерінің кірістілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізуі тәртібін айқындайды.

**1. Негізгі ережелер**

2. Қағидаларда Азаматтық кодексте, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделген, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) алтын-валюта активтері портфелі – Ұлттық Банк туралы **заңға** сәйкес алтын-валюта резервтерінен және өзге де активтерден тұратын портфель;

2) аутрайт мәмілесі – бір валютаны валюталау күні мәмілені жасау күнінен бөлек болатын басқа валютаға қарсы сатып алу туралы тараптар арасындағы келісім;

3) банкаралық нарық – ұйымдастырылмаған нарықта шетел валютасын және қаржы құралдарын сатып алу немесе/және сату операцияларын жүргізген кезде туындайтын қатынастар жиынтығы;

4) биржа нарығы – сауда-саттықтарды ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді, оларды тікелей өткізу арқылы жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелері пайдаланылатын қатынастар жиынтығы;

5) биржадан тыс банкаралық нарық – биржадан тыс нарықта шетел валютасын, және қаржы құралдарын сатып алу немесе/және сату операцияларын жүргізген кезде туындайтын қатынастар жиынтығы;

6) биржадан тыс нарық – бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың сауда-саттықты ұйымдастырушысының сауда жүйелері пайдаланылмайтын қатынастарының жиынтығы;

7) жинақтау портфелі – мақсаты ұзақмерзімді перспективада активтердің кірістілігін арттыру болып табылатын Ұлттық қор активтерінің портфелі;

8) кредиттік-дефолттық своп – туынды қаржы құралы, оған сәйкес кредиттік қорғауды сатушы белгілі кредиттік оқиға басталған жағдайда қарсы әріптестен базалық актив бойынша міндеттемелерді олардың номиналдық құны бойынша сатып алуға міндеттенеді, ал сатып алушы оның орнына кредиттік қорғауды сатушыға сыйлықақы төлейді;

9) кредиттік қорғау – эмитенттің кредиттік рейтингісінің ықтимал төмендеуінен немесе эмитенттің ықтимал дефолтынан сақтандыру;

10) кредиттік оқиға – қарыз алушының кредит қабілеттілігінің немесе қаржы құралының кредиттік сапасының өзгеруі;

11) кредиттік рейтинг – эмитенттің шамамен алғандағы кредит қабілеттілігін немесе оның бағалы қағаздарының сапасы мен сенімділігін белгілейтін бағаның жеке сандық және әріппен белгіленген көрсеткіші;

12) қарсы әріптес – Ұлттық Банк тиісті келісімдердің/шарттардың негізінде туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізетін/ мәмілелер жасайтын заңды тұлға;

13) мидл-офис – Ұлттық Банктің Монетарлық операциялар және активтерді басқару департаментінің қаржы нарықтарын және алтын-валюта активтерінің және Ұлттық қор портфельдерін талдауды жүзеге асыруға уәкілетті бөлімшесі;

14) опцион колл – опционның түрі, оған сәйкес бір тарап (опцион коллды сатушы) келешекте базалық активті басқа тараптан (опцион коллды сатушыдан) опцион коллдың (страйк) орындалу бағасы бойынша сатып алу құқығын басқа тарапқа (опцион коллды сатып алушыға) сатады;

15) опцион пут – опционның түрі, оған сәйкес бір тарап (опцион путты сатушы) келешекте базалық активті басқа тарапқа (опцион путты сатушыға) опцион путты (страйк) орындау бағасы бойынша сату құқығын басқа тарапқа (опцион путты сатып алушыға) сатады;

16) пайыздық мөлшерлеме – туынды қаржы құралын сатып алушы мәміледе айқындалған уақыт ішінде оны пайдаланғаны үшін төлейтін, пайызбен көрсетілген сома;

17) пайыздық своп – туынды қаржы құралы, оған сәйкес бір тарап басқа тарапқа белгіленген күні белгілі сомаға пайызды төлейді және басқа тараптан келісілген мөлшерлеме бойынша пайыз сомасына төлем алады;

18) портфель – қаржы құралдарының жиынтығы, оның ішінде қолма-қол валюта;

19) принципал – мәміле жасалатын номиналды сома, оның негізінде пайыздық мөлшерлеме бойынша төлемдер есептеледі;

20) свопцион – бір тарап (свопционды сатушы) басқа тарапқа (свопционды сатып алушыға) келешекте белгілі күні пайыздық своппен операция жасау құқығын сататын туынды қаржы құралы;

21) сыртқы қаржы нарығы – Қазақстан Республикасының резиденттері және Қазақстан Республикасының бейрезиденттері арасында шет мемлекетінің заңнамасына сәйкес мәмілелер жасау барысында қалыптасатын қатынастар жиынтығы;

22) тараптар – Ұлттық Банк және қарсы әріптес;

23) тұрақтандыру портфелі – мақсаты активтердің өтімділігін арттыру және қысқамерзімді перспективада кірістілікті ұлғайту болып табылатын Ұлттық қор активтерінің портфелі;

24) Ұлттық қордың портфелі – жинақтау және тұрақтандыру портфельдерінен тұратын портфель;

25) форвардтық пайыздық мөлшерлеме – тараптар келешекте құбылмалы және белгіленген пайыздық мөлшерлемелер негізінде төлемдермен алмасу туралы уағдаласатын мөлшерлеме;

26) форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт – туынды қаржы құралы, оған сәйкес бір тарап (форвардтық пайыздық мөлшерлесі бар шартты сатушы) басқа тарапқа (форвардтық пайыздық мөлшерлесі бар шартты сатып алушыға) базалық активті форвардтық пайыздық мөлшерлеме бойынша сатып алу немесе сату құқығын сатады;

27) фронт-офис – Ұлттық Банктің Монетарлық операциялар және активтерді басқару департаментінің туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшесі;

28) ішкі қаржы нарығы – Қазақстан Республикасы резиденттерінің арасында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәмілелер жасау барысында қалыптасатын қатынастар жиынтығы;

29) «Reuters Dealing», «Bloomberg», «Barra» жүйелері – мәмілелер жасау мақсатында пайдаланушыларының арасында байланыс жүзеге асырылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етулер мен жабдықтар кешендері;

30) GOFO (Gold Forward Offered Rate) – қарсы әріптестер американдық доллардың орнына алтын беруге дайын болатын алтынмен мәмілелер бойынша форвардтық пайыздық мөлшерлеме;

31) LIBOR (London Interbank Offered Rate) – лондондық банкаралық нарықта әртүрлі валюталармен және әртүрлі мерзімдерге қаражат беруді ұсынатын банктер беретін банкаралық кредиттер бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме.

3. Ұлттық Банк туынды қаржы құралдарымен операцияларды ұлттық валютада да, шетел валютасында да жүргізеді.

4. Ұлттық Банк туынды қаржы құралдарымен операцияларды нарық конъюктурасының өзгеруінен болған әлеуетті зиян тәуекелін азайту мақсатында, сондай-ақ алтын-валюта активтері және Ұлттық қор активтері портфельдерінің кірістілігін арттыру мақсатында жүргізеді.

Ұлттық Банк своппен операцияларды валюталық, пайыздық және кредиттік тәуекелдерді төмендету, аутрайт мәмілелерін жүргізген кезде базалық активте өтімділікті ұстап тұру, сондай-ақ олар бойынша ашық позицияларды ұзарту үшін жүргізеді.

Форвардпен және опционмен операциялар нарықтағы бағаның жағымсыз өзгеруі салдарынан ықтимал жоғалтулардан хеджирлеу мақсатында жүргізіледі.

Пайыздық своппен және форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт бойынша операциялар пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгеруінен хеджирлеу және депозиттерді орналастырумен байланысты кредиттік тәуекелді барынша азайта отырып, ұзақмерзімді кезеңде неғұрлым жоғары кірістілік алу мақсатында жүргізіледі. Сондай-ақ, пайыздық своппен операциялар бағалы қағаздармен, валютамен және алтынмен активтердің кірістілігін арттыру не ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде пайдаланылады.

Фьючерспен операциялар алтын-валюта активтері мен Ұлттық қордың активтері портфельдерін бағалы қағаздардағы, валютадағы және алтындағы пайыздық тәуекелден хеджирлеу, сондай-ақ бағалы қағаздармен, валютамен және алтынмен активтердің кірістілігін арттыру мақсатында жүргізіледі.

Свопционмен операциялар пайыздық своптар бойынша ашық позицияларды хеджирлеу және бағалы қағаздармен, валютамен және алтынмен активтердің кірістілігін арттыру мақсатында жүргізіледі.

5. Ұлттық Банк туынды қаржы құралдарымен операцияларды шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтермен операциялар шеңберінде сыртқы қаржы нарығында жүргізеді.

6. Ішкі қаржы нарығында туынды қаржы құралдарымен операциялар мәмілелер жасау туралы келісімдердің негізінде Ұлттық Банк пен қарсы әріптестің арасында жүргізіледі.

7. Тараптар мәмілелерді биржадан тыс банкаралық нарықта телефон байланысы, «Reuters Dealing», «Bloomberg», «Barra» жүйесі арқылы, биржа нарығында биржаның сауда жүйесі немесе қарсы әріптес банк арқылы жасайды.

8. Қарсы әріптестерден келіп түскен ұсыныстарды және баға белгілеулерді салыстырып талдауды, деректердің (валюта бағамдары, пайыздық мөлшерлемелер) болжамдық мәндерін айқындауды, туынды қаржы құралдарымен операцияларды фронт-офис жүргізеді.

9. Ұлттық Банк сатып алған туынды қаржы құралдарын бағалауды мидл-офис «Reuters Dealing», «Bloomberg», «Barra» жүйелерінің, сондай-ақ кастодиандар мен қарсы әріптестердің деректері негізінде жүзеге асырады.

## **2. Своппен және форвардпен операциялар жүргізу тәртібі**

10. Своппен немесе форвардпен операциялар жүргізген кезде тарап басқа тараптан мәміленің негізгі талаптарын (мәміленің валютасын және қарсы валютасын, спот бағамын, форвард бағасын, форвард бағам-аутрайтты, мәміле мерзімін, мәміле бойынша валюталандыру күнін) көрсете отырып, бағалы қағаздармен операциялар бойынша валютамен мәмілелер бойынша форвард (своп) тармақтарын немесе форвард бағаларын белгілеуді сұратады.

11. Қағидалардың 10-тармағында көзделген форвард операциялары бойынша жасалатын мәмілелердің негізгі талаптары тараптар арасында келіссөздер жүргізу барысында келісіледі.

12. Форвард операциялары бойынша жасалатын мәмілелер жасалғаннан кейін дилер Қағидалардың 10-тармағында көзделген мәмілелердің негізгі талаптары көрсетілетін мәміле паспортын дайындайды.

## **3. Форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт бойынша операциялар жүргізу тәртібі**

13. Форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт бойынша операциялар бойынша белгіленген пайыздық мөлшерлеме мәміле жасалған сәтте, ал өзгермелі пайыздық мөлшерлеме болашақта айқындалады.

14. Сыртқы қаржы нарығында форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт бойынша операциялар жүргізген кезде тарап басқа тараптан белгіленген пайыздық мөлшерлемені белгілеуді сұратады және мәміленің негізгі шарттарын (мәміле түрін (сатып алу/сату), мәміле валютасын, белгіленген пайыздық мөлшерлемені, форвардтық кезеңін (мәміле жасалған күннен бастап фиксинг күніне дейінгі уақыт кезеңі) және депозиттік кезең (фиксинг күнінен бастап мәміленің аяқталған күніне дейінгі уақыт кезеңі), мәміленің жасалған күнін, фиксинг күнін (ағымдағы нарықтық спот мөлшерлемесі анықталған күнді) мәміле бойынша валюталандыру күнін (мәміле бойынша есеп айырысуды жүргізу күнін), мәміленің аяқталған күнін, есеп айырысу үшін базаны) айқындайды.

15. Қағидалардың 14-тармағында көзделген форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт бойынша мәмілелердің негізгі талаптары тараптар арасында келіссөздер жүргізу барысында келісіледі.

16. Форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт бойынша операциялар бойынша пайыздық мөлшерлеме уақыт кезеңі арқылы пайыздық кезеңге белгіленетін форвард мөлшерлемесін білдіреді. Форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт бойынша операциялар бойынша пайыздық мөлшерлеме банкаралық нарықта айқындалады.

17. Форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт бойынша операциялар бойынша есеп айырысулар белгіленген пайыздық мөлшерлеме мен нарықта ағымдағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, базалық актив сомасы (принципал) бойынша есептелетін ағымдағы пайыздық мәміле арасындағы айырманы төлеу арқылы депозиттік кезеңнің басында (бағалы қағаздар үшін LIBOR мөлшерлеме бойынша, алтын үшін (LIBOR, GOFO) мөлшерлеме бойынша) форвард кезеңі аяқталған сәтке (дисконттау кезеңі депозит мерзіміне тең) жүзеге асырылады.

18. Жасалған мәміле бойынша өтемақы төлемдерінің сомасы мына формула бойынша есептеледі:



$$\frac{\text{Принципал} \times (R_s - R_f) \times T / D}{1 + R_s \times T/D}$$

мұнда, Принципал – форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт бойынша операциялар бойынша номиналдық сомасы;

$R_s$  – ағымдағы өзгермелі мөлшерлеме;

$R_f$  – форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт бойынша операциялар бойынша белгіленген мөлшерлеме;

$D$  – бір жылдағы күн саны (фунт стерлингті қоспағанда барлық валюта үшін 360 күн, фунт стерлинг үшін – 365 күн);

$T$  – депозиттік кезең - форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт бойынша операциялар шеңберінде форвард мөлшерлемесі есептелген уақыт.

19. Форвардтық пайыздық мөлшерлемесі бар шарт бойынша операциялар жүргізілгеннен кейін дилер Қағидалардың 14-тармағында көзделген мәмілелердің негізгі талаптары көрсетілетін мәміле паспортын дайындайды.

#### **4. Пайыздық своппен операциялар жүргізу тәртібі**

20. Пайыздық своппен операциялар жүргізген кезде тарап басқа тараптан базалық актив бойынша белгіленген пайыздық мөлшерлемені белгілеуді сұратады, мәміленің негізгі талаптарын (мәміле валютасын, мәміле кезеңін, пайыздық кезеңдерді, мәміле жасалған және аяқталған күнді, белгіленген мөлшерлемені және LIBOR, GOFO мөлшерлемені (алтынмен пайыздық своп бойынша мәмілелер үшін), есеп айырысу үшін базаны) айқындайды.

21. Қағидалардың 20-тармағында көзделген пайыздық своппен мәмілелердің негізгі талаптары тараптар арасында келіссөздер жүргізу барысында келісіледі.

22. Пайыздық своппен операцияларды жүргізген кезде, тараптар өзгермелі және белгіленген мөлшерлемелер негізінде төлемдермен алмасады. Төлемдер сомасы принципал негізінде есептеледі.

23. Пайыздық своппен операциялар жүргізілгеннен кейін дилер Қағидалардың **20-тармағында** көзделген мәмілелердің негізгі талаптары көрсетілетін мәміле паспортын дайындайды.

#### **5. Кредиттік-дефолттық своппен операциялар жүргізу тәртібі**

24. Кредиттік-дефолттық своппен операциялар жүргізген кезде тарап сатып алушыдан (сатушыдан) баға, сыйлықақы туралы мәліметтерді кредиттік қорғауды сұратады және мәміленің негізгі талаптарын (мәміле валютасын, мәміле кезеңін, базалық активтің атауын, сыйлықақы мөлшерін, сыйлықақы төлеу кезеңдерін, мәміле жасалған және аяқталған күндерді, кредиттік ахуал туындаған жағдайда кредиттік қорғауды сатушы сатып алатын активтердің сипатын) айқындайды. Сыйлықақы мәміле сомасынан пайыздық арақатынаста көрсетіледі.

25. Қағидалардың 24-тармағында көзделген кредиттік-дефолттық своппен операциялардың негізгі талаптары тараптар арасында келіссөздер жүргізу барысында келісіледі.

26. Кредиттік-дефолттық своппен операциялар жүргізілгеннен кейін дилер Қағидалардың 24-тармағында көзделген мәмілелердің негізгі талаптары көрсетілетін мәміле паспортын дайындайды.

#### **6. Опционмен операциялар жүргізу тәртібі**

27. Тарап биржадан тыс нарықта опционмен операциялар жүргізген кезде басқа тараптан опцион бағасын (сыйлықақысын) көрсетуді сұратады, мәміленің негізгі талаптарын (опционның түрін, опционның типін (колл, пут немесе олардың комбинациясын), базалық актив және мәміле валютасын, мәміленің негізгі сомасын, орындау бағасын (страйк), сыйлықақы мөлшерін, орындау күнін, валюталандыру күнін) айқындайды.

28. Биржалық нарықта опционмен операциялар жүргізген кезде тараптар сыйлықақы мөлшерін, валюталандыру күнін, сондай-ақ опционның осы түрі үшін өзге де стандартты талаптарды келіседі.

29. Сыйлықақы мәміленің базалық активі номиналынан базистік тармақтармен немесе базалық актив бағасына пайызбен (орындау бағасы) көрсетіледі және мәміле талаптарына сәйкес мәміле жасау күні төленеді.

30. Қағидалардың 27-тармағында көзделген биржадан тыс нарықта опционмен операциялардың негізгі талаптары тараптар арасында жүргізілген келіссөздер барысында келісіледі.

31. Опцион путтың және опцион коллдың комбинациясы осы мәмілелердің нетто-позициясы бойынша бағаланады.

32. Опционды орындау кезінде сатып алушы сатушыға опционның орындалғаны туралы хабарламаны «Reuters Dealing», «Bloomberg», «Barr» жүйесі және байланыстың басқа да құралдары арқылы ұсынады.

33. Опционмен операциялар жүргізілгеннен кейін дилер Қағидалардың 27-тармағында көзделген мәмілелердің негізгі талаптары көрсетілетін мәміле паспортын дайындайды.

## **7. Свопционмен операциялар жүргізу тәртібі**

34. Свопционмен операциялар жүргізген кезде тарап басқа тараптан Қағидалардың 27-тармақтарына сәйкес мәміленің негізгі талаптарын сұратады және келіседі, ал мәміле орындалған жағдайда сатушыға Қағидалардың 32-тармағына сәйкес хабарлама ұсынады.

35. Свопционмен операциялар бойынша жасалатын мәмілелер орындалған жағдайда свопцион пайыздық свопка айырбасталады, ал свопционды орындау бағасы - бұл пайыздық своп бойынша белгіленген мөлшерлеме.

36. Свопционмен операциялар жүргізілгеннен кейін дилер Қағидалардың 27-тармағында көзделген мәміленің негізгі талаптары көрсетілетін мәміле паспортын дайындайды.

## **8. Фьючерспен операциялар жүргізу тәртібі**

37. Сыртқы қаржы нарығында фьючерспен операциялар жүргізілген кезде тарап басқа тараптан баға белгілеуді сұратады не фьючерспен операциялар бойынша жасалатын мәмілені орындауға өтінім береді және мәміленің негізгі талаптарын (фьючерстің түрін (мәміленің базалық активін), мәміле типін (сатып алу/сату), фьючерс валютасын, мәміле санын, мәміле сомасын, сатып алу/сату бағасын, мәмілені валюталандыру күнін, фьючерсті өтеу күнін) айқындайды.

38. Фьючерсті сатып алу бойынша операциялар жүргізген кезде бір тарап операциялар бойынша мәмілелерді орындау мерзімі болған кезде басқа тараптан базалық активті сатып алуға және осы фьючерспен операциялар үшін белгіленген тәртіпке сәйкес сатып алу бағасына сай ақша төлеуге міндеттеме қабылдайды.

39. Фьючерсті сату бойынша операциялар жүргізген кезде бір тарап операциялар бойынша мәмілелерді орындау мерзімі болған кезде басқа тарапқа базалық активті сатуға және келісілген сату бағасы бойынша ақша алуға міндеттеме қабылдайды.

40. Фьючерспен операциялар бойынша жеткізу үшін бағалы қағаздардың көлемін анықтау мақсатында осы бағалы қағазды жеткізу бағасы айқындалатын айырбастау коэффициенті қолданылады:

$$K = PV / P$$

K – Айырбастау коэффициенті

PV – Бағалы қағаздардың болашақ ақша ағындарының ағымдағы құны

P – Паритет бойынша құны

$$DP = K \times FP$$

DP – Жеткізу бағасы

FP – Фьючерс бағасы.

41. Фьючерспен операциялар жүргізілгеннен кейін дилер Қағидалардың 37-тармағында көзделген мәмілелердің негізгі талаптары көрсетілетін мәміле паспортын дайындайды

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

### **БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қаңтар

№ 18

#### ***Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруы қағидаларын бекіту туралы***

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруы қағидалары бекітілсін.

2. Монетарлық операциялар және активтерді басқару департаменті (Молдабекова Ә.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы 1 алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 ақпаннан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруы қағидаларын бекіту туралы

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің клиенттердің активтерін  
сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруы  
қағидалары**

1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруына қолданылмайды.

**1. Жалпы ережелер**

3. Ұлттық Банктің клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) және 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), Ұлттық Банк туралы заңға және Қағидаларға сәйкес реттеледі және жүзеге асырылады.

4. Азаматтық кодекспен, Ұлттық Банк туралы заңмен, Қағидалармен реттелмеген бөлігінде Ұлттық Банктің клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметі Ұлттық Банктің ішкі құжаттарымен және клиенттің активтерін сенімгерлік басқару шарттарымен (бұдан әрі – сенімгерлік басқару шарты) реттеледі.

5. Қағидаларда Азаматтық кодексте көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) активтер – клиентке тиесілі ақша мен қаржы құралдары;
- 2) бағалы қағаздар – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған шетелдік эмитенттердің, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары;
- 3) бэнчмарк – клиенттің стратегиялық мүдделерін көрсететін, клиент эталон ретінде таңдайтын қаржы құралдарының немесе индикативтік көрсеткіштердің жиынтығы. Бэнчмарк кірістілігі активтерді басқару кірістілігін бағалау шамасы болып табылады;
- 4) инвестициялық көкжиек – клиенттің активтерін инвестициялау нәтижесі айқындалатын уақыт аяқталғаннан кейінгі уақыт бөлігі;
- 5) инвестициялық кіріс – активтерді инвестициялау нәтижесінде алынған олардың өсімі;
- 6) клиент – Ұлттық Банкпен сенімгерлік басқару шартын жасасқан заңды тұлға;

- 7) клиенттің портфелі – клиенттің ақшасы мен қаржы құралдарының жиынтығы;
  - 8) мүдделер қақтығысы – Ұлттық Банк пен оның клиентінің мүдделері өзара сәйкес келмейтін, бірмезгілде Ұлттық Банк сенімгерлік басқарушы да, операция/мәміле тарапы да болатын жағдай;
  - 9) стратегиялық мүдделер – кірістіліктің қалаулы деңгейі және тәуекелге тағаттылық таныту;
  - 10) сыртқы қаржы нарығы – шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері мен Қазақстан Республикасының бейрезиденттері арасында мәмілелер жасау барысында қалыптасатын қатынастар жиынтығы;
  - 11) уәкілетті бөлімшелер – Ұлттық Банктің клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру бойынша функциялар жүктелген бөлімшелері;
  - 12) үстеме кірістілік – нақты қол жеткізілген кірістілік деңгейі мен бэнчмарк кірістілігі деңгейінің арасындағы айырма;
  - 13) ішкі қаржы нарығы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің арасында мәмілелер жасау барысында қалыптасатын қатынастар жиынтығы.
6. Клиенттің активтерімен мәмілелерді Ұлттық Банк ішкі қаржы нарығында да, сыртқы қаржы нарығында да клиенттің есебінен және соның мүддесі үшін жасайды.

## **2. Клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызметті жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті бөлімшелердің функциялары**

7. Ұлттық Банк клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асырған кезде мынадай функцияларды орындайды:
- 1) клиенттермен сенімгерлік басқару шарттарын дайындайды және жасайды;
  - 2) клиенттердің активтерімен мәмілелерді олардың есебінен және олардың мүддесі үшін өз атынан жасайды және орындайды;
  - 3) сенімгерлік басқарудағы активтерді қосалқы есепке алуды жүзеге асырады;
  - 4) клиентке сенімгерлік басқару шартында көзделген мерзімдерде және тәртіппен клиенттің активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты ақпаратты ұсынады;
  - 5) Ұлттық Банктің есепке алу жүйесінің деректерін клиенттің, кастодианның, орталық депозитарийдің және/немесе тіркеушінің деректеріне сәйкестігін салыстырып тексеруді жүзеге асырады;
  - 6) клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару бойынша Азаматтық кодексте және сенімгерлік басқару шартында белгіленген құқықтардың шектеулерін сақтайды;
  - 7) сенімгерлік басқару шарты бойынша ақпараттық, консультациялық және басқа да қызмет түрлерін көрсетеді.
8. Клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі мәмілелерді жасауға және орындауға ағымдағы бақылауды уәкілетті бөлімшелердің басшылары жүзеге асырады.

## **3. Ұлттық Банктің клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметін жүзеге асыру тәртібі**

9. Ұлттық Банктің клиенттің активтерін сенімгерлік басқаруды тиімді жүзеге асыруы мақсатында клиент дербес немесе Ұлттық Банкпен бірлесіп активтерді басқарудың инвестициялық стратегиясын және бэнчмарк құрылымын айқындайды.

10. Ұлттық Банктің клиенттің активтерін сенімгерлік басқаруға қабылдауы Ұлттық Банк Басқармасының қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

11. Әлеуетті клиент сенімгерлік басқару шартын жасау мақсатында Ұлттық Банкке мынадай құжаттарды ұсынады:

1) клиенттің жазбаша сұратуларға қол қоюға уәкілетті қызметкерлерінің қол қою үлгілері және мөр (ол бар болса) бедері бар нотариат куәландырған құжат үш данада;

2) клиент-заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі;

3) егер Ұлттық Банктің клиенттің активтерін сенімгерлік басқаруы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тікелей көзделмесе, клиенттің уәкілетті органының Ұлттық Банкке активтерді сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімінің көшірмесі;

4) жарғы не оның нотариат куәландырған көшірмесі, ал егер клиент өз қызметін үлгі жарғы негізінде жүзеге асырса – қызметін үлгі жарғы негізінде жүзеге асыру фактісін растайтын құжаттар.

12. Сенімгерлік басқару шарты Қағидаларға қосымшаға сәйкес Ұлттық Банк пен клиент арасында жазбаша нысанда жасалады. Тараптардың келісуі бойынша сенімгерлік басқару шартына Қағидаларға қайшы келмейтін қосымша талаптар енгізіледі.

13. Сенімгерлік басқару шартын оны жасасқан күннен кейін 14 (он төрт) жұмыс күнінен кешіктірмей кейіннен сенімгерлік басқару шартының түпнұсқаларымен алмаса отырып факсимильді көшірмелермен алмасу жолымен жасауға жол беріледі



## Клиенттің активтерін сенімгерлік басқару шарты

Алматы қаласы

20\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республикалық мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі «Ұлттық Банк» деп аталады, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы негізінде іс-әрекет жасайтын \_\_\_\_\_ арқылы, бір жағынан, және \_\_\_\_\_, бұдан әрі «Клиент» деп аталады, \_\_\_\_\_ негізінде іс-әрекет жасайтын \_\_\_\_\_ арқылы, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке «Тарап» деп аталады немесе жоғарыда көрсетілгендей Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруы қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) басшылыққа ала отырып төмендегілер жайында осы Клиенттердің активтерін сенімгерлік басқару шартын (бұдан әрі – Шарт) жасады.

### 1. Шарттың мәні

1.1. Клиент Ұлттық Банкке активтерді береді, ал Ұлттық Банк өз атынан және Клиенттің мүддесі үшін оның иелік етуіне, пайдалануына және басқаруына берілген активтерді сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

1.2. Клиенттің сенімгерлік басқаруға берілетін активтерінің құрамы осы Шарттың 1-қосымшасында көзделген.

### 2. Негізгі ережелер

2.1. Ұлттық Банк активтерді тиісінше басқару мақсатында Клиент өз активтерімен қандай іс-әрекеттер жасай алатын болса сондай кез келген іс-әрекеттер жасауға құқылы, Ұлттық Банк инвестициялық шешімдерді нарықтық талаптарға және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 2-қосымшада көзделген Клиенттің инвестициялық стратегиясына (бұдан әрі – Клиенттің Инвестициялық стратегиясы) сәйкес өздігінен қабылдайды.

2.2. Клиенттің активтерін сенімгерлік басқару өз атынан және Клиенттің есебінен Клиенттің Инвестициялық стратегиясында рұқсат етілген қаржы құралдарымен мәміле жасау қажеттілігін болжайды.

2.3. Ұлттық Банк қызмет көрсету кезінде Клиенттің Инвестициялық стратегиясына және Шартқа сәйкес жасалатын мәмілелер бойынша кіріс алуға немесе шығынның болмауына кепілдік бермейді. Ұлттық Банк Клиенттің активтерін Клиенттің Инвестициялық стратегиясында рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялауға байланысты, оның ішінде үшінші тұлғалардың міндеттерін орындамауына, банкрот болуына немесе таратылуына байланысты қандай да бір шығын және/немесе кіріс алмағаны үшін жауапкершілік атқармайды.

2.4. Клиенттің Инвестициялық стратегиясының өлшемдерін анықтауды және талдауды Клиент Ұлттық Банкпен келісім бойынша жүргізеді.

2.5. Клиент Шарт бойынша пайда алушы болып табылады. Активтерді орналастырудан нақты алынған инвестициялық кіріс Ұлттық Банктің кірісі болып табылмайды және егер Шартта өзгеше көзделмесе, қайта инвестициялауға жатады.

2.6. Клиент сенімгерлік басқаруға берілетін активтерге үшінші тұлғалардың құқықтары жоқ екендігін растайды және кепілдік береді.

2.7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын іске асыру және активтерді сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру арасында мүдделер қақтығысы туындаған кезде біріншіге басымдық беріледі.

2.8. Ұлттық Банк Клиенттің өтініші негізінде ақшаны есепке алу үшін банк шотын, орталық депозитарийде бағалы қағаздарды есепке алу үшін ДЕПО жеке қосалқы шотын және Қазақстан Республикасының кастодиан-бейрезидентінде жеке шот ашады.

2.9. Ұлттық Банк Клиенттердің активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру кезеңінде Клиенттің Инвестициялық стратегиясы шеңберінде инвестициялық кірісті алу немесе олар бойынша тәуекелдерді және зияндарды барынша азайту мақсатында Клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша шешім қабылдайды.

2.10. Ұлттық Банк клиенттің активтерін сенімгерлік басқару тиімділігін клиенттің Инвестициялық стратегиясында белгіленген шектеулерді ескере отырып белгілі бір инвестициялық көкжиек үшін тиісті бэнчмарктарға қатысты Клиент портфелінің үстеме кірістілігін анықтау жолымен бағалайды.

2.11. Салықтар және төленетін басқа да міндетті төлемдер 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес төленеді.

### 3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Клиент Ұлттық Банкпен оның активтерін сенімгерлік басқарумен байланысты ақпаратты жазбаша сұратуға және алуға құқылы.

3.2. Клиент:

1) Ұлттық Банкке активтерді сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты ұсынуға;

2) Шарттың 5.3.-тармағында көзделген мерзімде Ұлттық Банкке Шарттың 5-тарауына сәйкес активтерді сенімгерлік басқарумен байланысты комиссиялық сыйақыны және шығыстарды төлеуге;

3) ай сайын, есептік айдан кейінгі айдың 10-на (онына) дейін Ұлттық Банкке қарсы салыстырып тексеру үшін:

сенімгерлік басқаруға берілген/сенімгерлік басқарудан алынған активтерді салыстырып тексеру актісін;

ақша қалдығын және айналысын салыстырып тексеру актісін;

көрсетілген қызмет үшін дебиторлық/кредиторлық берешекті салыстырып тексеру актісін;

көрсетілген қызмет үшін кірістерді/шығыстарды салыстырып тексеру актісін ұсынуға;

4) активтерді Шарттың 4-тарауының талаптарына сәйкес сенімгерлік басқарудан алу туралы жазбаша сұрату ұсынуға;

5) Ұлттық Банкпен келіскеннен кейін Клиенттің Инвестициялық стратегиясына өзгерістерді енгізуге;

6) өзгерістер енгізілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке Клиенттің Инвестициялық стратегиясына енгізілген барлық өзгерістер туралы хабарлауға;

7) Клиенттің Инвестициялық стратегиясы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келмегені үшін жауапты болуға міндеттенеді.

### 3.3. Ұлттық Банк:

1) Клиент Шарттың 5.3.-тармағын бұзған жағдайда, Клиенттің банк шотынан акцептсіз тәртіппен ақшаны алуға;

2) Клиенттен:

Клиенттің активтерін сенімгерлік басқарғаны үшін комиссиялық сыйақы төлеуді;

Ұлттық Банк Клиенттің активтерін сенімгерлік басқарумен байланысты шеккен нақты шығыстарын өтеуді;

Шарттың 6.1.-тармағына сәйкес өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

3.4. Ұлттық Банк Клиенттің Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы және шетел валютасындағы ақшасын олар Клиенттің портфеліне келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде инвестициялауға және/немесе қайта инвестициялауға міндеттенеді. Клиенттің кастодианда ашылған, тиісті үзінді-көшірмелермен расталған тиісті шоттарына ақша түскен күн Клиенттің портфеліне ақша түскен күн болып табылады.

## 4. Активтерді алу және толықтыру

4.1. Клиенттің активтерін толықтыру шектеусіз жүзеге асырылады.

4.2. Клиенттің активтерін толық немесе ішінара алу Клиенттің жазбаша сұратуы негізінде 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асыралады. Егер өзгешесі Клиенттің Инвестициялық стратегиясында көзделмесе, Клиент активтерді алу басталған күнге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын жазбаша сұратуды береді.

4.3. Клиенттің портфелін алу және толықтыру ақшамен де және қаржы құралдарымен де жүргізіледі. Қаржы құралдарымен көрсету бойынша алу/толықтыру сомасының есебіне қаржы құралдарының алу/толықтыру күніндегі нарықтық құны қабылданады.

## 5. Активтерді сенімгерлік басқарумен байланысты комиссиялық сыйақыны және шығыстарды төлеу

5.1. Клиент Ұлттық Банкке активтерді сенімгерлік басқару үшін қызметке Ұлттық Банктің тарифтеріне сәйкес ақы төлейді, сондай-ақ Ұлттық Банк Шарт бойынша қызмет көрсету кезінде нақты шеккен шығыстарын өтейді.

5.2. Ұлттық Банктің активтерді сенімгерлік басқарумен байланысты шығыстарына:

1) кастодиандардың, орталық депозитарийлердің, сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметтеріне ақы төлеу;

2) активтерді сенімгерлік басқарумен байланысты төлемдерді жүргізу бойынша шығыстар;

3) активтерді сенімгерлік басқару кезінде туындауы мүмкін басқа да шығыстар, оның ішінде оларды бағалау бойынша шығыстар жатады.

5.3. Ай сайын, Ұлттық Банктің шот-фактурасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Клиент Ұлттық Банкке комиссиялық сыйақы төлейді және Ұлттық Банк активтерді сенімгерлік басқарумен байланысты нақты шеккен шығыстарын өтейді.

## 6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Клиент Ұлттық Банкке комиссиялық сыйақы және көрсетілген қызмет үшін нақты шеккен шығыстарға Шартта көрсетілген мерзімде ақы төлеуді кешіктірген жағдайда, ол

Ұлттық Банкке ақы төлеген күнді қоспағанда әрбір кешіктірілген жұмыс күні үшін төленуге тиісті сомадан 0,01% (ноль бүтін жүзден бір пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлейді.

## 7. Төтенше жағдай

7.1. Дүлей күшке жататын табиғи апаттар, авариялар, өрт, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, әскери іс-қимылдар туындаған жағдайда, сондай-ақ осы Шартта көрсетілген қызмет түрлеріне тікелей немесе жанама тыйым салатын, Тараптардың Шарт бойынша өзінің функцияларын орындауына кедергі келтіретін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық және құқықтық актілерінің қабылдауы, егер зардап шеккен Тарап осындай жағдай туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей және байланыс болған кезде орын алған жағдай туралы басқа Тарапқа хабарласа, сондай-ақ төтенше жағдайлардың зардаптарын тезірек жою үшін барлық күш-жігерін жұмсаса өздеріне қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

7.2. Шарттың 7.1.-тармағында көрсетілген дүлей күш жағдайлары ықпал ету объектісі болған Тарап басқа Тараптың талап етуі бойынша болған оқиғалар туралы растайтын құжаттарды, сондай-ақ шеккен зиян көлемін есептеуге байланысты уәкілетті органның растаған кез келген құжаттаманы ұсынуға міндетті.

7.3. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауы дүлей күш жағдайлары орын алған уақытта тоқтатылады және олар аяқталғаннан кейін бірден қайта жаңғыртылады.

7.4. Шарттың 7.1.-тармағында көрсетілген дүлей күш жағдайлары тоқтатылғаннан кейін, Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастыруға міндетті.

## 8. Дауларды шешу тәртібі

8.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында туындаған келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

8.2. Егер Тараптар келіссөздер арқылы келісімге келмесе, реттелмеген барлық даулар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес сотта қаралады.

## 9. Шарттың қолданылу мерзімі

9.1. Осы Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және белгіленбеген мерзімге жасалады.

9.2. Әрбір Тарап басқа Тарапқа болжамды бұзылатын күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша ескерте отырып, осы Шартты бұзуға құқылы.

9.3. Осы Шарт бұзылған кезде Ұлттық Банк Шарт бұзылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сенімгерлік басқаруда тұрған активтерді Клиент көрсеткен шотқа аударады. Клиент 5 (бес) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке көрсетілген қызмет үшін комиссиялық сыйақы сомасын толық көлемде ақы төлеуге, сондай-ақ Ұлттық Банк Клиенттің активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты нақты шеккен шығыстарын өтеуге міндеттенеді.

## 10. Басқа да талаптар

10.1. Шарттың 10.2.-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шартқа өзгерістер Шартқа қосымша келісім жасау арқылы ресімделеді, оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

10.2. Тарап атауы, орналасқан жері, деректемелері өзгерген жағдайда, басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша хабарлауға міндетті.

10.3. Тараптар қайта құрылған жағдайда барлық құқықтары мен міндеттері Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

10.4. Шарт төрт түпнұсқа данада жасалды: екеуі мемлекеттік тілде және екеуі орыс тілінде, олардың екі данасы (бір мемлекеттік тілде және бір орыс тілінде) Ұлттық Банкте қалады және екі данасы (бір мемлекеттік тілде және бір орыс тілінде) Клиентке беріледі. Әрбір данасының заң күші бірдей.

10.5. Шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

#### 11. Тараптардың орналасқан жері және деректемелері

Ұлттық Банк

Клиент

Ұлттық Банктің атынан

Клиенттің атынан

Клиенттердің активтерін  
сенімгерлік басқару  
шартына 1-қосымша

Клиенттің сенімгерлік басқаруға берілетін активтерінің құрамы

Клиенттердің активтерін  
сенімгерлік басқару  
шартына 2-қосымша

Клиенттің Инвестициялық стратегиясы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қаңтар

№ 19

***Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен  
операцияларды жүргізуі қағидаларын бекіту туралы***

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен операцияларды жүргізуі қағидалары бекітілсін.

2. Монетарлық операциялар және активтерді басқару департаменті (Молдабекова Ә.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 ақпаннан бастап туындаған қатынастарға қолданылады

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2016 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 19 қаулысымен бекітілді

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел  
валютасымен операцияларды жүргізуі  
қағидалары**

Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен операцияларды жүргізуі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы (бұдан әрі – Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) қолма-қол шетел валютасымен операцияларды жүргізу тәртібін айқындайды.

**1. Жалпы ережелер**

1. Қағидаларда Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) банкаралық нарық – ұйымдастырылмаған нарықта қолма-қол шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату бойынша операцияларды жүзеге асыру кезінде туындайтын қатынастардың жиынтығы;

2) валюталау күні – жасалған мәміле бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру күні;

3) есеп айырысу бөлімшесі – қолма-қол шетел валютасын және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын сатып алу (сату) операциялары бойынша есеп айырысуды жүзеге асыратын Ұлттық Банк бөлімшесі;

4) жұмыс күні – Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдары қолма-қол шетел валютасымен операциялар жүргізу үшін ашық болатын уақыт кезеңі;

5) комиссиялық сыйақы – жеткізу мен сақтандыруды қоса алғанда, қолма-қол ақшаға айналдырғаны үшін алынатын ақы және өзге шығыстар;

6) қаржылық автоматтандырылған ақпарат тасымалдау жүйесі (бұдан әрі – ҚААТЖ) – жіберілетін құжаттаманы санкцияланбаған қол жеткізуден қорғай алатын арнайы байланыс арнасы;

7) қарсы әріптес – қолма-қол шетел валютасымен операциялар бойынша Ұлттық Банкпен жасалатын мәмілеге қатысушы;

8) қызметкер – Ұлттық Банктің, Орталықтың не Ұлттық Банктің аумақтық филиалының (бұдан әрі – Ұлттық Банк филиалы) қолма-қол шетел валютасымен операцияларды жүргізуге уәкілетті сауда, есеп айырысу бөлімшесінің жауапты қызметкері;

9) қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесі – қолма-қол шетел валютасын тасымалдауды және сақтауды үйлестіруді жүзеге асыратын Ұлттық Банк бөлімшесі;

10) қолма-қол шетел валютасымен операциялар – мәміле жасасу арқылы қолма-қол шетел валютасын сатып алу (сату);



11) мәміле күні – Ұлттық Банк пен қарсы әріптес арасында мәміле жасалған нақты күн;

12) Мәмілелер жасау туралы келісім – Ұлттық Банк пен қарсы әріптес арасында жасалатын келісім;

13) мәміле паспорты (трейд-тикет) – Қағидаларда белгіленген, өзінде көрсетілген өлшемдерге сәйкес мәміленің жасалғанын растайтын құжат;

14) операциялық күн – Ұлттық Банктің қолма-қол шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыратын уақыт кезеңі;

15) Орталық – Ұлттық Банктің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиалы);

16) сауда бөлімшесі – қолма-қол шетел валютасын сатып алу (сату) операцияларын жүзеге асыруға жауапты Ұлттық Банк бөлімшесі;

17) тасымалдаушы – Ұлттық Банк жүк тасымалдау жөніндегі қызметтерді алу туралы шарт жасасқан Қазақстан Республикасының бейрезидент-ұйымы;

18) Ұлттық Банк басшылығы – Ұлттық Банк Төрағасы, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасарлары;

19) Bloomberg, Reuters Dealing жүйелері – мәмілеледі жасау мақсатында пайдаланушылары арасында байланысты жүзеге асыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етулер мен жабдықтар кешендері;

20) CIF (Cost, Insurance, Paid to) – сатушы тасымалдау шартын жасасуға және тауарды келісілген жеткізу орнына жеткізу үшін қажетті тасымалдау шығыстарын көтеруге міндетті болатын талаптар. Сатушы тауардың тасымалдау кезінде жоғалу немесе бүліну тәуекелін өтейтін сақтандыру шартын да жасасады;

21) ISO – стандарттарды шығарумен айналысатын Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым;

22) SWIFT – ақпарат берудің халықаралық банкаралық жүйесі (Дүниежүзілік банкаралық қаржылық телекоммуникациялар қоғамы).

2. Сатып алынатын (сатылатын) қолма-қол шетел валютасы мынадай сипаттамаларға сәйкес келеді:

1) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10204 тіркелген «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 247 қаулысына (бұдан әрі – № 247 қаулы) сәйкес не эмиссиялық орауға оралған, айналысқа жіберуге жарамды сатып алынатын қолма-қол шетел валютасының банкноттары;

2) № 247 қаулыға сәйкес Орталықтың немесе Ұлттық Банк филиалының орауына не эмиссиялық орауға оралған, айналысқа жіберуге жарамды, сатылатын қолма-қол шетел валютасының банкноттары.

3. Айналыстан алынатын тозған, бүлінген, күмәнді банкноттар мен қолма-қол шетел валютасының банкноттарын, сондай-ақ ақау белгілері бар орауларды Ұлттық Банк қабылдамайды.

## **2. Ұлттық Банктің қолма-қол шетел валютасын сатып алу (сату) жөніндегі операцияларды жүргізу тәртібі**

### **1-параграф. Жалпы ережелер**

4. Қолма-қол шетел валютасын сатып алу (сату) жөніндегі операцияларды Қағидалардың осы тарауына және Мәмілелерді жасау туралы келісімге сәйкес сауда бөлімшесі жасайды.

5. Ұлттық Банк қолма-қол шетел валютасын қолма-қол ақшасыз шетел валютасына немесе Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына сатып алу (сату) жөніндегі операцияларды Bloomberg, Reuters Dealing жүйелері не SWIFT хабарлары арқылы банкаралық нарықта жүзеге асырады. Қарсы әріптесте мұндай жүйелер болмаған кезде мәміле паспортын (трейд-тикетті) міндетті түрде алмаса отырып, мәмілені жазып алатын телефонмен жасауға жол беріледі.

6. Қолма-қол шетел валютасын сатып алу (сату) кезінде мәміле паспортында (трейд-тикетте) тараптар мынадай өлшемдерді келіседі:

- 1) мәміле көлемі;
- 2) шетел валютасының атауы не ISO бойынша әріппен белгіленген коды;
- 3) бағасы және (немесе) комиссиялық сыйақы;
- 4) валюталау күні;
- 5) жеткізілетін күні;
- 6) мәміле күні;
- 7) жеткізілетін орны;
- 8) номиналы;
- 9) шетел валютасын не Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын есептеуге арналған тараптардың банктік деректемелері;

10) қарсы әріптестің атауы.

7. Орталықтың немесе Ұлттық Банк филиалының қызметкерлері қолма-қол шетел валютасын қабылдауды және оның мәміле паспортына (трейд-тикетке) сәйкестігін бастапқы тексеруді жүзеге асырады.

8. Сауда бөлімшесінің қызметкері әрбір жасалған мәмілеге мәміле паспортын (трейд-тикетті) оны кейіннен есеп айырысу бөлімшесіне бере отырып, қолма-қол шетел валютасы қабылданған (берілген күні) Астана қаласының уақытымен сағат 11:30-ға дейін, егер қолма-қол шетел валютасы қабылданған (берілген) күн мәміле күнінен кейінгі жұмыс күніне сәйкес келсе, Астана қаласының уақытымен сағат 16:30-ға дейін ресімдейді.

Орталықтың немесе Ұлттық Банк филиалының қызметкерлері қолма-қол шетел валютасын қабылдауды есеп айырысу бөлімшесінен ҚААТЖ бойынша алынған мәміле паспорты (трейд-тикет) негізінде жүзеге асырады.

Орталық немесе Ұлттық Банк филиалы қызметкерлерінің қолма-қол шетел валютасын қабылдауы бумалар мен түбіртектер бойынша және бумалар орауының тұтастығын тексере отырып, банкноттардың номиналы бойынша жүргізіледі. Қолма-қол шетел валютасының банкноттарын біртіндеп санау қолма-қол шетел валютасы қарсы әріптестен қабылданған күннен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Эмиссиялық ораудағы қолма-қол шетел валютасы қайта саналмайды.

9. Қолма-қол шетел валютасының банкноттарын біртіндеп санау кезінде кем шығу, артық шығу, ақау белгілері бар банкноттар анықталған жағдайда Орталық немесе Ұлттық Банк филиалы кассасының қызметкерлері № 247 қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларына 11-қосымшада белгіленген нысан бойынша кем шығу (артық шығу) туралы акті жасайды. Кем шығу (артық шығу) туралы актінің бір данасы кем шыққан, артық шыққан, ақаулы банкноттарды өтеу, ауыстыру жөнінде шаралар қабылдау үшін сауда бөлімшесіне жіберіледі.

10. Егер қолма-қол шетел валютасы қайтарылатын жағдайда, Орталық немесе Ұлттық Банктің филиалы қолма-қол шетел валютасын қайтару жөнінде шаралар қабылдау үшін сауда бөлімшесіне бұл факті туралы хабарлайды.

11. Қолма-қол шетел валютасының тозған, айналысқа жіберуге жарамсыз және ақау белгілері бар банкноттарын айырбастау Ұлттық Банк пен қарсы әріптес арасындағы келісім бойынша мәміле паспорты (трейд-тикет) негізінде жүргізіледі.

12. Орталықты немесе Ұлттық Банк филиалдарын қолма-қол шетел валютасымен нығайту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесі сауда бөлімшесінің нығайту туралы нұсқауына сәйкес жүзеге асырады.

## **2-параграф. Қарсы әріптестермен-Қазақстан Республикасының резиденттерімен жұмыс жүргізу тәртібі**

13. Қарсы әріптеспен-Қазақстан Республикасының резидентімен мәміле жасалған жағдайда Ұлттық Банктің қолма-қол шетел валютасын сатып алу (сату) жөніндегі операциялары мынадай талаптармен жүзеге асырылады:

1) қолма-қол шетел валютасының сатып алынғаны және сатылғаны үшін комиссиялық сыйақы Мәмілелер жасау туралы келісімге сәйкес алынады;

2) қарсы әріптес-Қазақстан Республикасының резиденті, егер мәміле паспортында (трейд-тикетте) өзгеше келісімесе, қолма-қол шетел валютасын Орталықтан (Орталыққа) немесе Ұлттық Банктің филиалынан (филиалына) өзі әкетуді (жеткізуді) жүзеге асырады;

3) Астана қаласының уақытымен сағат 11:00-ге дейін жасалған мәмілелер бойынша қолма-қол шетел валютасын Орталық немесе Ұлттық Банктің филиалдары мәміле жасалған күні не келесі жұмыс күні береді;

4) Астана қаласының уақытымен сағат 11:00-ден 16:00-ге дейін жасалған мәмілелер бойынша қолма-қол шетел валютасын Орталық немесе Ұлттық Банктің филиалдары келесі жұмыс күні береді;

5) Орталықтың немесе Ұлттық Банк филиалының қолма-қол шетел валютасын қабылдауы Орталықтың немесе Ұлттық Банк филиалының операциялық күнінің кестесіне сәйкес жүргізіледі.

14. Сауда бөлімшесінің уәкілетті қызметкері қол қойған мәміле паспортын (трейд-тикет) есеп айырысу бөлімшесі Орталыққа немесе Ұлттық Банктің филиалына қолма-қол шетел валютасы қабылданған (берілген) күні Астана қаласының уақытымен сағат 12:00-ге дейін, егер қолма-қол шетел валютасы қабылданған (берілген) күн мәміле күнінен кейінгі жұмыс күніне сәйкес келсе, Астана қаласының уақытымен сағат 17:00-ге дейін беріледі.

15. Орталық немесе Ұлттық Банктің филиалы есеп айырысу бөлімшесінен алынған мәміле паспортының (трейд-тикеттің) негізінде және қарсы әріптес-Қазақстан Республикасы резиденті уәкілетті адамының атына берілген сенімхат негізінде қолма-қол шетел валютасын қабылдауды (қарсы әріптес-Қазақстан Республикасының резидентіне беруді) жүргізеді.

Есеп айырысу бөлімшесі Орталыққа немесе Ұлттық Банктің филиалына мәміле паспортына (трейд-тикетке) қол қою құқығы бар сауда бөлімшесі қызметкерлерінің қол қою үлгілері бар құжатты ұсынады.

Мәміле паспортына (трейд-тикетке) қол қою құқығы бар қызметкерлердің қол қою үлгілері бар құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу сауда бөлімшесінің уәкілетті қызметкері ауысқан жағдайда жүзеге асырылады.

16. Қолма-қол шетел валютасын Орталықтың немесе Ұлттық Банк филиалының қызметкері Орталықтың немесе Ұлттық Банк филиалының операциялық күнінің кестесіне сәйкес толық бумалармен береді.

Қолма-қол шетел валютасын қарсы әріптестің-Қазақстан Республикасы резидентінің уәкілетті адамы кассадан алыстамай, Орталық немесе Ұлттық Банк филиалы қызметкерінің қатысуымен қайта санайды және бумалар мен түбіртектер бойынша тексереді.

Егер қолма-қол шетел валютасын қарсы әріптес-Қазақстан Республикасының резиденті Орталықтың немесе Ұлттық Банк филиалының арнайы бөлінген орнында емес, басқа жерде қайта санаса, қарсы әріптестің-Қазақстан Республикасы резидентінің өтініші

қаралмайды және қолма-қол шетел валютасын қайта санау, қалыптастыру, орау және беру жөніндегі шағымдарын Орталық немесе Ұлттық Банк филиалы қабылдамайды.

### **3-параграф. Қарсы әріптестермен-Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен жұмыс жүргізу тәртібі**

17. Қарсы әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезидентімен қолма-қол шетел валютасын сатып алу (сату) жөнінде мәміле жасалған жағдайда сауда бөлімшесі мәміле паспортына (трейд-тикетке) төмендегі құжаттардың бірін:

1) мәміле жасалатын қарсы әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезидентімен әңгіменің мәтінін;

2) мәміле жасалатын қарсы әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезидентіне SWIFT хабарлары арқылы жіберу үшін хабар мәтінін қоса береді.

18. Қолма-қол шетел валютасын қарсы әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезидентінен қолма-қол ақшасыз шетел валютасына сатып алу мынадай талаптармен жүзеге асырылады:

1) қолма-қол шетел валютасын жеткізу тараптардың келісімі бойынша Алматы қаласының әуежайына дейін немесе Орталықтың есіктеріне дейін не Ұлттық Банк филиалының есіктеріне дейін СІР (Cost, Insurance, Paid to) талаптарымен жүзеге асырылады;

2) қолма-қол шетел валютасының сипаттамалары және өлшемдері тараптардың келісімі бойынша айқындалады.

19. Қолма-қол шетел валютасы қарсы әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезидентіне қолма-қол ақшасыз шетел валютасына сатылған кезде қолма-қол шетел валютасын Ұлттық Банк қарсы әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезидентіне Орталықтың есіктерінен береді.

20. Қарсы әріптес-Қазақстан Республикасы бейрезидентінің және (немесе) тасымалдаушының қолма-қол шетел валютасын жеткізуі тараптардың келісімі бойынша халықаралық рейстердің кестесіне сәйкес Алматы қаласының әуежайына дейін не Орталықтың есіктеріне дейін не Ұлттық Банк филиалының есіктеріне дейін жүзеге асырылады. Жеткізілетін қолма-қол шетел валютасы (түсірілген күні, келген күні, рейс нөмірі, әуе жүк құжатының нөмірі, орын саны, салмағы, банкноттардың номиналы) туралы ақпарат қолма-қол шетел валютасын Орталыққа жеткізу рәсімдерін жүзеге асыру үшін сауда бөлімшесі және Орталық қызметкерлерінің рұқсат бары бар электрондық поштаға жүк келген күнге дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Қарсы әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезиденті немесе тасымалдаушы жүкті жеткізу талаптарын (қолма-қол шетел валютасының сомасы мен қабылданған күнін, әуе рейсінің нөмірін, әуе компаниясын) өзгерткен жағдайда сауда бөлімшесінің қызметкерлері бұл туралы факс, ҚААТЖ немесе электрондық пошта бойынша Орталыққа хабарлайды.

21. Орталықтың немесе Ұлттық Банк филиалының қызметкерлері банкноттарды бумалары мен түбіртектері бойынша және бумалар орауының тұтастығын тексере отырып, номиналы бойынша қабылдауды жүзеге асырады. Орауының тұтастығының бұзылғандығы анықталған жағдайда қолма-қол шетел валютасы Орталықтың инкассаторлар бригадасының қызметкерлері мүшелерінің бірінің қатысуымен (банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11772 тіркелген «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға лицензия беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 25 ақпандағы

№ 22 қаулысына сәйкес Ұлттық Банк берген лицензия негізінде іс-қимыл жасайтын, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым тартылған жағдайда, қолма-қол шетел валютасын біртіндеп қайта санау үшін Орталық немесе Ұлттық Банк филиалы қызметкерлерінен тұратын комиссия құрылады) біртіндеп қайта саналуға жатады.

22. Қолма-қол шетел валютасын Орталықтың немесе Ұлттық Банк филиалының қызметкері Орталықтың немесе Ұлттық Банк филиалының операциялық күнінің кестесіне сәйкес толық бумалармен береді. Қолма-қол шетел валютасын қарсы әріптестің-Қазақстан Республикасы бейрезидентінің уәкілетті адамы кассадан алыстамай, Орталық немесе Ұлттық Банк филиалы қызметкерінің қатысуымен қайта санайды және бумалар мен түбіртектер бойынша тексереді.

Егер қолма-қол шетел валютасын қарсы әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезиденті Орталықтың немесе Ұлттық Банк филиалының арнайы бөлінген орнында емес, басқа жерде қайта санаса, қарсы әріптестің-Қазақстан Республикасы бейрезидентінің өтініші қаралмайды және қолма-қол шетел валютасын қайта санау, қалыптастыру, орау және беру жөніндегі шағымдарын Орталық немесе Ұлттық Банк филиалы қабылдамайды

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

### БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қаңтар

№ 22

#### *Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің брокерлік қызметінің қағидаларын бекіту туралы*

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің брокерлік қызметінің қағидалары бекітілсін.

2. Монетарлық операциялар және активтерді басқару департаменті (Молдабекова Ә.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ. осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 ақпаннан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

## Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі брокерлік қызметінің қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі брокерлік қызметінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының қаржы нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының қаржы нарығындағы брокерлік қызметі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) және 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), Ұлттық Банк туралы заңның және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) талаптарымен реттеледі және жүзеге асырылады.

3. Ұлттық Банктің брокерлік қызметі деп клиенттің тапсырмасы бойынша, есебінен және мүддесінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға бағытталған қызмет түсініледі.

4. Қағидаларда Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар қолданылады:

1) биржа нарығы – сауда-саттықтарды тікелей жүргізу арқылы оларды ұйымдастыру және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын сауда-саттықтарды ұйымдастырушының сауда жүйелері пайдаланылатын қатынастардың жиынтығы;

2) биржадан тыс нарық – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының сауда-саттықтарды ұйымдастырушының сауда жүйелері пайдаланылмайтын қатынастарының жиынтығы;

3) есеп айырысу бөлімшесі – Ұлттық Банктің қаржы құралдарымен операциялар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыратын бөлімшесі;

4) инвестициялық кіріс – активтердің ақшалай көрсетілген, оларды инвестициялау нәтижесінде алынған өсімі;

5) клиент – Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес Ұлттық Банкпен брокерлік қызмет көрсету туралы шарт жасаған заңды тұлға;

6) клиенттің бұйрығы – қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға клиенттің нұсқауы бар өтінімі;

7) мүдделер қақтығысы – Ұлттық Банк бірмезгілде брокер және қаржы құралдарымен мәміленің тарабы болған кезде Ұлттық Банк пен оның клиентінің мүдделері өзара сәйкес келмейтін жағдай;

8) сауда бөлімшесі – Ұлттық Банктің қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыратын бөлімшесі;

9) сыртқы қаржы нарығы – шет мемлекеттік заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері және Қазақстан Республикасының бейрезиденттері арасында мәмілелер жасау процесінде қалыптасқан қатынастардың жиынтығы;

10) ішкі қаржы нарығы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері арасында мәмілелер жасау процесінде қалыптасқан қатынастардың жиынтығы.

## **2. Ұлттық Банк пен клиент арасында брокерлік қызмет көрсету туралы шарт жасау тәртібі**

5. Брокерлік қызмет көрсету туралы шартты Ұлттық Банк клиентпен Ұлттық Банк Басқармасының қаулысы негізінде қаржы құралдарымен өзара байланысты бір немесе бірнеше мәмілелер жасау мақсатында немесе клиентке брокерлік қызмет көрсету мақсатында жасайды.

6. Әлеуетті клиент брокерлік қызмет көрсету туралы шартты жасау үшін Ұлттық Банкке мынадай құжаттарды:

1) клиенттің бұйрығына қол қоюға уәкілетті әлеуетті клиенттің қызметкерлерінің қол қою үлгілері және мөр таңбасы (ол бар болса) бар нотариат куәландырған құжат үш данада;

2) клиент заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы не клиент заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін ұсынады.

7. Брокерлік қызмет көрсету туралы шарт Қазақстан Республикасының азаматтық заңнаманың және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның сәйкес жазбаша нысанда жасалады.

Брокерлік қызмет көрсету туралы шарт ол жасалғаннан кейін 14 (он төрт) жұмыс күнінен кешіктірілмей кейіннен брокерлік қызмет көрсету туралы шарттың түпнұсқасымен ауыстыра отырып, факсимильдік көшірмелерді алмасу арқылы жасауға рұқсат етіледі.

8. Ұлттық Банк брокерлік қызмет көрсету туралы шартты жасау кезінде әлеуетті клиентке мүдделер қақтығысының ықтимал туындауы туралы жазбаша хабарлайды.

Әлеуетті клиент брокерлік қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес жазбаша нысанда өзінің әлеуетті клиент және Ұлттық Банк бірмезгілде брокер және қаржы құралдарымен мәміленің тарабы болған жағдайда брокер ретінде Ұлттық Банк арасында мүдделер қақтығысының туындауы мүмкін екені туралы хабардар екенін Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүдделер қақтығысының бар екені туралы растаманы Ұлттық Банкке ұсыну арқылы растайды.

9. Әлеуетті клиентпен брокерлік қызмет көрсету туралы шартты әзірлеу мен жасауды және сыртқы қаржы нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер жасау үшін Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінде банк шоттарын ашуды сауда бөлімшесі жүзеге асырады.

Клиенттердің бұйрықтарын қабылдауды және Ұлттық Банктің атынан және клиенттердің атынан қаржы құралдарымен мәмілелер жасауды, брокерлік қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес хабарламалар беру мен брокерлік қызмет көрсетуді сауда бөлімшесі жүзеге асырады.



10. Ішкі қаржы нарығында қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау үшін ағымдағы шоттар, қосалқы шоттар, сондай-ақ қызмет көрсеткені үшін комиссиялар есептеу мен есептен шығару үшін шоттар ашуды, клиенттің қаржы құралдарын есепке алуды есеп айырысу бөлімшесі жүзеге асырады.

### **3. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасау тәртібі**

11. Клиент қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау үшін клиенттің Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұйрығы Ұлттық Банкке ұсынылады.

Клиенттің бұйрығына клиент немесе оның өкілі қол қояды, мөрдің бедерімен (ол бар болса) расталады және брокерлік қызмет көрсету туралы шартта белгіленген мерзімде екі данада Ұлттық Банкке ұсынылады.

12. Сауда бөлімшесі клиенттің бұйрығын алғаннан кейін клиенттің бұйрығына қол қойған тұлғаның өкілеттігін және клиент бұйрығының Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және клиент бұйрығының клиенттің алғаны туралы белгі қойылған екінші данасын қайтарады.

13. Сауда бөлімшесі:

- 1) Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген нысанға сәйкес келмеген;
- 2) қаржы құралдарымен мәміле Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес келмеген жағдайда;
- 3) клиенттің шотында мәміле орындау үшін қажетті ақша немесе қаржы құралдары болмаған жағдайда клиенттің бұйрығын орындауға қабылдамайды.

14. Ұлттық Банк брокерлік қызмет шеңберінде жасайтын қаржы құралдарымен мәмілелер биржалық және сол сияқты биржадан тыс нарықтарда жасалуға тиіс.

15. Сауда бөлімшесі тиісінше мәміленің жасалғаны расталғаннан кейін не клиенттің бұйрығын алғаннан кейін себептеріне көрсете отырып клиентке қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау туралы немесе жасауға мүмкін еместігі туралы уақтылы хабарлайды.

Мүдделер қақтығысының болуы жөнінде хабардар екені туралы растама

Клиент осымен брокерлік қызмет көрсету туралы жасалатын шарт бойынша мүдделер қақтығысының ықтимал туындауы туралы өзінің хабардар екендігін растайды және төменде баяндалған талаптарды толығымен қабылдайды.

Мүдделер қақтығысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) қаржы құралдарымен бір уақытта брокер және мәміленің тарабы (қарсы әріптес, сатушы/сатып алушы, мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитенті) болған жағдайда туындайды.

Ұлттық Банк мынадай жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын жүзеге асыру кезіндегі қаржы құралдарымен мәміленің тарабы болып табылады:

- 1) Ұлттық Банктің портфеліндегі мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу/сату кезінде;
- 2) Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын сатып алу/сату кезінде;
- 3) РЕПО мәмілелерін жасау кезінде (тура және кері);
- 4) депозиттер қабылдау кезінде;
- 5) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде;
- 6) шетелдік валютамен мәмілелер жасау кезінде;
- 7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын іске асыру мақсатында жасалатын өзге мәмілелер жасау кезінде.

Ұлттық Банк мүдделі тарап ретінде Клиентке мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда Клиент мүддесінің Ұлттық Банктің жүргізіп отырған мемлекеттік ақша-кредит саясатының мүддесінен жоғары қойылатынына кепілдік бермейді.

Ұлттық Банк Клиентке мүдделер қақтығысы орын алатын қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде ұсынымдар бермейді.

\_\_\_\_\_  
Тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)

\_\_\_\_\_  
Клиенттің қолы, күні және мөрі (болған жағдайда)

Нысан

Клиент бұйрығы

№ \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Клиент \_\_\_\_\_

Бағалы қағаздарға арналған депо қосалқы шот \_\_\_\_\_

Брокер (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі) жүргізілетін мынадай мәмілелерді  
жүзеге асыруды сұраймыз:

мәміле түрі \_\_\_\_\_

(сатып алу/сату, депозит, тікелей/кері РЕПО және тағы сол сияқты)

қаржы құралы \_\_\_\_\_

(валюта, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары және тағы сол сияқты)

қаржы құралының бағасы \_\_\_\_\_

(шамамен бағасы/бағамы/баға белгілеуі, баға/бағамы/баға белгілеу дәлізі)

сыйақы мөлшерлемесі (кірістілік) \_\_\_\_\_

қаржы құралының саны \_\_\_\_\_

мәміленің жалпы сомасы \_\_\_\_\_

депозитті орналастыру күні \_\_\_\_\_

депозит бойынша сыйақы сомасы \_\_\_\_\_

Клиенттің бұйрығын орындау мерзімі немесе күні \_\_\_\_\_

Клиенттің бұйрығының қолданылуының аяқталу уақыты \_\_\_\_\_

Деректемелер \_\_\_\_\_

Қосымша ақпарат (бағалы қағаздар бойынша):

Бағалы қағаздардың эмитенті \_\_\_\_\_

Ұлттық сәйкестендіру \_\_\_\_\_

Шығару күні \_\_\_\_\_ өтеу күні \_\_\_\_\_

Бірінші басшы \_\_\_\_\_ Тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ Тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде)

осы бөлікті сауда бөлімшесінің қызметкері толтырады:

\_\_\_\_\_ Клиенттің бұйрығын қабылдау күні және уақыты

\_\_\_\_\_ Мөр орны (болған кезде)

сауда бөлімшесі қызметкерінің тегі, аты

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қазан

№ 245

***«Delta Bank» акционерлік қоғамына банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу бөлігінде тоқтата тұралы***

Банктерді қадағалау департаментінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабы 2-тармағының б) тармақшасы, 48-бабы 1-тармағының з) және з-1) тармақшалары және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағының 31) тармақшасы негізінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасын:

- нормативтік құқықтық актілерді үнемі (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) бұзуда;

- уәкілетті орган белгілеген талаптарды тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің бар болуы бөлігінде сақтамауда көрініс тапқан бұзғаны үшін,

«Delta Bank» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Банк) банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 2007 жылғы 24 қазандағы № 213 лицензияның (бұдан әрі – Лицензия) қолданылуы жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу бөлігінде үш ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Банк осы қаулының көшірмесін алған күннен бастап Лицензияның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу бөлігінде қолданылуы тоқтатылып тұрған болып есептеледі.

2. Банкке:

1) Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұру мерзімі аяқталғанға дейін жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу бөлігінде ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізуге тыйым салынады;

2) 2016 жылғы 1 қарашадан бастап әрбір айдың оныншы күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің анықталған бұзушылықтарды жою бойынша жүргізген іс-шаралары туралы хабардар етсін.

3. Банктерді қадағалау департаменті (Қизатов О.Т.):

1) Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұруына байланысты Банктің қызметіне бақылау орнатсын;

2) осы қаулының көшірмесін:

Банкке орындау үшін;

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамына назарда ұстау үшін жіберсін;

3) қабылданған шешім туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсына орналастырсын.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) Банктерді қадағалау департаментінен

жариялауға өтінімді алғаннан кейін осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми басылымдарында жариялауға шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

6. Осы қаулының<sup>2</sup> орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

---

<sup>2</sup> «Delta Bank» акционерлік қоғамына банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу бөлігінде тоқтата тұралы